Ал түркі халықтарының өмір сүретін мекені табиғи дамуға, күш-куатының толысып, нығаюына толық мүмкіндік беретін қоңыржай далалық өлке еді. Бұндай кең өлкеде өмір-тіршілігіне көп күш жұмсауды қажет етпейтін мал шаруашылығы өте қолайлышты екені дау тудырмайды. Олар Нұқ (алайни с-салам) пайғамбар заманынан бері ұлан-ғайыр өлкеде емін-еркін тіршілік кешіп келе жатқан, отырықшылықты да, көшпелілікті де қатар ұстаған, мәдениеті дамыған, шумер иероглифінен бастау алып, көне түркі күл (руна) әліппіне дейін даму жолынан өткен жазуы бар өркениетті ел болды. Қытайдың бабалары түркілерге құл болып қызмет жасады. Олардан көп тәлім алды, олармен тұқым алмасып тегін асылданырды. Ұлттық тегін нығайтып, сөздеріне сай иероглифті жазуды қабылдап, барлық өздеріне қажетті мәліметтерді түркілерден алып, жазып отыруды үйренді. Сол әдет әлі күнге жалғасып келеді. Сөйтіп олар қазіргі деңгейге көтерілді.

Ұлы Көктүрік қағанатын құрушы тайпалардың ішінде қыпшақтың да үлесі бар деген пайымды тудыруға Мойын Шине Ус жазба ескерткішіндегі өшкен әріптегі қыбчақ деп қате болжаммен оқу себеп болған еді. Ол сөздің құнчақ болып оқылуы тиістігі (Бекжан: 2011, 13) жөнінде біз өз пікірімізді білдірген болатынбыз. Егер ол сөз қыбчақ болып жазылған болса, тек бір ғана жерде жазылып қалмайды, тағы да көптеген тұстарда жазылатыны сөзсіз. Бұл тұрғыда құнчақ елесімінің (этноним) көне түркі жазба ескерткіштерінің тағы да басқа жерінде жазылғаны белгілі болып отыр. Қыпшақ тайпасы Көктүрік қағанатын құрушылардың бірі болды деген ой жазушы-зерттеуші Қ.Салғараұлына (Салғараұлы: 2002, 199-201) Түркі қағанатының тарихын зерттеуге үлкен тұртқи болды десек қателеспейміз. Бұл еңбектер қыпшақ тайпасының Көктүрік қағанатын құруга қатысқанын дәлелдей алмаса да, қағанат тарихын зерттеуге қомақты үлес болып қосылғанын атап өтуіміз қажет.

Қ.Салғараұлының көктүріктер тарихына қатысты деректерді Қытай жазба ескерткіштерінен алып, өзінше жүйелеп, кітап етіп бастыруы, сөйтіп онымен қазақ зерттеушілерінің еркін танысуына жағдай жасауы үлкен құрметке лайық жұмыс деуге болады. Оның бұл деректерін Бумын-Боджман қағанның ата-тектерінің кім болғаны туралы еңбегімізде (Бекжан: 2010, 74-80) пайдаланған едік. Ол жолы тек Бумын-Боджман қаған туралы пікіріне зер салсақ, қазіргі жұмысымызда **Істемі жабғы** туралы пайымына тоқталып, көтерген мәселелері жайында тұжырым жасауды мақсат еттік. Ол мәселелердің бірі, әрі негізгісі **Істемі** есімінің дұрыс айтылуы және жазылуы тұрғысында болады. Қ.Салғараұлы өз еңбектерінде (Салғараұлы: 2008, 217-218) «Істемі есімі әртүрлі атальп жүр, соны бір ізге түсірейік, оның есімі Истімі, көне түркі жазба ескерткіштерінде солай жазылған, ол Батыс Түрік қағанаты құрамындағы он оқтың бірі, қазіргі қазақ тайпасы Ыстыға қатысты» деген пікір айтады. Сондай-ақ есімнің соңғы **мі** буыны үйсіннің **құн-ми** лауазымындағы **ми** бөлігімен сәйкес, ол қазақтың **би** сөзімен де түбірлес деген пікірін де білдірген. Оның Көктүрік қағанатын қыпшаққа қатыстыру ниетінің барлығына дәлел ретінде мына пікірін толық келтірейік: «Осы ретте қашан Түрік қағанаты құлаганша Истімі қағанның ұрпақтарының еншісінде

болған он оқ халқының біреуінің «ысты» аталатыны және оның таңбасының қағанаттың негізін қалаған ежелгі қыпшақ тайпаларының «көсөу» деп аталатын көне таңбасымен бірдей болуы да біраз ойға жетелейді. Тайпа атауының өзінің билеушісінің атымен атала беретіні де түрк халықтарында бар дәстүр». Жазушы-зерттеушінің «қыпшақ тайпасы Түрік қағанатын құруға қатысты» деген пікірі жоғарыда айтылғандай құнчак сөзінің қыпшақ болып жансақ оқылуынан туындаған. Сондай-ақ Бумын-Боджман қағанға қатысты еңбегімізде (Бекжан: 2011, 13) айтылғандай Истемі Боджман қағанның інісі болғандықтан, оның ысты мен қыпшақ тайпаларына қатысы жоқ.

Қ.Салғараұлының Түркі қағанаты туралы Қытай деректерінен алған мәліметтері өзге зерттеушілерге аз септігін тигізіп жатқан жоқ. Оның еңбектері Н.Л.Бичуриппенің және басқа да деректанушылардың еңбектеріне қосымша дереккөз ретінде пайдаланылып отыр. Қ.Салғараұлы өз еңбегінде (Салғараұлы: 2002, 199-201) Истемінің атының дұрыс жазылмай жүргені және оның қаған болғандығы немесе болмағандығы жайындағы үлкен мәселелерді шешуді өзі де мақсат еткен және ол туралы «Жаңа Таң кітабында» («Синтантшу»): «... үлкені – Тумын Или қаған (Ел қаганы), кішісі – Шідиәнми («Сідими» деп те атайды») (Салғараұлы: 2008, 201) деген дерек келтіреді. Бұл есім Н.Я.Бичурин еңбегінде (Бичурин: 1998, 294-299) екі жерде кездеседі. Онда «Жаңа Таң кітабындағыдай» кімнің баласы, кімнің інісі екені айтылмайды, тек Батыс Түркі қағанатында болған екі ханның бабасы ретінде түсіндіріледі. Біріншісінде: «Хэлү Шидяньми – ханның бесінші үрпағы еді» десе, екіншісінде: «Ашина Мише де Шидяньми – ханның бесінші үрпағы, ол мұрагерлік жолмен келе жатқан Мохәду Шеху болды» дейді. Мохәду – баһадүр, шеху – жабғу дегенді білдіреді. Бұл мұрагерлік жол Истеміден басталғаны аян және тек Истемі үрпақтары ғана мұрагер болады дегенді білдіреді. Ал Истемі-Шідиәнмиді хан деу кейінгі кездегі Батыс Түркі қағанатының жеке ел болған кездері жабғуды хан деп айтудаң қалыптасқан деп ойлаймыз.

Қ.Салғараұлы бір пікірінде: «Көне түркі жазбасында Истем сөзінде дауысты жазылмайды. Олай болса ол Истемі болып айтылуы керек қой» дейді. Бұл пікірінде ол өзінің көне түркі күл (руна) жазуының заңдылығын білмей пікір айтып отырғанын сезбейді. Оның пікірінше оқысақ, онда есімді Истемі деп те оқуға болады. Көне түркі күл жазуының заңдылығы бойынша Т әрпінен кейін Е әрпін де қойып оқуға болады. Бұл жерде бұрынғы зерттеушілер түркі тіліндегі есімдердің айтылуына зер салып, соған сәйкес келетін дыбысты қоюға тырысқан деп ойлауға болады. Қазақ тілінде Естемес деген ат болды, В.В.Радлов (Радлов: 1892; 1995, 18) Истемі деп оқығанда осыны ескерген болуы керек. Қ.Салғараұлының келтірген Шідиәнми есіміндегі Н дыбысы бізге ой салды. Осыдан соң Құлтегін жазуында қалай жазылған екен деген сұрауға жауап іздел зерттеген кезде үлкен жаңалыққа тап болдық. Бумын-Боджман қаған есімін қарастырғанда Истемі атауында ондай шешілмеген мәселе бар деген ой болмады. Ал Шідиәнмидегі Н нені білдіреді деп зерттеген кезде атаудың күрделі графема бойынша жазылғаны мәлім болды. Бұрынғы Ңұғұр ІС²Т²еМІ болып оқылған есімнің алдындағы еЧҮМ аПАМ болып оқылған таңбалар да күрделі графема бойынша жазылған екен. Күрделі графеманы шешіп, бөліп оқығанда еЧҮМ еР² аЛП аПАМ болып оқылатыны анықталды. Ары қарай IC²T²eMI сөзіндегі T² таңбасы әрі K¹ болып оқылатындағы T² таңбасының алдындағы C² таңбалары жоғарғы жолдағы ЕҰҰГНі T²ІЗЛ²іГіГ сөзіндегі З таңбасына жалғасқан. Сонда бұлар ҚОЗҰҚҚҰЛ және ICiZ (асыл) болып оқылуға лайықталғаны аңғарылады. T² таңбасының устінен Ң Е, Ң² Н², Ә ДЖ³, Ә Б¹, Ұ F, Ұ Y, Ң K¹, Ң O, Ң L, Ң H¹, Ң Y, Ұ K⁴Y, Ұ R¹, Ұ C¹, Ң L¹, Ә B², Ә Г, Ә Й¹, Ұ Y, Ә Ч дыбыстарының таңбалары біріктіріліп жазылғаны анықталды. Жуан Б¹, С¹ таңбалары устінгі жолдағы TІЗЛіГіГ (тізелісін) сөзінің алдынғы Г дыбысына

жалғастырыла оқылуға сәйкес біріктірілген. ICTeMI сөзінің соңындағы I болып оқылған таңба жуан T⁴ таңбасы екені мәлім болды. Таңбаның үстіне әрі B², әрі НҚ болып оқылатын таңба салынған, ол жоғарыдағы Г таңбасына және оң жағындағы P¹ таңбасына жалғастырылған. Бұл да күрделі графема, олар мынадай жай таңбаларға бөлінеді: $\text{↑T}^4\text{O}$, $\text{↗}\underline{\text{НҚ}}$, $\text{↗}\text{B}^2$, $\text{↖}\text{Г}$, $\text{↖}\text{T}^2$, $\text{↑}\text{P}^2$, $\text{↘}\text{L}^2$, $\text{↑}\text{P}^2$.

Жазудың бүрынғы оқылымы:
:ყ#ЦJ>ЖНГ#Н1:ЖН>J:Ж1#НЛ:НН:ЖОП#J:НН

Транскрипциясы: K²IC²I ОҒЛЫНТА YZE eЧУМ аПАМ B¹УМЫН¹ K¹aFaH¹ IC²T²eMI K¹aFaH¹ ОЛ¹уР¹МыШ

Сөйлемнің соңындағы бүрын ОЛ¹уР¹МыШ болып оқылған сөзде жалаң Р дыбысы емес РТ бірігіндегі дыбыстар таңбасы жазылғаны белгілі болды. Жазудың жаңадан оқылған күрделі графемалы және жай таңбалы түпнұсқасын, транскрипциясын келтірейік:

КГТ: ყ#ЦJ>ЖНГ#Н1:ЖН>J:Ж1#НЛ:НН:ЖОП#J:НН
ЖТТ: >Ж1 ЖНГ#Н1:ЖН>J:Ж1#НЛ:НН:ЖОП#J:НН
:Ж#ЦJ>Д618J>J:ЖНГ#Н1:ЖН>J:Ж1#НЛ:НН:ЖОП#J:НН

Транскрипциясы: K²IC²I ОҒЛЫНТА YZE eЧУМ eР² аЛШ аПАМ B¹ОДЖ⁴Ман¹ K¹aFaH¹ IC²iЗ IC²T²ЕН²МЭН² ДЖ³АБ²FYY К¹ОЗҮК¹К¹ҰЛ¹ K¹АФАН¹ МӘУК⁴ҮН K¹АФАН¹ АР¹С¹Л¹АН¹ Б²ЕГ Й¹ҮFҮР¹ҮЧ Т⁴ОНҚ Б²ЕГ K¹aFaH¹ T²eГ eР² Б²eГЛ²eР² ОЛ¹уР¹МыШ

Аудармасы: Адам баласының үстінде ер, алып бабам Боджман қаған, асыл Истенмән джабғу, Қозұққұл қаған, Мәукүн қаған, Арыслан бег йұғарууш, Тонқ бег қаған текtes ер бектер отырған.

Жаңа окута сәйкес Истемі есімі **Истенмән** болып оқылды. Бұның қазақша Истен болып оқылуына қытайшадағы Шідиән// Сідиән түріндегі жазбаның әсері тиіді. Сондай-ақ T² таңбасы төбесіне көлденең жазылған Н² таңбасына тіреле жазылған. Сондықтан таңбалар Истемі болмай, ICTeH болып оқылуға тиістілікті білдіреді. Ал одан кейінгі МәН² сөзіндегі М да жоғарыдағы Н² таңбасына тіреле жазылған, соган сәйкес таңбалар мән болып оқылады. Истен сөзі Солтүстік Кавказдан табылған көне түркі жазба ескерткіштерінде жазылған, оның мағынасын С.Я.Байчоров (Байчоров: 1989, 79, 81, 86) тәнір, құдай деп түсіндіреді. Біздіңше бұл сөз **Үст Тен**(// тән) деген екі сөзден құралған. Үст жоғары, жоғарғы деген мәнді білдірсе, Тән Тәнірі< Тәнк+кір сөзімен түбірлес сөз. Ол сондай-ақ аспан, көк мағынасын да білдіреді. Ман// мән (<манқ) сәйкес сөздері адам, кісі мағыналарында да қолданылған. Ондай жағдайда Истенмән есімі Тәнірі ұлы немесе Көктің ұлы мағынасын білдіреді. Бұл есім Қоңырат тайпасының бір бұтағы Көктің ұлы тайпасымен сәйкеседі. Қытай патшалары да құнқ (хұн) текtes тайпалардан қойылып отырған. Сондықтан да олар патшаларын үнемі Тәнірі ұлы деп атаған. Истенмәннің ағасы Боджман есімі де осы мағынаны білдіреді. Бодж// боч// бок [(орысша - бог) бақ, бек] сәйкес сөздері бонқ// банқ сәйкес сөздерінен қысқарған. Бұл да Тәнірі ұлы немесе Көктің ұлы мағыналарын білдіре қолданылған. Тіліміздегі Аспан

сөзі *Устен*// *Истен* сөзімен сәйкеседі. Ас сөзі *Уст*// *Аст* сәйкес сөздерінен қысқарған, ал *пан* жоғарыда келтірген *бан* қозғалысынан *пан* түріндегі сәйкес нұсқасы. *Пан*/ *бан* нұсқаларының *Тәңірі*, *Көк* мағынасы да бар. Сондықтан *Аспан* сөзі *Жоғарғы Тәңірі* мәнін де білдірген. Сонда ұлтқы жабғу Тобун ұлдарының есімдерін мағыналарын сәйкестіре және үйқастыра қойғаны мәлім болады. Айта кетерлік бір жайт, осы есімді Л.Н.Гумилев те (Гумилев: 1993, 464), (Гумилев: 2004, 65-67) өз еңбегінде *Истэн* деген сөзді келтіріп, оның мағынасы угордың «дух, предок» (әруақ, ата-баба) сөздерінің мәнін білдіреді дейді, одан ары *Истеммән* мен оның қарамағындағы тайпалар угор текті халық өкілі деп те болжаған екен. Біз бұл пікірді өзіміздің болжамымыздан кейін ұшырастырық.

Истеммәнге қатысты негізгі мәселелердің бірі «ол қаған болды ма, жоқ болмаса жабғы болып қалды ма» деген сұрақ болып табылады. Қ.Салғараұлы «Жыу кітабында» «Тұмын қайтыс болған соң орнына баласы Қыло таққа отырды, ол Қыло «Исики қаған» деп аталды» деген дерек жазылған дейді. Бұл қытай хатшыларының Білге қағанды Қапаған қағаннның баласы деп қателескендей болған тағы бір қате, өйткені «Сүй кітабында»: «Тұмыннан кейін інісі И қаған таққа отырды. Ұзамай ол да аурудан қапитыс болды» деген деректі дәлел ретінде ұсынады. Шындығында қателескен «Жыу кітабы» емес, сол «Сүй кітабы». Себебі онда інісі деген қатемен қоса Исиги// Исики деген есімді де И деп қате жазған. Ал И иероглифі мен Исиги иероглифтерінің қандай сәйкес болмайтынын Қ.Салғараұлы бізден гөрі жақсы білуге тиіс. Бірақ оның бұған көңіл көңіл аударғысы келмеген, яғни, өз ойының жетегінде кеткен.

Қ.Салғараұлы Истеммәннің қаған болғандығына Құлтегін жазбасындағы «Бұмын қаған Истемі қаған олурмыш» деген сөздерді дәлелдердің негізгілерінің бірі ретінде ұсынады. Ескерткіште інісі болғандықтан Боджман қағаннан кейін Истеммән жазылған. Бірақ зерттеушілер күрделі графеманы аңғармаған, содан Истемі болып оқылыш кеткен. Күрделі графеманың ішінде *ДЖ³*, *Б¹*, *ҮҮ* таңбалары да оқылатында болып жазылған. Сондықтан Истеммән сөзінен кейін *жабғу* деп оқуға болады. Қ.Салғараұлы Н.Я.Бичуриппен 1950 жылы шыққан кітабына сілтеме жасап, «Бұмын қаған өлгеннен соң інісі Ай – хан таққа отырды» деген деректі (Салғараұлы: 2008, 212) келтіреді. Бірақ Н.Я.Бичуриппен Алматыдан 1998 жылы шыққан кітабында (Бичурип: 1998, 232) Тұмынның баласы Коло таққа отырды деп жазылған және бұл кітап 1851 жылы шыққан (Санкт-Петербург) кітаптан алынғанын білдіріп, кітаптың суреті берілген.

Н.Я.Бичурип Исиги Коло қайтыс болған соң, оның баласы Шетуді отырғызбай, інісі Муюй хан Кигиньді таққа отырғызды (Бичурип: 1998, 232), ол сондай-ақ Яньду деп те аталды дейді. Л.Н.Гумилев Яньду сөзінің мағынасын «Женімпаз» деп түсіндіреді. Сонымен бірге ол Муюй дұрыс оқылмаған, дұрысы Мугань дейді және Ниету атын да Шету деп береді. Сейтіп Қ.Салғараұлы Исиги Коло деген кісіні тарихтан сзызып тастайды. Ол кей еңбектерде қате жазылыш кеткен Боджман қағаннның інісі Истеммән, ал тарихшылар айтып жүрген, Батыс Түрік қағанатында 576 жылға шейін жабғу болған Истеммән емес, әрі қаған, әрі жабғу болған Мугән деген қорытынды жасайды. Ол Мугән қаған болғанға дейін қытай жазбаларында «Сыдоу», «Сыжин» аталған дейді. Осы ат парсылық деректердегі Сизибулға ұқсайды, соған қарағанда тарихшылардың Дизабул, Сизабул, Силзабул атап жүрген кісісі Мугән қаған болуы мүмкін. Олардың қайтыс болған жылдары да 572 жыл деп түсіндіреді.

Шындығында Қ.Салғараұлы қате тұжырым жасаған. Ол есімдерді дұрыс атауға мән беретін қытайлықтарда Дизабулға сәйкес келетін атау жоқ (Салғараұлы: 2008, 216) деп кесіп айтады. Ал Л.Н.Гумилев қытайша Истеммәннің Шисин було – кәхань (Гумилев: 1993, 464) деген есімін келтіреді. Бұл ат Дизабул, Силзабул аттарына

ұқсамайды деп кім айта алады. Сондай-ақ ол Істенмәннің арабша Синджибу, парсыша Хакан – и – Чин деп, ал Сильзивул// Дизавул, Стемби каган деп гректер айтқан деген пікірді де қалдырган. Бұл есімдердегі *було*, *вул*// бул сөздері *мән*// бән түбірлерінің сәйкес нұсқалары. Бұл сөз қазақ тіліндегі *құл* сөзімен де сәйкеседі. Қазақта «құдайдың құлымызы» деген тіркес жиі айтылады. Бұл сонау құнқ-туркі заманынан бері айтылып келе жатқан сөз тіркесі екеніне жоғарыда келтірген «көктің ұлы» тіркесі дәлел бола алады. Яғни, Істенмән// Істенбұл// Істенқұл деп қатар айтылу көктүріктердің де салт-дәстүрінде тұрақты қолданылғаны дау тудырмайды. Ал есімнің алдыңғы *диз*// *сиз*/син буындары Істен сөзінің қысқарған түрі екені де түсінікті болады. Бұларға қоса араб тіліндегі Синджибу түркіше Істен джабғу тіркесінен қысқарта айтуынан тұганы да өзінен-өзі байқалып тұр.

Сонымен Қ.Салғараұлының «Істенмән қаған болды, ол 576 жылға шейін өмір сурген жоқ, Боджман қағанның артынша бес-алты айдан соң қайтыс болды» деген даулы пікірі жоққа шықты. Ол батыс елдері деректерін терең зерттемей, шала қорытынды жасаған. Сондай-ақ алғашқы зерттеушілер асығыс, үстірт зерттең, сол алған нәтижесімен қанағаттаныш кеткен көне түркі жазба ескерткіштері бұлтартпас дерек деп тұжырым жасағаны да жете зерделемеу болып саналады. Бұл жерде ол жалпы Түрік қағаны емес, тек Батыс Түрік қағаны болды деп өз пікіріне қарсы шығып отыр. Шындығында Істенмән жабғу қайтыс болған 576 жылға дейін Түрік қағанаты екіге бөлінген жоқ. Екіге бөліну Иисиги Колоның ұлы Шету-Шаболионың Мугән қағанның ұлы Даюбян-Төременнің таққа отыруына қарсы шығып, Янлодан тақты алғанынан басталады.

Күлтегін жазбасында Істенмән жабғу деп жазылса, онда одан кейін жазылған қаған сөзі кімге арналған деген сұрау туатыны белгілі. Жоғарыда келтірген күрделі графемада Боджман қағанының ұш ұлының аты және қаған деген сөз оқылатындағы болып жазылған. Олар кімдер, Қонырат тайпасындағы Божбан-Алпамыстың ұрпақтары шежіреде қалай аталады, енді соған көшейік. Бұрынғы Боджман қаған есімінің оқылуына байланысты еңбегімізде (Бекжан: 2011, 10) Божбаның **Қожағұл, Жәүкім, Итемген, Құлым, Ұржық, Жұмық, Бекарыстан, Токпак** атты ұлдары болғанын келтірген болатынбыз. Шежіреде негізінен ұлken ұл әрқашан бірінші айтылады, яғни, әрбір алдыңғы ұл кейінгі ұлдан ұлken болады. Олай болса, Божбаның ұлken ұлы Қожақұл (Қожағұл) екені белгілі. Қожа қауымдық есімі көне түріктер заманында болмағаны аян. Ондай жағдайда Қожа сөзі басқа түркілік сөзден өзгергені өзінен-өзі түсінікті. Бұл есім Қытай жазбаларындағы Иисиги Колоға сәйкес келеді. Коло – құл, Иисиги түркіше **Қозұқ** есіміне сәйкес нұсқа болып есептеледі. Біз жалпы Қытай аты аталған кезде, ойымызға қазіргі қытайша шүлдірлеген халық көз алдымызға келеді. Көне замандағы Қытай елі де осылай болған деп шын байыбына бармай тұспалдай саламыз. Ақиқатында қалай болған, М.Қашқари (Қашқари: 1993, 10-11, 22) бабамыз Шын (Қытай), Машын (Тауғаш) елдерін түркі тілдес елдерге жатқызған болатын. Олай болса, Қытай жазбаларын жазған хатшыларды түркілер деп қабылдауымызға тольық болады. Өйткені Таң дәүіріндегі жазбалар VIII ғасырда жазылды, дәуір неғұрлым терендеген сайын түркілік белгі қоюлана түсsetіні мәлім. Осы тұрғыдан алғанда Иисиги сөзі түркілік **Қоз** (Шок) сөзіне сәйкес алынғаны күмән тудырмайды. Яғни, Иисиги сөзі – түркілік **Ысық** (ызық// қызы+ық) сөзінің қытайша дыбысталумен өзгерген түрі. Жоғарыдағы есім жазылған күрделі графемадағы таңбалар арқылы қаған, құл сөздерін оқуға болады. Сонда Боджман қағанының орнына таққа отырган ұлken ұлының аты **Қозұқ құл** есімі шығады. Міне, қытайлар осы есімді Иисиги Коло нұсқасына өзгертіп, өз иероглифтерімен таңбалаган.

Жоғарыда айтылып өткендей Исиғи Коло – Қожақұл[<] Қозұқ құл бабамыз экесі Боджман қағаннан соң бес-алты айдан кейін қайтыс болған. Қытай жазбасында ауырып елді деген дерек айтылады. Л.Н.Гумилев (Гумилев: 2004, 28) Исиғи Қолоның түсініксіз жағдайда қайтыс болғанын айтады. Қозұқ құл қағаннан соң оның інісі Мугән таққа отырады. Исиғи Колодан ғері Мугән есімі көп өзгеріске түспеген деуге болады. Себебі ол күрделі графемада МӘҮКҮН ҚАҒАН болып оқылды. Шежіреде бұл Божбаның Қожағұлдан кейінгі Жәуқұм бабамыз. Жәуқім мен Мәукіннің ұқсастығы айтылуынан-ақ үйқасып бірден білінеді. Ол Мәукін қаған болып айтыла келе Мәукің қаған атына өзгерген. Одан ары соңғы Нұ дыбысы Й дыбысына өзгеретіні қазақ тілінде заңдылығынан белгілі. Жоғарыда айтылған Н.Я.Бичуриннің келтірген Муюй хан Кигинъ есіміндегі соңғы ЮЙ дыбыстары осы Мәукій өзгерісінің әсерін сездіреді. Ал Кигинъ сөзі ғалымдар топшылагандай есім емес, қаған сөзінің жіңішке түрі екені сезсіз. Бұл өзгерістен ары қарай Мәукің[>] Мәукій есімі метатезалық құбылысқа сай соңғы Й мен алдыңға М дыбыстары орын ауыстырып, ЙӘҮКІМ атауы шығады. Оның Жәуқім болып өзгеретіні айқын. Ол кісі туралы Н.Я.Бичурин былай сипаттама береді: «Он имел необыкновенный вид: лицо его было около фута длиною, и притом чрезвычайно красное; глаза как стеклянные. Он был тверд, жесток, храбр и много ума имел; // занимался более воиною» (Бичурин: 1998, 232). Ол Корей шығанағынан Батыс теңізіне (Каспий), Құм даласынан (Гоби болуы керек) Солтүстік теңізіне дейінгі аралықты өзіне бағындырыды, сөйтіп Түркі қағанатын Орталық мемлекетке (Қытай) тендерстірді деген бағаға ие болады. Қытай деректерінде: «Мәукін-Жәуқім қаған 572 жылы қайтыс болды, орнына баласы Далобян-Төременді (грекше Турум) қоймай, інісі Тобоны таққа мұрагер етіп қалдырыды» (Бичурин: 1998, 237) деп айтылады. Тобо қағанды Л.Н.Гумилев (Гумилев: 1993 494) түркіше ТАБАҚ деп транскрипциялайды. Оның себебі Тобо қаған будда дінін қабылдап, соның діни рәсімі бойынша табақ ұстап жүруіне қатысты аталған дейді. Божбан шежіресінде бұл кіші ұл Тоқпақ аталады. Бұл кісі ең кенже ұл болды ма, жоқ болмаса Мәукін қағаннан кейінгі ұрпақ па, бізге оны тап басып айту қын. Өйткені шежіреде ол өзгеріп кетуі бек мүмкін.

Бұрынғы зерттеушілер Иstemі деп оқыған есімнің соңындағы I таңбасы төменгі және сол жақтағы сыйықтары өшкен жуан, еріндік T⁴ таңбасын бейнелей жазылған деп санаймыз. Одан ары осы таңбаның үстіне әрі жіңішке B², әрі НҚ бірігінкі дыбыстар таңбасын күрделі графема ретінде сыйған, оны үстіңгі жолдағы Г таңбасына қосқан. Сөйтіп бұл таңбалар T⁴ОНҚ B²еГ болып оқылады. Бұдан кейінгі Қаған сөзі осы кісінің есіміне жалғануға лайықтала бөлек жазылғаны көрініп тұр. Жиі қолданыла келе бұл есім Тонқ бег[>] Тоңқ[>] бағ[>] Тоқпақ тәрізді өзгерістерге түсken. Бұны түркі-соғды жазуы арқылы оқыған зерттеушілер *Taspar* деп жаңылыс оқыған сияқты. Тонқ бег қаған – табғаш-қытай жансыздарының алдауына арбалған қаған. Қытай патшалары оған есепсіз тартулар беріп, құда болуға үгіттеп баққан. Осыған мастанып Тонқ бег қаған былай деген: «Тек онтүстіктегі екі сәбиді (Қытайдың Солтүстік Чжоу мен Солтүстік Ци хандықтары) уыста ұстасақ болғаны, кедейшіліктен қорықпауға болады» (Бичурин: 1998, 237).

Тонқ бег қаған 581 жылы қайтыс болады. Қайтыс боларында ол Мәукін (Жәуқім) қағанның таққа баласын отырғызбай, өзін, яғни, інісі Тонқ бегті, мұрагер деп ұсынғанын еске алып, баласы Янлоға: «Мугән қаған ағам тақты баласына бермей, маған беріп еді, енді сен де немере ағаң Дағобян-Төременге тақты ұсынуың керек» деген. Кеңесші үзірлер Төременді таққа отырғызуға макұл болған кезде, оған қарсыластары Төременнің шешесінің төменгі дәрежедегі тұқымнан екенін ескертіп, оны тақтан аластайды. Бұндай қарсылықтың бастаушысы Қозұқ құл қағанның ұлкен ұлы Шету еді. Таққа Төремен ие болса, өзінің ешқашан таққа жуи алмайтынын түсініп,

осындай құлықты ойлап тапқан болатын. Тонқ бег қағанның уәзір-кеңесшілері амалсыздан таққа Тонқ бег қағанның баласы Йанлоны отырғызады. Л.Н.Гумилев Йанлоның тағы бір аты **Амрақ** еді дейді (Гумилев: 2004, 66). Бұл Амрақ сөзін **Йұмрук// Джұмрук** сөздерімен сәйкестендіруге болады. Жұмрук сөзінен Божбанның **Жұмүқ** атасының есімі шығады. Бұндай жағдайда Жұмық Божбанның тікелей ұлы емес, немересі екені анықталады.

Тонқ бег қағанның уақытында келген Византия елшілерінің жазбасында (Гумилев: 2004, 67) елдің басшысы **Арсиланың** мекені жайында сөз қалдырған. Л.Н.Гумилев Арсила-Арыслан Тобо ханың негізгі аты деп санаған. Бұған қарағанда елшілерді қарсы алып, келіссөз жүргізуге Тонқ бег қағанның ағасы **Арыслан бег йұғұруш** бекітілгені аңғарылады. Арыслан бег Божбан шежіресінде Тоқпақтың алдында **Бекарыстан** болып аталады. Қытай жазбаларында Арыслан бегтің аты аталмаған. Соған қарағанда ол Тонқ бегтің бас уәзірі болып қызмет атқарғаны байқалады. Тонқ сөзі түркі халықтарында ежелгі заманнан бері қолданылып келеді. Бұл есім ең алғаш Афрасиабтың Алып Ер Тоңа (<Тонқ> атты қосымша атында ұшырасады. Бұның мағынасы туралы Қ.Өмірәлиев М.Қашқаридың мынадай пікірін келтіреді: «Тоңа жолбарыс жыныстас хайуан. Ол пілді өлтіреді...» (Өмірәлиев: 2001, 204). Осы тұрғыдан алғанда Bodжман қағаның да ұлдарының аттарын *Tonq beg, Aryslan beg* деп мәғыналық және дыбыстық жағынан ұйқастырып қойғаны айқындалады. М.Қашқар (Қашқар: 1993, 28) Түркі мемлекетіндегі лауазымдық қызметте *йұғұруш* (уәзір) қағаннан бір саты төмен, ал *жабеу* екі саты кейін болатынын анық көрсеткен. Қ.Салғараулы бұл мәліметті белден басып, екі саты төмен тұратын жабғу лауазымын қағаннан кейінгі қызмет деп, осы пайымды күштеп енгізгісі келеді. Жоғарыда келтірген күрделі графемада жуан Р мен С таңбалары және бірінші БeГ сөзінде оқылатын жінішке Б таңбасы осы Арыслан бег есіміне сай жазылғаны ешқандай дау туғызбайды. Сондай-ақ жуан Й мен Ч таңбалары да тек Й!ҰҒҰР!ҰЧ сөзін жазу үшін келтірілгені де күмәнсіз.

Шежіреде *Үржүқ, Жұмүқ* қатар аталаپ, Божбаның тікелей ұлдары болып көрсетіледі. Ал жазба деректері мен лингвистикалық, этимологиялық пайымдарды салыстыра зерделесек, Үржүқтың да немере екені анықталады. Қытай жазба деректерінде Исиғи Колоның (Қожақұл) екі ұлы – **Шету** мен **Чулохэу** (Бичурин: 1998, 243) болғаны жазылып қалған. Божбан ата шежіресінде де Қожақұлдың екі баласы – **Шекен** мен **Бүйра** атапар есімі айтылады. Шекен атауына тілдік талдау жасасақ, қытай дерегіндегі Шету есімімен сәйкестікті байқар едік. Мысалы, Шекен-Шетудің Янло-Жұмрудан кейін қаған болғаны мәлім. Олай болса, Шекен атауы *Шек+кен* біріккен сөзінен қысқарған деп пайымдауға болады. *Кен* морфемасы қаған//кеген (қан-кен) сәйкесімдерінен қысқарып, *Шек* есімімен кірігіп кеткен. Ал Шек пен Шет есім сөздерінің мағыналары жақын екені белгілі, яғни, бірінің орнына бірі қолданыла беретіні күмәнсіз.

Исиғи Колоның (Қожақұл) үлкен ұлы Шетудің Мәукін қағанның өjet ұлы Төременді қаған қоюға қарсы шыққанының себебі өзінің қаған болудан ысырылатынын ұққандықтан болған. Тонқ бегтің ұлы Йанло-Жұмрудың ынжықтау, сөзін жөндеп сөйлей алмайтын адам болған. Сондықтан да Шету таққа соны қойып, Төременді қудалап, тақтан аластатқан. Содан соң Йанлоны кетіріп, таққа өзі ие болған. Міне, осындай таққа талас, саяси тартыста Шетудің інісі Чулохэу Йанло-Жұмрудың бірігіп, одақ күрган. Бұл бірлік шежіредегі Үржүқ, Жұмүқ атапар бірлігімен сәйкес келеді. Үржүқтың шежіредегі екінші аты – **Қарашор**. Ауызша айтылғанда негізінен осы Қарашор айтылады да, Үржүқ жазбаша шежіреде ғана ескеріледі. Қытай дерегіндегі Чулохэу осы Қарашор атауының қытайша иероглифпен берілгендері өзгерісі. Яғни,

Чуло//Чоро мен Хэу//Қара есімдерінің бөліктері сәйкеседі. Ал шежіредегі Қожақұлдың екінші баласы **Бүйра** есімі мен Ұржұқ атауы сәйкес келеді. Үр(ұ)жұқ есімін оң жағынан сол жағына қарай айтса, Құжурұ атауы тудады. Құжур сөзі **Бұжур** сөзімен сәйкеседі. Бұжур(ұ) сөзі Бұйур(ұ)> Бүйра сөздерінен мағыналық түрғыдан да, дыбыстық жағынан да сәйкес келеді. Яғни, Қожур (Құжур) тас (//Қотұр бет), бұжур бет (//бүйра шаш) сөздері фонетикалық және лексикалық түрғыдан сәйкес сөздер болып табылады. Бұл тілдік талдаулар Чулохәу-Қарашор- Ұржұқ-Бүйра есімдері Исиги Коло-Қожақұлдың екінші ұлының әр түрлі өзгерістегі аттары екендігін айқындайды. Бұл пайымның нәтижесі Божбан атанды ұлдары сегіз емес, алтау, олар: Қожақұл, Жәукім, Итемген, Құлым, Бекарыстан, Тоқпақ деген тұжырымды негіздейді. Итемген, Құлым қытай жазба деректерінде кездеспейді. Өйткені онда тек жоғарғы лауазымдағы аталарға жазылып қалғаны көміл.

Біз жоғарыда айтылған (Бекжан: 2011, 13) еңбегімізде Бұмын-Боджман қағанның қоңырат тайпасына жататын божбан руының түп-тегі екенін мәлімдедік. Ал енді «Боджман қағанның інісі Іstemінің ұрпақтары қазір бар ма, болса, қалай атальп жүр» деген үлкен сұрақ қойылатыны өзінен-өзі түсінкіті. Құлтегін ескерткішінде **Істеммән** аты жазылған, алайда уақыт өте келе бұл есім **Істеммін**> **Істеммій** атауына фонетикалық өзгеріс ықпалымен түрленгені қытай жазбасындағы «Сідими деп те аталауды» деген деректен мәлім болады. Бұл жазба деректердегі мәлімет Қоңырат шежіресіндегі **ЖЕТИМДЕР** тайпа есіміне сәйкес келеді. *Істем// Іджстем* сәйкес атаулары **Жетім** сөзіне оңай өзгереді. Заман ағымдарындағы тіршілік кезеңдерінде тайпалас ағайындары Істеммән жабғының ұрпақтарын **Жетімдер** атауына өзгерпіп жібергені айқын. Шежіреде Божбан, Жетімдер болып, бір топқа біріктіріліп айтылады. Бірақ екеуі бір атадан тараған агалы-інілі деген дерек кездеспейді. Бұдан *Іджстемі*> **Жетім** есіміне байланысты олардың ағайындылығы ұмытылған деген қорытынды тудады. Дегенмен кейбір шежірелік деректерде «Жетімдер Божбанның қолында өскен жетім бала» болып сипатталатыны да олардың түпкі шежіреде жақын болып айтылғанына күәлік бере алады. Есімнің осылай **Жетім** болып өзгеруі оның түпкі атасының жетімдігі жайындағы түрлі аңыздарды тудырған. Екеуінің бір атадан туған ағайындылар екендігі олардың ұнемі бірі-бірімен іргелесе қоныстануынан-ақ аңғарылады. Жетімдер ата шежіресінде **Сүйіліши- Оралбай- Мәмітек- Сапар- Себетей** (Қоңырат Жетімдер руының шежіресі: 2011, 149) болып тараплатын аталар тізбегі бар. Бұндағы **Себетей** мен Манастың ұрпағы **Семетей** сәйкес келеді. **Семетей** Істемій// Сетемій атауынан метатезалық өзгерістен туған есім. Бұл **Себетей** есімі бұрынғы ата есімнің ұмытылмай тұрғандағы қайта қойылуынан хабар береді.

Істеммән-Істемій Боджман қағанның інісі болғандықтан, Түрік қағанатын құру үшін болған жорықтарда Боджман қағанның ірі **Сүйеніші** болғандығы даусыз. Сондықтан да Боджман қағанның өзінің қойған **Сүйеніш** (>Сүйеліш> Сүйіліш// Сүйініш) аты Істеммәннің екінші аты болып кеткен болуы да ғажап емес. Сондықтан да ол туралы халық арасында өз алдына жеке және Алшамыс батыр туралы батырлық жырларда ерекше жырланғаны күмән тудырмайды. Уақыт өте келе тарихи оқиғалардың қоюлануы мен қабаттасуы Істеммәннің атын жырдан шығарып тастаған. Ал бұл оқиғалар қырғыз халқының арасында тікелей өтпегендіктен, Істемій-Семетей есімі «Манас» жырында сақталып қалған. Бірақ оқиғалары ежелгі тарихи оқиғадан ортағасырлық оқиғаларға ауысқан. Бұл Алшамыс жырында ортағасырлық **Едіге** ердің тікелей Алшамыстың ұлы болып суреттелуінен аңғарылса, Манаста Боджман қағанның інісі *Істемій-Семетей* Манас-Боджманның ұлы болып суреттеледі. Алайда оның оқиғалары ортағасырлық Едіге мен Әмір Темір және Тоқтамыс араларындағы тарихи оқиғалармен сәйкес келеді. Алшамыс жырында Алшамыс батыр жорықтан аман оралып,

үй-ішімен табысады, батырдың өлімі айтылмайды, Жәдігер жетіліп, өз алдына жорық жасайды («Ядгар») (Жирмунский: 1995, 133). Ал Семетей «чунак» атальп, жетім өседі: «Те кто трепетал перед Манасом, отказываются признать власть его сына – «чунака» (сироты), бездомного и одинокого бродяги, как называют Семетея его многочисленные враги» (Жирмунский: 1995, 133). Бұдан біз қазақ тіліндегі Сетемій-Жетімнің қырғыз тіліндегі эпостың құрылымына әсерін көреміз. Яғни, Семетейді жетім ету үшін жыршы Манасты өлтіртеді, Семетейді қашқын етіп, нағашыларының қолында өсіртеді.

Академик В.М. Жирмунский орта ғасырлардағы Орта Азия, Ноғайлы және Қазақ хандықтарындағы тарихи оқиғалардың Манас және оның ұрпақтарына қатысты жырлардың оқиғаларына қатысы туралы жан-жақты токталады. Ноғайлы мемлекетін құрушы Едігенің әйелдері, апалы-сіңлілі Қаныкей мен Тінікей – Тоқтамыс ханның қыздары. Едіге мен Тоқтамыс және Орта Азия мемлекетін құрушы Әмір Темір арасындағы тартыстар Семетей жырында көрініс береді. Манастың зайыбының шын аты **Санырабига** (Жирмунский: 1995, 108), бұл Алпамыстың зайыбы **Барышын** атының метатезалық өзгерісі: *Сан+раб*< *Сан+бар*↔ *Бар+сын*. Көне түркі тіліндегі Сан бар еке> Санраб еке> Санрабига болып өзгерген. Бұл Едіге ер// Жәдігердің (Йәдік ер) зайыбының әсерінен Қаныкей есіміне айналған. Эпоста Қаныкейдің төркіні Бұхар ханы Темір хан болып айтылады. Темір ханның інісі Шатемірдің қызына Жедигер- Бағыш құда болып, Толтойға атастырылып қойылған. Оны Семетей алғып, Толтойға қарсы әрекет жасайды.

Манас пен Семетейдегі Жедигер Алпамыс батырдың ұлы Жәдігерге тарихи тұлға ретінде сәйкес келеді. Жедигердің ұлы Бағыш пен оның ұлы Толтойдың аттары да Алпамыстың әкесі Байберінің әкесінің ағайындары Шыныбай, Құлтай, Тортайға сәйкеседі. Тортай – Құлтайдың баласы. Құлтай қайтыс болған соң Шыныбайдың қолында өседі. Шыныбай аты Шыныбак (бак//бек) деген сәйкес есімге өзгерген деп санасақ, Шыныбақтағы буындар ауысуынан **Бағыш** аты туады: Шын(ы)+бақ↔ Бақ+шын> Бағышын> Бағыш. Ал оның баласы Толтой аты Р//Л сәйкестігіне орай Тортайға (Тортай// Толтай) сәйкеседі. Бұл сәйкестіктер Манас пен Алпамыс батырдың текстік түрғыдан бір кісі екенін айғақтайды.

Қытай жазбаларында жазылып қалған Боджман қаған мен оның ұлдарының аттары, олардың Божбан ата шежіресіндегі ұрпақтар есімдерімен сәйкестігі Түрік қағанатын құрған қағанның аты Бумын емес **БОДЖМАН** екенін тағы да дәлелдей түседі. Едігенің аты орта ғасырда **Йәдік** аталған, ол «Алпамыс батыр» жырының өзбек нұсқасында Ядгар (Йадыг+ар// Йәдік+ер) болып бұрынғы нұсқасын сақтаса, қазақша нұсқасында Жәдігерге ауысқан. **ЕДІГЕ** Қонырат тайпасындағы маңғыт руының өкілі емес, Божбан-Алпамыс батырдың тікелей ұрпағы. Бұл алда тағы да бір жеке зерттеу еңбектің тақырыбы болады.

ӘДЕБИЕТ

Байчоров С.Я. (1989) «Древнетюркские рунические памятники Европы». Ставрополь, С. 79, 81, 86.

Бекжан О. (2010). «Көктүрік қағанаты». Жалын, № 12, 74-80-бб. (желтоқсан).

Бекжан О. (2011). «Көне түркі күл жазуындағы белгісіз екінші кірігіңкі дауыссыздардың мәгинасы мен таңбасы». Түркология, № 3, 13-б.

Бичурин Н.Я. (1998). «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена». И т. Алматы, ТОО «Жалын» баспасы, 294-299-бб.

- Гумилев Л.Н. (1993). «*Древние тюрки*». Москва, С. 464.
- Гумилев Л.Н.(2004). «*Древние тюрки*». Москва, С. 65-67.
- Жирмунский В.М. (1995). «*Введение в изучение эпоса «Манас».*
- Энциклопедический феномен эпоса «Манас». Бишкек, С. 133.
- Қашқары М. (1993). «*Tүбi бiр түркi тілi*». Алматы, 10-11, 22-66.
- Қоңырат Жетімдер руының шеңжіресі (2011). Алматы, «Білім» баспасы, 149-б.
- Өмірәлиев, (2001). «*Қ. М. Қашқары «Сөздігіндегі» поэзия улгілері және оның дәуірі*» Ата тарих айғақтары. Алматы, 204-б.
- Радлов, В.В. (1892; 1995). «*Атлас древностей Монголии. С. Петербург*».
- Moğolistan Tarihi Eserleri Atlası «TİKA». Ankara, s. 18.
- Салғараұлы, Қ. (2002). «*Бумын қаган және Істімі қаган*». Егемен Қазақстан, № 187-188, 197, 199-201 (Тамыз).
- Салғараұлы, Қ. (2008). «*Ұлы қаганат*». Астана, «Фолиант» баспасы, 217-218-66.

**К. МУСАЕВ ТҮРКІ АЛФАВИТІ ТУРАЛЫ: ФАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ
БІРЛЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРЕ / K. MUSAEV ABOUT THE TURKIC ALPHABET: THE
AGE-OLD TRADITION AND PROBLEMS OF UNIONS**

С.Р. БОРАНБАЕВ *
Г. Ә.ҚОШҚАРОВА **
Д.Н. АБИЕВА ***

Түйіндеме

Мақалада академик К. Мұсаұлының қазіргі түркі тілдерінің жағдайын сараптай отырып, жалпытүркілік ортақ әліпбисіз түркі халықтарының бір-бірін түсінбей өтулері мүмкін екендігін жан-жақты, ғылыми тұрғыдан негіздел, жаңа ғасырда түркологияда тіл білімімен қатар этнологиялық және мәдениеттанымдық бағытта зерттеулер жүргізу міндеті тұрғандығы, түркітануға осындай қоғамдық, этностық, мәдени мән беруіміз бүтінгі күн талабы, тарихи тұрғыдан қарастырсақ, тіл тарихы ол этностар тарихы, мәдениеттер тарихы, мемлекет пен мемлекетаралық, халық пен халықаралық байланыстардың тарихы екендігі айтылады.

Сыртқы факторлар лингвистикалық жүйені толық өзгерте алмағанымен, этностың қалыптасу процесінде, оның тілінің қалыптасуына негіз болған туыс тілдердің немесе диалектілердің ерекше белгілерін білдіретін дыбыстық өзгешеліктердің тілдік заңдылыққа айналуына арқау болатындығы, өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі күрделі тарихи даму жолынан өтіп, негіз тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алғын келетіндігі сез болады.

Кілт сөздер: Салыстырмалы-тарихи зерттеу, жалпытүркілік ортақ әліпби, түркі халықтары, грамматикалық ерекшелік, дыбыстық жүйе.

Abstract

K. Musaev academician opinion the impossibility of a full understanding Turkic peoples without a common alphabet reasonably comprehensive scientific analysis of modern Turkology, where the study of languages should be based on ethnological and cultural foundation, as the requirement of today – to make public, ethnic, cultural value Turkology, to fully comprehend the meaning of the ethnic history, cultural history of the state and inter-state relations, people and international relations in the development of language, understand the fact that it is through linguistic unity merged tribes and the emergence of nation as a nation with its own traditions, its culture, with its national world view. External factors can not completely change the linguistic system, but in the formation process of the ethnic group related languages dialects and played a role, enriching language audio features, which after a long historical development, resulted in a particular language system, with its domestic laws, with only her inherent properties, with its morphology, phonetics and semantics.

Key words: Comparative-historical study, Common Turkic alphabet, Turkic peoples, Grammatical features, Sound system.

60-шы жылдардың бас кезі жоғалып бара жатқан аз санды түркі халықтары тілдері түгілі Кеңес Одағы құрамында бірі өз алдына республика, енді бір автономия құрамында жеке-жеке «елдік аты» бар түркі халықтары тілдерінің де толық грамматикаларының жазылып болмаған уақыты еді.

Жазылған күннің өзінде де орталықтың тікелей қадағалауымен, рұқсатымен дайындалған бір-екі оқулық қана болатын. Оның үстіне түркі халықтарының тілі мен тарихына қалам тартқан кейбір түркітанушы ғалымдарымыз құғынға ұшырап, бұрынғы астанамыз Алматыдан өзге облыс орталықтарына қоныс аударып, сондағы оқу орындарында қызмет істеуге мәжбүр болды. Осы уақытта К. Мұсаұлының жарық көрген «Қарайым тілінің грамматикасы» (1964 ж.) атты еңбегі автордың 1957 – 1963 жылдары Литва, Украина жерлерінде азын-шоғын болып өмір сүріп отырған қарайымдарды аралап, тірнектеп жиган материалдарының негізінде туған еңбек болатын. Аталған еңбекте қамтылған қарайым тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасалған тілдік материалдар қазіргі түркологиялық саластырмалы-тарихи зерттеу еңбектерінде кеңінен пайдаланылып келе жатқан күнды еңбектердің бірі. Қарайым тілі туралы профессор Д. Ысқақұлы (Ысқақұлы: 2013, 354-358) былайша ой түйеді: «Қырықтай түркі тілдерінің ішінде алтауының ғана мемлекеттік тіл, он екісінің мемлекет ішіндегі автономиялық тіл мәртебесі бар болса, мұның өзі мүмкіндігіне, заңды құшіне орай сол тілдердің қалыпты өмір сүруін әрқалай қамтамасыз етіп отырса, қалғандарын қорғансыз тілдер қатарына жатқызуға болады. Бұлардың кейбіреулерінің әлсірегені соншалық, сол тілде сөйлейтін санаулы адамдар ғана қалған. Мысалы, қарайым тілінде Литвада 20, Украина 10, Польшада 10 адам ғана сөйлейді. Осы қырықтай адам өмірден өтсе, қарайым тілі де өледі. Демек, қарайым тілі қазір хал үстінде. Мұның өзі ертенгі күні қарайым тілі ғана емес, сол тілде сөйлеген тұтас бір халық, яғни бір кездері Еуразияның Тынық мұхиттан Атлант мұхитына дейінгі аралығында ат ойнатып, билік жүргізген көк түрік ұрпақтарының бір әулеті, сол тілде жасалынған тұтас бір рухани әлем де бұл өмірмен қоштасады деген сөз» - дейді. Осындай күй кешіп жатқан басқа да түркі тілдерінің тағдыры еске түскенде, өткен дәүірлерде әлемді дүр сілкіндіріп, шет жерлерде түркі мәдениетін угыздаған, тілін мемлекеттік дәрежеге көтерген бабаларымыздың еңбегінің еш кеткендігі ме деген ойға еріксіз ораласын.

Түрік халықтары араб әліппей тастап, ә дегенде латынға, сосын кириллицаға етіп алып, содан соң әркім өзіне лайық таңба іздеді. Сөйтіп бір әліппенің өзін әркім әртүрлі қолданды да, халықтар бір-бірінен рухани жағынан алысталап кетті. Ақырында бір-бірімізді дұрыс оқи алмайтын жағдайға жеттік.

Тілдің базис, жазудың қондырма екендігі белгілі. Бұл – философиялық ұғым. Кез келген жазу тілдің дыбысталу мүмкіндігін хал-қадерінше көрсете білуі тиіс. Түркі халықтарының тарихында көне түркі, көне үйгыр, арап әліппилері осындай міндетті толығымен атқарған. К. Мұсаев осы тақырыпқа қатысты еңбектерінде жалпытүркілік әліппиді қалыптастыруды үнемі басты назарда ұстады.

Егемендік алып, кейбір түркі тілдес республикалар латын жазуына көшіп жатқан және көшкен кезеңнің өзінде Ресейдің қоластында қалып қойған түркі жүртінің тілдерін сақтап қалу мәселесін ғалым басты орынға қойды. Ресей қазақтарына арнап орыс тілінде жазған «Қазақ тілі» оқулығы (Мұсаев: 2008) осының жарқын бір көрінісі.

Қазіргі түркі тілдерінің жағдайын сараптай отырып, жалпытүркілік ортақ әліпписіз түркі халықтарының бір-бірін түсінбей өтулері мүмкін екендігін жан-жақты,

ғылыми тұрғыдан негізден берген К. Мұсаевтың пікірі ерекше орынға ие. Қарасаңыз Әзіrbайжан, Өзбекстан және Түркіменстан түрлі модификацияны қолдану арқылы латын әліпбіне көшкені белгілі. Бірақ та шешкенінен шешілмеген мәселелер көп болып тұр. Өйткені, жалпытуркілік өзіндік дыбыстарды әліптеуде бірізділік жоқ. Нәтижесінде, кирилл және латын жазуының түркі халытарына ортақтығы мен айырмашылығы болмай тұрғандығын ашына айтуымыз керек. Бұл туралы профессор Ә. Жұнісбек: (Жұнісбек: 2009, 309) «Түркі тілтанымы ғылыми реформаны күтіп тұр, сол реформа фонетикадан басталу керек. Әлем тілдерінің құрамындағы қазақ (түркі) тілінің өзіндік орнын тауып беру сол реформаның басы болып табылады. Сондықтан да әлем тілдерінің туыстық жіктелім бірлігін қайта қарап шығу негізгі мақсаттың бірі болады. Соның нәтижесінде қазақ (түркі) тілінің өзіндік заңдылықтарының басы ашылып, соған лайық зерттелім ғылыми аппараты қалыптастырылады. Сөйтіп қазақ (түркі) тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туады», - дейді.

Қазіргі кезде түркі тілдерінің фонетикасы артикуляция-акустикалық аспекті тұрғысынан кең түрде қарастырылада. Физикалық сипаттар ретінде тіл дыбыстарының артикуляторлық және жиілік көрсеткіштерімен қатар олардың естілім табиғаты да зерттелуде.

Сонғы жылдары дыбыстардың естілім сипаты бойынша тәжірибелерге зерттеу жүргізуге қызығушылық айтарлықтай артты, себебі зерттеушілер олардан тілдік сигналдың сипаттамаларының маңыздылығын анықтауға және дыбыстық анализіне көшуге мүмкіндік беретін тілдік единицаларды фонетикалық сипаттаудың дербес әдісін көреді. Тілдегі фонетикалық белгілерді қабылдау, тілдік қатынастың міндетті кезеңі болып табылады, оның зерттелуі тілдің дыбыстық қасиетін қарастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамында, грамматикалық құрылышында өздеріне тән түркілік текстестік, ұқсастық болғанымен, фонетикалық жағынан салыстырғанда, елеулі ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтар бары сезсіз. Сондықтан белгілі бір тілдік ерекшеліктері арқылы олар бір-бірінен ажыратылады. Санғасырлық тарихы бар бұл тілдердің әрқайсысының бойында әр түрлі сипат болуы заңды. Себебі олардың аргы тегі бір болғанмен, әрқайсысының өзіндік мекені, қалыптасу, даму жолы, тұрмыс-тіршілік, ғылым-білім, мәдениеті салт-дәстүрі бар. Яғни олардың әрқайсысы – жеке ұлт ретінде өзіндік тіл иелері болып табылады. Сондықтан бұлардың тілінің өзіндік ерекшелігі болмауы мүмкін емес. Бұл мәселеге байланысты Н.С. Трубецкой (Трубецкой: 2000, 265) былай дейді: «... сочетание фонем подчиняются в любом языке своим особым законам и правилам, которые имеют значение для данного языка и которые необходимо и для каждого языка отдельно».

Түркілік өркениет әлемдік өркениет бастауларының бірі болса, түркі тілінің элементтерін өткен дәуірлердің өзінде-ақ өзге тілдерден көптеп кездестіруге болады. Түркі халқының тарихы мен тілі дүние ғалымдарының назарын алғашқы күннен бастап өзіне аудартқаны белгілі. Бұл туралы Түркияда социология ғылымдарының негізін қалаушы Зия Гөкальп (Гөкальп: 2012, 481-486) былайша ой қорытады: «....Еуропада пайда болған екінші ағым «Түркология» деп аталады. Ресейде, Алманияда, Мажарстанда, Данияда, Францияда, Англияда көптеген ғалымдар көне түріктер, ғұндар, монголдар туралы тарихи және археологиялық зерттеулер жүргізе бастады. Түріктердің

өте көне ұлт екендігін, кең аймақта тарайтынын және түрлі кезеңдерде бүкіл әлемге үстемдік еткен жиһангер мемлекеттер мен өркениеттер құрғанын алға тартады. Рас, бұл зерттеулердің тақырыбы Түркия тұрктері емес, ежелгі Шығыс тұрктері болатын».

Кеңестік кертартпа саясаттың аяқ-қолды шырмаған қылбұғауынан Еліміз егемендік алғаннан кейін құтылып, бұрынғы бүркемеленіп айтылған ойларды ашық айту, тарихи әділесіздікті таразыдан өткізу, мәдени-рухани тұрғыдан құлдырауымыздың нақты себептерін ашып көрсету мен осы олқылыштардың тамырын тереңнен іздең, оны жоюдың рухани санамызды қалпына келтіру мүмкіндігіне ие болдық. Нак осы кезеңде қазақ халқының басынан өткізген ауыртпашилықтары мен оның себеп-салдарын ғылыми тұрғыдан анықтауда, анықтап қана қоймай, одан қалай, қайтіп шыға білудің жолдарын көрсеткен қалың қазақтың ұлт жанды, ат төбеліндегі азантай зиялышары ғана болды. Солардың бірі – академик К. Мұсаев. Сол уқыттағы басқа түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінің өзекті проблемалары да К. Мұсаев қаламынан сырт қалған емес. Бұл әсіресе лексикография мен орфография, орфоэпия, тіл мәдениеті мен аударма салаларын қамтиды. Түркі халықтары әліпбійін жетілдіру, оларды шешу мәселесіне ғалым үнемі назарын аударып келеді.

Орыс тілінде жоқ, түркі тілдеріне тән дыбыстарды әліптеуде болған өзара айырмашылықтарды бір ізге түсіру мақсатында К. Мұсаевтың ұсынған принциптері кейінгі зерттеушілер тарапынан және ұлттық әліпбиді қалыптастырушылар тарапынан кең қолданысқа ие болды. Бұл жерде айтатұғын басты мәселе: қазіргі қазақ әліпбіи *и*, у әріптерінің бойына жинақталған дифтонгоидтық сипаты болмаса, бүкіл түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінің негізінде айшықтап бере алады. Әрине, түркі тілдерінің өзіндік дыбыстау ерекшеліктері жазуда көрсете білу толығымен мүмкін емес. Сондықтан орфографиялық сөздіктермен қатар орфоэпиялық сөздіктердің бірлесіп жүруі ұлт тілінің сақталуына негіз болатындығына ғалым баса назар аударады. Бұған мысал ретінде, қазіргі қазақ тілінде *сиыр-сығыр* (көне т.), *жыын-жызын-йығын* (көне т.), *қыын-қыйын*, *жыын-жұуын-йұғын* (көне т.), *буын-бұуын-богын* (көне т.), *сауын-сагын* (көне т.) т.б. Осындай тілдік деректемелерді ғалым өзінің өндектерінде жүйелі түрде, баяндан отырған мысалына қатысты пайдаланып отырады.

К. Мұсаевтың түркі халықтарының ортақ әліпбійіне қатысты айтқан ой-пікірлері түркі тілдес елдердің ғалымдары тарапынан кеңінен қолдау тапты. Мысалы, қазақ әліпбійінің өткен тарихы мен қазіргі саяси-әлеуметтік жағдайына қатысты мүмкін болатын өзгерістерге байланысты К. Күдеринова докторлық диссертация қорғап, оның нәтижелері баспасөз бетінде кеңінен талқыланды.

Түркі халықтарының ортақ әліпбиді қолдануының тиімділігі жөнінде профессор М. Малбақов (Малбақов: 2013, 104-110) былайша ой түйеді: Қазақ тілінің түркі тілдерінің тобына кіретіндегі себепті оның табиғи жаратылсында, тілдік жүйесі мен құрылымында жалпытүркілік заңдылықтар үстемдік етеді. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі де өте ұқсас. Демек, олардың бәріне ортақ бір жазу түрін қолданған жағдайда жалпытүркілік интеграция қүшіе түспек. Мәдени бірегейлік басым бола түспекші. Алыс жатса да түбі бір туыстас Түркия елінде жазу-сызу латын графикасына сонау 1920 жылдардың аяғында көшірілген болса, көршілес Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан елдерінде жазудың латын графикасына көшірілуі 1990 жылдардан басталады. Қазақстан осы елдердің қатарына қосылған жағдайда түркі халықтары арасындағы мәдени, тілдік байланыстар бұрынғыдан да нығая түспек. Бұл мәселеде, ортақ түркілік дыбыс қорын, сәйкес дыбыстарды ортақ, бірыңғай әріптермен таңбалау

ісінің маңызы зор. Түркі тілдерінде ондай дыбыстардың саны көп. Біз осы жолды таңдаймыз. Бұған түркі елдерінің бәрі де мудделі – дейді.

Ресей қол астындағы түркі халықтары 1926 жылы латын әліппен көшкеннен кейін «түбі бір түркі халықтарымен бірге боламыз» деген оймен мың жарым жылдық тарихы бар арап жазуынан бас тартып, Түркияның латынға көшуі де содан болатын. Өкінішке орай, 1940 жылы Кеңес Одағы құрамындағы түркі халықтарының әліппен кирилл әліппен күштеп ауыстырды. Нәтижесінде жалпы түркі тілдеріне ортақ қ, Ә, Ң, Ү, Ө, Ү, І, Ә дыбыстары қазақ тілінде жеке дара дыбыс ретінде әліптелсе, езге тілдерде әріптердің комбинациялануы арқылы, тіптен, мысалы қырғыз тілінде орфоэпиялық жағдайға байланысты айтылатын күйге түсті.

Әліппидің осындай – орфография мен орфоэпиялық айырмашылықтары-қырғыздардың кейінгі буындарына үлттық тілін үйренуде кері әсерін тигізуде. Себебі орфоэпияға байланысты жуан дауыстыдан кейін қатаң жуан дауыссыз дыбыстар жазылуы керек. Орфографияда бұл заңдылық сақталмайды. Мысалы, жазылуы Қырғызстан айтылуы Қырғызыстан. Осыдан келіп қырғыз тілінің төл сөздері дыбысталуы жағынан, кейінгі үрпақтар тілінде бұзылып жатыр деген ғалымдар пікіріне ден қойғанымыз жөн.

Қазақ тілінің фонетика саласын зерттеуде үлкен еңбек сіңірген профессор С. Мырзабеков (Мырзабеков: 2004, 247) дыбыс тіркесіне: «Дыбыстар тіркесі – тілдегі дыбыстардың бір-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны. Бұл – халықтың үрпақтан-үрпаққа жалғасып жетілген, жүйеленген сөйлеу өнерінің (қаруының) жемісі, нәтижесі» - дейді.

Қазіргі түркі тілдерінің өткен жолы мен бастап кешкен тарихын нақтылау барысында осы тілде көне дәуірлерде ағаш, тас бұйымдары мен тағы да басқа заттардың бетіне ойылып жазылған таңбалардан сыр шерткен абзал. Бұл туралы А.М. Щербак (Щербак: 1970) өзінің түркі тілдерін зерттеудің көп жылдық нәтижесінің негізінде мынадай тоқтамға келеді: «Между тюркскими языками наблюдается больше лексических и семантических расхождений, чем фонетических и грамматических, это создает большую историческую перспективу лексических и семантических соотношении тюркских языков, что имеет первостепенное значение при изучении историй тюркских языков и народов. ... Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений»- дейді де, түркі тілдерінің жазу тарихы мен мәдени-рухани тарихын анықтау үшін түркілік деңгейге дейінгі кезеңді қарастыру керек екендігін тілге тиек етеді. Мұндағы ойдың астарында жатқан нәрсе аға буын ғалымдарымыздың әр кез сөз етіп жүрген біздің жыл санаумызға дейінгі ойма жазулар мен кешегі VII-VIII ғасырлардағы Орхон-Енесей, X-XIV ғасырлардың ортағасыр жазба мұраларын мензеп отырған сияқты.

К. Мұсаев түркі тілдерінің үлкен теоретигі ретінде Мәскеуден шыққан 6 томдық «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты ұжымдық еңбектің барлық томдарының белгілі тарауларын жазуға белсене атсалысып, оны редакциялау жұмысымен де айналысқан ғалым. К. Мұсаевтың ұсынған жаңаша тұжырымдары осы беделді еңбекте толық көрініс тапқандығын Ресей ғалымдарының түркологияда

бұрынғы қалыптасып қалған қасаң қағидалардан бас тартып, оның пікірлерін қолдайтындықтары деп бағалауымыз керек.

Мәселен, 1799 жылы Венгрияның «Қасиетті Николай» елді мекені төңірегінен руна жазуы бар бірнеше алтынданған ыдыстар табылды. Кейінірек сол қымбат бұйымдардағы жазуды шығыстанушы Ю. Немет оқып, көне түркі руна жазбасы екенін мәлімдеді. Екіншіден, самсаған дәу тастар беттеріне тұтастай сығылыстыра түсірілген жазбаларды оқып, қай халықтың рухани мұрасы екенін білу аса қындық туғызып, істі анықтау ұзаққа созылуынан әр ел ғалымдарының «өз халқының көне жазба ескерткіші болар» деген үмітін оятып, сол саланы зерттеуге, танып, білуге олардың құлышынысын орасан арттырды. Сонымен, көне түркілердің тасқа түсірілген жазуына «руна» сөзінің енгізілуі шетел ғалымдарының бүл құпия жазба ескерткіштердің жұмбақ сырын ашуға деген ниетін күшетті. Әрі дүниенің зиялдық қауымына шешімін тапқызбаған күрделі іске ертеден дамыған елдер «өз мәдениетіміз шығар» деген үмітпен қызығушылық танытып, қолдау білдірді. Ақырында осылай «Руна жазуы» деген халықаралық ғылыми термин қалыптасты. Себебі, көне түркі жазуы скандинавтықтардың ежелгі руна жазуына сырттай үқсастықтары бар еді. Мысалға, *a ā* әріп таңбасы көне түркі руна жазба таңбасында – Хазар руна жазба таңбасында – ; Венгер руна жазба таңбасында болып белгіленді. «Руна» сөзі көне скандинавияша чип, чипа – «құпия» деген мағынаны білдіреді. Осы жазуды алғаш көне Герман тайпалары қолданған дегенде пікір бар.

Скандинавия әдебиеті – дат, исланд, норвег, швед тілдеріндегі әдебиет. Руна жазуы, скандинавия эпостары солардың бәріне ортақ мұра болып есептелінеді. Соған орай, көне түркілердің тастағы жазба шығармаларын оқып тануға елінде руна жазуы бұрын болған шетел ғалымдары белсene араласты. Соның нәтижесінде көне түркі жазба ескерткіштері жөнінде 1662 жылы алғаш рет хабар берген адам – Амстердам қаласының бургомистрі Н. Витzen болатын. Сондай-ақ, орыс армиясының қолына түсіп 13 жыл айдауда болып, Сібірді түгел аралаған Швед офицері Ф.И. Тебберт-Страленберг 1730 жылы Стогколм қаласында неміс тілінде басылып шыққан «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» деген еңбегінде Енисей, Алтай жазба ескерткіштері жайлы бірталай нақты мәліметтер жариялады. Сол сияқты, 1721-1722 жылдары Сібір өлкесін аралаған саяхатшы Д.Е. Миссер-Шмидтің күнделік жазбаларында да қазіргі көне түркі мәдени ескерткіштері жайлы көңіл аудараптың деректер жинақталған. 1890 жылы А.Гейкель бастаған Фин археологтары Орхон жазбаларын зерттеді.

Ресей зиялыштарына көне түркі руна жазба ескерткіштері Бірінші Петр (1682-1725 жж.) түсында белгілі болып, оның нұсқауымен назар аударыла бастады. Соның нәтижесінде, 1695 жылы Тобыл қаласының бояры С.Ремезевтің «Сібір қалаларының шөл далалары мен таулы жерлерінің сыйбасы» атты еңбегінде Талас өзені бойындағы «Орхон тасы» деген мәлімет жариялаған. Сол дерек Өзлиеата (Тараз) уезінің бастығы В.А. Каллаурдың 1898 жылы Талас жазба тастары жайлы хабарлаған мәліметтермен сарындағас. Алайда, Бірінші Петр кезінде Ресейден келген қабір тонаушылар Қазақстан мен Сібір жерлерінен қыруар алтын бұйымдарды алғып кеткен. Олардың біразы әрмитражда сақтаулы. Қысқасы, «өз бабаларының мұрасы шығар» деп ойлаған шетел ғалымдары көне түркі руна жазба шығармаларын ұқыптылықпен зерттеуінің нәтижесінде олар бұрын-сонды болмаған үлкен ғылыми жаңалық ашты. Солардың бірегейі – Даниядағы Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен болатын. Бұл ғалым Орхон бойындағы жазба ескерткішті терең зерттеу барысында тасқа жазылған «Түрік», «Тәңірі» деген сөздерді оқып, осы кезге дейін құпиясын ішіне бүккен тастағы жазу түркі мұрасы екенін дәлелдеп, 1893 жылы 25 қарашада ол зор ғылыми жетістігімен әлем жүртшылығын дур сілкіндірді. Егер В. Томсенді тұған халқының көне мәдениетін іздеуге деген асқақ құлышынысы, ұлттық рух, намысы жетелемесе ол мұндай данқ биігіне көтерілмес еді. Оның үстіне, Құлтегін ескерткішінің екінші жалпақ бетіне тұтастай «Патшаның төл арнауы» деген қытай жазбасы түсірілген. Олай болса, бұл жазба тас қай елдікі екенін қытайлықтар арқылы белгілі ғой.

Осы арада айтарымыз, біздің бірсыпты түркітанушы ғалымдарымыз «Орхон-Енисей» деген сөзді жөнді-жөнсіз жаттанды түрде қолданады да, сол екі атаудың біріктіріліп неге қосарланып айтылатынын білмейді. Мұның да өзіндік дерегі бар. 1889 жылы фин ғалымдары Енисей жазбаларының атласын жасаса, сол жылы орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцев Орхон өзені бойынан тасқа түсірілген Енисей қарпіндегі жазуды тапты. Сол кезден бері қарай көне түркілердің тасқа түсірген рухани мұралары – «Орхон-Енисей жазбалары» деп аталады. Айрықша айтарымыз, мұндай көлемі үлкен, мазмұнға бай, құнды Орхон жазба ескерткіштері бұрын мәдениетке жетпеген, жабайы, варвар санап жүрген көне түркі халқының мұрасы екені ғылыми тұрғыда айқындалғанда бірсыпты шетел шығыстанушылары ондай тұжырымға құдіктене қарап, көне түркі руна жазуы өзге өркениетті халықтардың жазба мәдениеті үлгісінде жасалған деген болжам қалыптастырып, көне түркі руна алфавитін бірнеше елдердің сондай жазуына ұқсатумен болды.

Мысалы, Копенгаген университетінің профессоры, осы көне түркі жазуының тұңғыш кілтін тапқан В. Томсен көне түркі алфавитінің шығу тегін арамей (парсы-арameй, соғды) әріптік жазуының ықпалымен, соған сүйеніп жасалған деген пікір білдірді. Көптеген түркітанушылар В.Томсен болжамын қолдады. Екінші бір топ ғалымдар, атап айтқанда, Н. Аристов, А. Дж. Эмре, И.А. Батмановтар көне түркі жазуына өзге елдердің әріптік жазуының ешқандай қатысы жоқ, бұл алфавит түркі таңбаларының әсерімен, соған ұқсаған көне түркілердің төл мұрасы деген тұжырым білдірді. Сондай-ақ, академик Ю. Клапрот руна жазуының төркіні грек алфавитімен туыстас деп байлам жасады. Көне түркі руна жазба шығармаларын жинап, аударуға қатысқан профессор С.Е. Малов Енисей жазбалары қырғыз халқының көне мұрасы екенін білдірді. Түркітанушылар И.А. Батманов пен К.Юдахин оның пікіріне толық қосылмады. Бұл туралы С.Е. Малов: «К. Юдахин не возражает против киргизов как авторов памятников этой древней письменности. Он только говорит, что пока нет лингвистических данных для сближения языка этих надписей с современным киргизским языком», – деп түсіндіреді (Малов: 1952, 5).

Негізінде, профессор С.Е. Малов Енисей жазба ескерткіштерін жинап, құрастырған еңбегінде алғы сөз ретінде жазған мақаласында Енисей жазбалары қырғыз халқының мұрасы екенін атап айтқан, бірақ сол сөзіне талдау жасап, жауап қайтармаған. Көне түркі руна жазуы және көне түркі руна жазба шығармалары жөнінде осындағы талас пікір әлі жалғасып келеді. Көне түркі руна жазбаларын тілдік тұрғыда зерттеп жүрген профессор А. Аманжолов: «Расын айтқанда, жалпы алғашқы алфавиттің шығу тегі мәселесі, сондай-ақ көне түркі руникалық таңбаларының пайда болуы жөніндегі жұмбақ құні бүтінге дейін толық шешуін таптаған», – деп мәлімдейді (Аманжолов: 1996, 65). Бұл ғалым «әріп пен ен-таңба арасындағы бұлдырып сағым» талай зерттеушілердің адастырғанын айтумен шектеліп, көне түркі руна жазуының пайда болуы жөнінде бірсыныра деректер келтіреді.

Танымал ғалым А. Бахти шумер, скиф және қазақ халқының көне мәдениеті және шумер сына жазуы мен көне түркі және қазақ таңба, белгілері арасындағы ұқастықты салыстыра көрсете келіп: «Наука пока не установила ни подлинного возраста тюркского рунического письма, ни его непосредственного источника», – деген тоқтамға келеді (Бахти: 2002, 29). А. Аманжолов пен А. Баҳтидің осы саланы зерттеуде түпкі тұжырымдарын білдірмесе де, ілгері ұмтылыс жасағаны ғылымға қозғау салғандықтың нышаны.

Көне түркі руна жазуының туып, қалыптасуын, дәуірін білмей сол руна алфавитімен бірнеше ғасырлар бойы жазылған енапат, құнды шығармаларға талдау жасап, ғылыми тұрғыда баға беру мүмкін емес. Ондай зерттеу жұмысы келте біткен іс болады. Бір ғана дәлел – көне түркі руна жазба шығармаларының айқын танылатын, өзге ел жазба мұраларына ұқсамайтын айрықша ерекшелігі барын тағы еске салу қажет-ақ. Өйткені, әрбір әріп – руна алфавитінің өзіндік құпиясы, өзіндік көтеріп тұрған мағынасы сияқты ауыр жүті бар. Кез-келген озық жетістік оқшау тұрып өрге баспайды. Сондықтан көне түркі руна жазуының туып, дамуының тұп-төркінін табу үшін әуелі шығыстағы іргесі ертеден қалыптасқан елдердің жазба мәдениеті мен көне түркі руна алфавиті арасындағы сабактастықтың бар не жоғын анықтау қажет-ақ. Оған қоса көне түркі руна жазуы түркі және қазақ халқының таңба, белгілері әсерімен жасалғанын немесе ықпалы болмағанын білу ниетінде оларды бір-бірімен салыстырып зерттеу құнды мәселенің бірі саналады.

Көне замандағы өзге елдердің әріптік жазуы мен көне түркі руна алфавиті және көне түркі таңба, белгілерін бір-бірімен салыстырып сырын ашқанда, бұл саланы

зерттейтін семиотека тәсілін пайдаланған тиімді. Бұл термин көне грек тілінде «белгі», «таңба» деген мағынаны білдіреді. Түйіп айтқанда, семиотека – жалпы таңбалар жүйесін саралайтын ғылым саласы. Таңбаларды тіл білімі тұрғысынан зерттеуде семиотека іштей үш құрамға бөлінеді. Соңда ғана таңба, белгілердің жұмбақ құпиясы жіктеліп, талданып көрсетіледі. Бұл зерттеуге семиотеканың екінші құрамы сәйкес келеді. Онда таңбалар жүйесін, содан айқындалған сөйлем, сөздің логикалық мәнін, мағынасын танытып, байқалған таңбалар өрнегіне түсінктеме береді. Осы ережеге сүйене отырып, ең бірінші, әлем мәдениетінің алғашқы ошағы атанған Шумер сына жазба белгілері мен көне түркі руна жазуы арасындағы байланыс, сабактастықты салыстырып зерттеу көзделді. Алдын-ала білдіреріміз, Шумер сына жазуында бір белгі-таңба (логография) бір сөзді білдіреді.

Мысалға, Шумер сына жазуындағы мына “” деген белгі–«отан», «жер» деген атауды танытады (Бахти: 2002, 29). Көне түркі руна жазуындағы сол белгіге ұқсас “” алфавиті латынша «d» қазақша «д» деген дыбыстық мағынаны білдіреді («кириллица әрпі» деп айтпай-ақ қоялық). Шумер сына жазуындағы мына “” деген белгі “он” деген сандық атауды білдірсе, көне түркі руна жазуында соған ұқсас “” деген әріп латынша “O, U”, қазақша “О, У” дыбыстық мағына береді. Шумерлердегі мына белгі “” “тұнгі аспан” деген ұтымды танытады. Түркі жазуындағы “ ” алфавиті латынша “pt”, қазақша “нт” деген дыбыстық мағынаны білдіреді. Шумер сына жазуында мына “” деген белгі “аш”–“бір” деген сөзді білдірсе (көне түркі тілінде де сол мағынаны танытады), түркі руна жазуында “I” деген әріп латынша “S”, қазақша “С” дыбыстық мағынаны білдіреді. Шумер жазуындағы “” деген белгі “күн” деген атауды танытса, көне түркі руна жазуындағы “” деген әріп латынша ”M“ қазақша “M” деген дыбыстық мағынаны білдіреді. Шумер сына жазуы мен көне түркі руна алфавиті арасында осындай ұқсастықтар тізе берсе баршылық.

Сондай-ақ, шумерлер мен көне түркі тілдерінде де біршама ұқсастық бар. Мысалға, шумер тіліндегі “ада” қазақша “ата”, көне түркі тілінде “дада, ада” деп айтылады. Шумер тілінде “ама”–қазақша “ана”, көне түркі тілінде сол сөз “ама, аба” деп айтылады. Шумер тіліндегі “думу”–қазақша “ұрпақ”, түркі тілінде «тума» деп айтылады. Шумерлер адамды «Ши» деп атаса түркі тілінде сол сөз «Щи, Чи» деп айтылады. Шумерлер шопанды «Шуба, Сипа» десе, түркі тілінде шопан сөзі «Чупан» деп аталады. Шумер тіліндегі «Еmek» қазақша «тіл» деп аталса, түркі тілінде «емек, емук» деп айтылады. Шумердегі «Уш»–үш сан атавы түркі тілінде де “уш” деп аталады. Шумер тіліндегі “кен” –қазақша “кен” сөзі көне түркі тілінде де “кен” деп аталады. “От” сөзі шумерше “уд” деп аталса, түркі тілінде де солай «уд» деп айтылады. Бұл келтірген дәлелдерімізге шумер және көне түркі тілін салыстырып зерттеген ғалымдардың бірі А. Бахтидің: «Мы рассмотрели 46 слов, из них 33 слова полностью схожи, т. е. более 72%, 13 слов схожи по корню т. е 28 %», – деп жазғаны негіз (Бахти: 2002, 21).

Көне түркі руна жазуы мен Шумер сына жазуы және олардың тілдерінің арасындағы ұқсастықтар көне түркі мәдениеті дүние жүзінде алғашқылардың қатарында қалыптасқанын тағы нақтылай түседі. Сонымен, көне түркілер бағзы заманнан мекендеген Орта Азия, соның ішінде Амудария мен Сырдарияның Аral теңізіне құяр төменгі ағысының аралығындағы Хорезм өнірі – әлемдік мәдениеттің алғашқы бастау алған орталығының бірі болып табылады. Орта Азиядан Месопотамиядағы екі өзен аралығында қоныс аударған шумерлер өздерімен бірге көшпелілер мәдениетінің озық үлгілерін ала келгені, шумерлерге қатысты кез-келген мәселелер төнірегінде салыстырып қарағанда шындыққа сай келіп түрғандығы

танаңлады. Мысалға, көне түркілердің кәсібі – мал шаруашылығы болса шумерлерде де тап солай. Атап айтқанда, көне түркілерде қой тұлғіне қатысты 100 сөз болса, шумерлерде де қой тұқымына қатысты екі жүзге жуық сөз бар екен.

Көне түркілер күнге, отқа, жерге, суға табынса, шумерлер де солай жасап, күн құдайын “Тамуз” деген, қазақта ең ыстық ай “тамыз” деп аталады. Шумерлер Жер, Су құдайын “Энлил”, перзентті қорғайтын құдайын “Иштар” деп атаған. Бұрын шыққан кітапта біз арнайы зерттеп тұжырымдағандай, көне түркілер көктегі жалғыз жаратушы Тәңірге табынса, шумерлер де сол нанымды иеленген. Осы мәселе жайлы А. Баҳтидің: «Шумеры поэтому верховным богом считали древнешумерского бога неба Ану-дингир, что значит бог неба. Интересно, что шумеры свое небесное божество Ану назвали также Дингир. Шумерские звонкие согласные соответствуют тюркским глухим. Например: шумерские “Д” и тюркские “Т”, “Дінгір-төңір”, – деп дәлелдегені біздің пікірімізді нақтылай туследі (Бахти: 2002, 22, 92).

Қысқасы, шумер сына жазуы мен көне түркі руна алфавиті арасындағы ұқастықтар және де бұл екі ел тұрмысындағы ежелден қалыптасқан сабактастықтар көне түркі жазба мәдениетінің түп-төркіні тіпті теренде жатқандығын айғақтап түр. Тіл білімі саласының мамандары бұл мәселені арнайы терендете зерттесе тылымға тың серпіліс туғызатыны байқалады. Көне түркі және қазақ халқының таңба, белгілерінің осы көне түркі руна жазуының жасалуына қатысы бүгінгі кезге дейін ауызға алына қоймаған күрделі де құнды салалардың бірі. Өзгесін айтпағанда, тек ғана аталар жасаған бір таңбаның өзі бір ру, тайпаның бүкіл тұрмыс-тірлігін, кәсібін, наным, сенімін ашып беріп, мәдениет деңгейін танаңтады. Егер қазақ таңба-белгілерін ретімен түтел жинап сыр-сипатын ашса, ең бірінші, қазақ тарихын шынайы түрде толымды етіп жасауға жол басталар еді. Бұл әуелі тарих пен тіл мамандарын ірі жетістікке аппаратын өте асыл қазына. Әрине, бұл қасиетті мұраның кілтін тауып, құпиясын ашуға қара басының, қарнының қамын ойлап, айламен жулқып-тартып корғап, өз мұддесін орындаған соң тояттап қалатын пендelerдің бейшара қарекеті емес, бұған халқының қамын, арын ойлаған, бойында ұлттық намыс оты лаулаған адамдардың күлшынысы керек. Зерттеп отырған тақырыптағы кейбір соған қатысты мәселелердің мәнін түсінікті етіп жеткізуге себепші болатын бабалар қалыптастырыған таңба-белгі жөнінде қысқаша сөз қозғау қажеттілігі байқалады.

Таңба – бағзы заманнан әлемнің бірсыныра елдерінде пайда болып, рутайпалардың ерекше белгі, айғағы, кейде мөрі ретінде қолданылды. Әсіресе, көне түркі және монгол халықтарында белгі, таңба ежелден кең түрде өмірге еніп, сол рутайпалардың елтаңбасы, хан жарлығын білдіретін құжат, жазу есебінде қолданылды. Көне түркі және қазақ белгі-таңбалары – көне түркі руна жазу алфавитін жасауға себепші болды ма? Бұл күрделі сұраққа нақты дәлелдермен және орнықты тұжырымдармен түйіндеп жауап бермекпіз. Бұл орайда әуелі М. Қашқари кітабындағы көне түркі таңбаларын алғып, оны көне түркі руна жазуы алфавитімен өзара салыстырып зерттеу қолға алынды.

Мысалға, оғыз ұлысына қарайтын қайық руының таңбасы «*V*» деп белгіленіпті. Бұл таңба қосағындағы “I” деген белгі көне түркі руна жазуындағы – “I” әрпінің нақ өзі. Осы “I” алфавит латынша “S”, қазақша “С” деген дыбыстық мағынаны білдіреді. Сол таңба қосағындағы “V” деген белгі руна жазуындағы “V” әрпінің көшірмесі. Осы әріп латынша “L”, қазақша “Л” деген дыбыстық мағынаны танаңтады. Әсіресе, мұндағы “V” таңбасы Енисей жазуындағы “V” (Л) әрпінің өзі деуге болады, яғни, екі руна алфавитін қосып бір ру атауын білдіреді (Қашқари: 1985,

85.). Осыны руна әрпінен құралған таңба-белгі деуге мүмкіндік бар. Оғыздардың Салғұр руының таңбасы “” деп белгіленіпті. Осы таңбаның сол жағындағы бөлігі көне түркі руна жазуындағы “” –қазақша “С” деген әріпті танытады. Сондай-ақ, Ігдір руының таңбасы “” деген Енисей жазуындағы – “”, латынша “R”, қазақша “Р” дыбыстық мағына білдіретін әтепе ұқсайды.

Бұған қарап оғыздар руларының таңбасының бірталайы көне түркі руна жазуынан алынған деген ой туары анық. Оған негіз де бар. Оғыздар ұлысы шамамен біздің дәуіріміздегі сегізінші-тоғызыншы ғасырларда құрылып, оған 24 ру қарады. Басқасын ескермегенниң өзінде, одан бір ғасырдан астам уақыт бұрын көне түркі руна жазуымен Орхон, Онгин өзендері бойында дәу тастарға қашап түсірілген тарихи дастандар дүниеге келді. Бұл көне түркі руна жазуының қолданысқа ежелгі дәуірден еркін енгендігін байқатады.

Осы дерек, пікірлерге сүйеніп түркі таңба-белгілерінің бәрі руна жазуынан кейін туган екен деген тұжырым жасауға болмайды. Бұл уақыт әкелген ерекшелік, жаңалыққа және халықтың өз жазуының маңыздылығына ықылас білдіргеніне байланысты өрбіген өзгерістер. Осындаға күні бұрын айтарымыз, көне түркі таңба-белгілеріне араб жазуының ықпалы мулде болған емес. Оған бірнеше себептер бар, біріншіден, ислам дінін көне түркілер бірнеше ғасырлар бойы толықтай қабылдай қоймады, бұрынғыша Тәнірge табыну нанымын сақтады. Екіншіден, көне түркілер таңба-белгілерді тау шатқалына, үлкен тастарға ойып жазуды бағзы заманнан дәстүрге айналдырған.

Айтулы ақын, ойшыл Ш. Құдайбердіұлы жинаған таңба-белгілерде “Дулат таңбасы–“О”, Албан таңбасы– “”, Суандікі – “”, Ботбайдікі – “”, Сайымдік– “”, Қоңырат таңбасы–“П”, Арғын– “”, Қаңлы таңбасы–“Г”, Қыпшақтікі–“И”, Керейдікі– “”, Наймандікі– “” – деп көрсетіп жазған (Құдайбердіұлы: 1991, 11). Бұл таңбаларды ретінен қарай топтап, өзіндік ұсынар ұтымына және көне түркі руна жазба алфавитіне ұқсастығына орай өз тұжырымымызды білдіруге болады. Біріншіден, осында келтірілген Дулат, Албан, Суан, Ботбай, Сайым, Арғын таңбалары көне түркілердің Тәнірge табыну нанымындағы жалғыз жаратушы мекендерген көкке, аспанға тағзым ету, соны құдірет тұтудан туындаған. Көкке табынған шумерлер, түркілер дөңгелек “” шеңберді – көк аспанды танытатын белгі етіп алған. Өрі сол дөңгелек шеңберді өздеріне жазу әрпі есебінде енгізген.

Мысалға, Дулат руының таңбасы “” деп белгіленген, осы таңба Енисей жазуындағы “” – латынша “У”, қазақша “ье” дыбыстық мағына беретін әріптің нақ өзі. Жоғарыда аты тізіп айтылған рулар таңбасы да негізінен осындағы дөңгелек шеңбер, бірақ сол дөңгелек шеңберге қосымша бір немесе екі сзық енгізілген. Бұл қосымша сзық енгізілген таңба сол рулардың түбі өзара туыстас, ағайындағы екенін танытады. Мәселен, негізінен дөңгелек шеңберді сақтап, соған сзық енгізіп, өзіндік таңба еткен Дулат, Албан, Суан, Ботбай, Сайым рулары Ұлы жүз құрамына енеді.

Орта жүзде Қоңырат таңбасы – “П” қазақ халқының дәстүрінде “қасиетті, киелі босаға” деген ұғымды білдіреді. Бұл наным түркілердің Тәнірge табыну қағидасында сақталып, бізге жеткен. Сол “П” деген белгі Енисей жазуында латынша “в”, қазақша “б” дыбыстық ұғымды танытады. Ш. Құдайбердіұлы жинаған таңба-белгілерде қаңлы таңбасы “І” деп белгіленген. Бұл ілгеріде айтқанымыздай, көне түркі руна жазуындағы “І” қазақша “С” дыбыстық ұғымды білдіреді. Найман руының таңбасы “” деген белгі көне түркі руна жазуындағы “” (Л) әрпінен айнымайды. Керей руының таңбасы

“+” деп, немесе Зайсан, Өр Алтайды қоныстанған ашамайлы керейлер таңбасы “X” деп белгіленген. Бұл таңбалар көне түркі руна жазуындағы “X” деген –латынша “d”, қазақша “д” дыбыстық мағына танытатын әріптің өзі.

Академик Ә. Марғұлан жинаған көне түркі және қазақ халқының белгі-таңбалары саны жағынан алдыңғы тұлғалар жинаған белгі-таңбалардан біршама көбірек. Мұнда сонда айтылған таңба-белгілердің біrsыптырасы қайтадан кездеседі. Соған орай Ә. Марғұлан жинаған, тау шатқалынан өзі қағазға түсірген белгі-таңбалардың ішінен әлі сөз етпегендерін ғана алып, көне түркі руна жазба алфавитімен салыстырып, өзара ұқсастықтарын көрсетейік.

Ә. Марғұлан еңбегінде келтірілген Баят ұлысының таңбасы “Q�” деп белгіленген (Марғұлан: 132-б.). Осы таңбалардың бірінші тұрғаны қазақ еліндегі Албан руының таңбасынан айнымайды (Q), ойландыратын көрініс. Баят таңбасындағы екінші тұрған мына белгі “Y” көне түркі руна жазуындағы – “A” - латынша “b”, қазақша “б” деген дыбыстық ұғымды білдіретін әріпке біршама ұқсас. Ал Баяттың үшінші таңбасы «J» көне түркі руна жазуындағы – «J» латынша “t”, қазақша “т” деген дыбыстық мағынаны білдіретін әріптен ешқандай айырмасы байқалмайды.

Бетпақдаладағы Салор Қазан таңбасы – “Y” көне түркі руна жазуындағы- “Y” - латынша “ic”, қазақша “ич” деген дыбыстық мағынаны танытатын әріптің көшірмесі десе келеді. Ә. Марғұланның айтуынша Ноин-Ұла (ғұндар) таңбасы- “Y” көне түркі руна жазуындағы – “Y” латынша “S”, қазақша “Ш” деген дыбыстық мағына беретін әріпке едәуір ұқсайды. Сондай-ақ Кіші жүздегі шекті (Әлім) таңбасы “H” көне түркі руна жазуындағы “H” “H” латынша “n және z”, қазақша “н және з” деген дыбыстық ұғымдарды білдіретін әріпке айрықша ұқсайды. Тізе берсе мұндай бір-бірінен айнымайтын, ұқсайтын таңбалар мен көне түркі руна алфавиті жетерлік. Қытайдағы қазақ тарихшысы Н. Мыңжан қазақ таңбалары жайлы сөз қозғау барысында: “Төртқара таңбасы - “+”; Шекті таңбасы – “Y”, Әлім таңбасы – “Z”, -деп жазады (Мыңжан: 54). Осындағы шекті таңбасындағы алдыңғы белгі Енисей жазуындағы – , латынша “R”, қазақша “Р” деген дыбыстық мағынаны танытатын алфавитке ұқсайды. Әлім таңбасы руна жазуындағы – “Z”, латынша, «ПС», қазақша “HZ” деген дыбыстық ұғымды білдіретін әріпке сәйкес келеді.

Таңба жайлы сөз қозғаған бірсиптыра мамандардың үйғарымынша «Түрік-Орхон жазба алфавитінің 38 белгісінің 29 белгісі түркі руладының таңбасына ұқсас, бірақ бұлар әр қырынан көрсетіледі», – деп пікір білдіріпті (Қазақ Совет энциклопедиясы, 1977, 548). Бұл, біріншіден, нақты дерек жинамай, бабалар жасаған таңба-белгілерге жете үңілмей, жобалап айта салған сөз. Мәселен, осы жазып отырған жұмысқа қайта зер салайықши. Мұнда тек ұқсас ғана емес, бір-бірінен айырмасы ешқандай байқалмайтын, көне түркі руна алфавитіне айналған көптеген таңбаларды келтіріп салыстырып көрсеттік. Бұл мәселені арнайы зерттемей, қолға алып отырған тақырыптың қажетті тұстарына орай сөз арасында айтып отырғандықтан көне түркі руна алфавитінің дәл өзіндей бірталай таңбаларды тізбектеп келтіре беруді қажет деп таппадық. Сонда да тағы, көз жеткізу ниетінде солардың бір, екеуін атап көрсетейік.

Мысалға Кіші жүздегі Таз руының таңбасы- “= ~” көне түркі руна жазуындағы “O” –латынша “O, u”, қазақша “O, У” деген дыбыстық мағынаны білдіреді.

Алаша руының таңбасы – “ҮҮ” руна жазуындағы “Ү” “(Л)” және “Ү” “(Ш)” деген дыбыстық мағынаны танытады.

Адай руының таңбасы – “Ә” көне түркі руна жазуындағы “҆” латынша “҂”, қазақша “Ғ” деген дыбыстық мағынаны көрсетеді. Осы таңбалар көне түркі руна алфавитіне өзгеріссіз еніп тұр. Айрықша білдіреріміз, осылай салыстыра зерттеу барысында байқалғаны – қазақ халқының ру таңбаларының бірталайы сол қалпында руна алфавиті болып қалыптасыпты. Оған мына тек Кіші жұз тайпасынан ғана алған Таз, Алаша, Адай руларының таңбасы айғақ. Екіншіден, Қазақ Совет энциклопедиясында қазақ халқының ру, тайпаларының атын атап және таңбасын келтіріп, арнайы кесте жасап жариялаған. Осы кестеде әр ру таңбасына сол белгінің сыртқы түріне қарап атау берген. Мысалға Жалайыр руының таңбасы мынау “Л”, осы таңбаға «Тарақ» деп атау берілті. Дулат таңбасы – “О”, мұны “Дөңгелек таңба” деп атаган, сол сияқты, Найман таңбасы – “Ү” “Бақан”, Қыпшақ таңбасы – “П” – “Қос әліп”, Алаша таңбасы – “ҮҮ” – “Бақан” деп атапты (Қазақ Совет энциклопедиясы, 1977, 549). Бұл қазақ халқының ру, тайпалары таңбаларының өзіндік ерекшелігіне, маңызына мән бермегендік, тіпті білімсіздіктен сайқымазаққа айналдырғанға үқсайды.

Осы таңбалар түркі–қазақ халқының дүниетанымының кеңдігін, тереңдігін танытады. Мәселен, Жалайыр руының таңбасы – Тәңірге табыну нанымы қағидасы бойынша үш қатпарлы дүние – Көк, Жер, екеуінің ортасын жалғаған Кісіұлы. Үштіктің де өздерінше жолы бар. Бірақ еркі Тәңірге барып қосылған. Дулат таңбасы – Тәңір мекендереген көк аспанның символы. Найман және Алаша таңбалары нұрлы көкті, Қыпшақ таңбасы Тәңірге тартар, мақсатқа жетелер жолды білдіреді. Бұрын айтқанымыздай, көне түркілердің тарихы, мәдениеті, наным, сенімі, жазуы, кәсібі, бәрі-бәрі осы таңба белгілерде шоғырланып жатыр, тек таңба-белгілерді білімділікпен сөйлете білу керек.

Ушіншіден, таңба-белгілердің сол күйінде бәрі бірдей көне түркі руна алфавиті болып қалыптасуын талап ету көңілге қонбайды. Таңба-белгілер өмір қажеттілігіне, мәдениеттің ілгері дамуына, көрші елдермен қарым-қатынасқа, тағы басқа әсер ететін себептерге байланысты біршама толықтыруға, өзгеріске ұшырауы сөзсіз. Мысалға, әлем мәдениетінің алғашқы бастауы атанған Шумер жазуы бірінші кезде өмірдегі зат, болмыстың тұра суреті – пиктография арқылы немесе жобалау, таңбалау арқылы жасалыныпты. Осы саланы зерттеген ғалым А.Бахтидің енбегінде көрсетілгендей, шумерлердің б.з. бұрынғы 3300 жылғы жазуында өздері табынған көк пен жаратушыны – “*” -жүлдізша суретпен, жерді “***” –жолақ сызықтар тартылған көлденен салынған сопақ шеңбермен, тауды “*” үш шың өркешімен, дәнді – “*” қылқанды егіс басын салумен, өгізді, адамды солардың бас суреті арқылы, балық, құсты – солардың суретін тұстастан салумен, суды қосарланған екі толқын сызықпен көрсеткен (Бахти А., 2002, 25-б.). Шумерлер жазуында бір белгі тұра мағынасында бір сөзді білдіреді. Шумерлердің осы алғашқы жазу белгілері кейін біртінде өзгеріске түсті.

Төртіншіден, біздің пайымдауымызша, көне түркі және қазақ халқының ру, тайпа таңба-белгілері айғақтап жария ету және өшірілместей етіп сақталуы үшін көрнекті жердегі жақпар тастарға қашап ойып түсірілген, әсіресе, қазақ халқында бірнеше тайпалар бірлесіп, бір ыңғайлы мекенді таңдаған, сондайы жақпар тастарға өз таңбаларын ойып салып қалдырған. Еліміздегі кейбір тау қойнауларының «Тамгалы тас» атануы соған байланысты. Қысқасы, көне түркі руна алфавиті де сондай, «руна жазуы» деп аталынады. Тайпа, ру таңбалары мен көне түркі руна жазуының алғаш тас

бетіне түсінде де назар аудараптың бірыңғай ынғайластық бар. Бесіншіден, тайпа, ру таңбалары көне түркі руна алфавитіне айналғанда бұрынғы бір ұғымды, яғни, ру атауын білдіретін міндеттің сақтап қалатынын есте ұстап, руна әрпі орнына жүргізуге кедергі ретінде санау – ұстірт айтылған, ойсыз пікір ретінде танылады. Кез-келген таңба көне түркі руна алфавиті міндеттің атқарғанда жазу әрпіне қойылатын талап – бір дыбыстық мағынаны білдіретінін есте ұстau керек. Еуропа ғалымдарының кейбірі көне түркі руна жазуы дамыған елдердің алфавитінің ықпалында жасалған деген болжамы жете зерттемей айтылған даңғазалық сөз ретінде есте ұстau орынды. Осы ғылыми тұжырымдарды түйіндең білдірсек, **көне түркі руна жазуының бірталайы көне түркі және қазақ халқының таңба, белгілерінің негізінде жасалынды.**

Заман ағымына орай, кейін пайда болған түркі ру, тайпаларының бірнешеуі көне түркі руна алфавитінің кейбірін өздеріне ру таңбасы ретінде пайдаланды. Бұл көне түркі руна алфавиті ежелден жасалынып, қалыптасып, халық арасына кен тарағанын байқатады. Құнды мәселенің бірі – көне түркі руна жазуының туып қалыптасқан дәуірі женінде де осы кезге дейін ғылыми тұрғыда орынды тұжырым жасалынбады. Бұл іс жайлы қазір ой білдіріп, зерттеу жасап жүргендер онша байқалмайды. Себебі, XIX ғасырдың аяғында біраз аймақтардағы самсаған тастарға арнайы түсірілген көлемді руна жазулары көне түркі мұрасы екенін білгеннен кейін Еуропа шығыстанушылары бұл жазбаларды әрі қарай зерттеуге онша ықылас білдірmedі. Өйткені, олар осы жазба ескерткіштер өз халқының жәдігері емес екеніне көзі жетті. Бірақ, көне түркі руна жазба ескерткіштерін оқу кілті табылған тұста Еуропа шығыстанушылары Э. Добльхофер, В.А. Истрин және басқалар: руна жазуы – өте ескі жазу түрлері. Бұл жазуды ең алғаш көне Герман тайпалары қолданған, сосын скандинавтықтар да пайдаланған, әрі қарай славяндықтарға тараған деген жорамал жасады. Олардың үйғарымынша руна жазуының туып, қалыптасуы Батыс Еуропа жақтан басталған болып шығады. Бірақ, осы руна жазуының пайда болған дәуір, кезеңі жөнінде олар тұжырымды ештене айтпады.

Еуропа шығыстанушыларының өзгелері бұл мәселе жөнінде үндемей қалғаны – алғашқы жазба мәдениеті шығыста пайда болғанын олар жақсы біледі. Соған сәйкес, біріншіден, Шумер мен қытайлықтардың пиктографиялық, яғни сурет жазуы және идеографиялық ұғымды білдіретін әрпі көне түркі руна жазуымен тамырлас. Өйткені, көне түркілер ежелден мекендеген Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі жазудың алғашқы түрлері пиктография және идеографиялық жазу екеніне көне түркі руна жазуы мен таңба, белгілерді салыстырып талдағанда айқын көз жеткізгендей болдық. Екіншіден, Шығыстағы шумер, қытай, жапондар көне түркілер сияқты бағзы заманда көкке табынды. Бұл пікірімізді Ч. Өміралыуулұның: «Оңтүстіктері зор қоңсымыз қытайлар Көк Тәңірге табынған. Қытайлар Көкті Тхян дейді. Жапондар Тэн дейді. Қытай тілінде “Р” дыбысы жұмсарып, жоғталып айтылады. Қалай айтқанда да «Тәңір» деген сөзben кіндіктес”, – деп жазғаны нақтылай түседі (Өміралыуулұ: 1994, 30-б.). Біз көне түркілердің бас таңбасы жайлы мәлімдедік, көрсеттік, шумерлердің бас белгісі – “Дингир” Көне қытайлардың бас белгісі “” – “тұлденген бұтак”. Бұл “тұп бабадан (бас құдайдан) тараған үрпакпыш” деген мағына береді.

Үшіншіден, Шығыстағы шумер, қытай және көне түркі жазбаларының туып, қалыптасу дәуірі де уақыт жағынан онша алшақ емес. Әуелі шумер жазуының дүниеге келу кезеңін қысқа ғана мәлімдесек, осы ел мәдениетін арнайы зерттеген А. Бахти: уақыттың сол кездегі практикалық талабына орай шумерлердің сына жазуы б.з.б. 2000 жылдар шамасында пайда болғанын мәлімдейді (Бахти: 2002, 45). Бірақ, ол бұл жазу пиктографиялық немесе идеографиялық жазудың қайсысына жататынын ашып

айтпайды. Ал қытай жазба мәдениетінің дәуірі жөнінде Ф. С. Быков: «Көне қытай нанымы мен мәдениеті туралы Инь (б.з.д XVI-XI ғғ.) және батыстағы Чжоу (б.з.д. XI-VIII ғ.ғ.) дәуіріндегі материалдарға сүйеніп айқын айтуға болады. Бұл орайда инъдердің тасбақа қалқанына, малдың сүйегіне түсірген ойлан тап жазбалары және металлға түсірген Чжоу жазбалары айрықша маңызды», –деп тұжырымдайды (Быков: 1966, 31).

Бұл ғалым да қытайдың сол аталған кезеңдердегі қолданған жазуы – сурет жазу ма әлде бір ұғымды білдіретін таңба жазу ма, қайсысы екенін жобалап та білдірмейді. Түйіндей білдірсек, шумерлер жазуы көне түркілер мекендеген Хорезм жазба мәдениетімен (б.з.б. VIII ғ.) қатарласа шыққан. Ал қытай жазуы шумерлер жазуының ізін ала көріне бастады. Қытайда бірінші шумерлерде қалыптасқан иероглиф жазуы әлі сақталып келеді, көшірмесі емес, өздерінше жасалған. Көне түркі жазуының әлемде алғашқылардың қатарында қалыптасқандығына тағы да дәлел келтіріп нақтылай түссек, танымал ғалым Ә. Бекділдаұлының: «Дала пайғамбары Зороатуштра шамамен б.з.д. үш мыңжылдықтың басында өмір сүрген. Ол сақ тайпалары біріккен кезеңде даналығымен танылып, дала мәдениетін жаңа сатыға көтерді. Ойшылдардың жасампаздық жұмыстарының нәтижесінде жазу өнері дүниеге келді. Мұндай өркениетті халық далалықтардан шыққан көнтір тайпасы еді», –деп жазғаны дәлел (Бекділдаұлы: 1998).

Бағзы заманғы бабаларымыздың сондай өркениетке бастаған озық істері дүниедегі көптеген елдерге тарап, түрмис тірлігіне еніп, рухани мұрасына айналғанын Ә. Марғұланның: «Ғұндар туралы әдемі хикаялар, әсіресе, Скандинавия жырларында, германның ескі эпостарында (Нибулин) кездеседі. Ғұндардың жарқын бейнесі Скандинавияның “Ұлы Эдда”, “Кіші Эдда” сияқты дүниежүзілік әдебиетінің сюжеті болып табылған”, –деп жазғаны пікірімізді бұрынғыдан да нақтылай түседі (Марғұлан: 1984, 178). Бұл келтірген деректер мен тұжырымдар көне түркі мәдениеті Скандинавия мен Германия жеріне де тарап, руна жазуы олардың өміршеші шығармаларының туындаудың ықпал жасаған болар деген болжам туындауды. Сонымен, көне түркі руна жазуы – бабаларымыздың көшпелілер мәдениетін, өркениетін жаңа сатыға көтеруінің әсерімен, олардың өмірге бекем енгізіп, пайдаланылған ру, тайпа таңба белгілерінің негізінде тым ерте дәуірде қалыптасып, толысып, өріс тапқан төл жазуы.

Көне түркі руна жазуының туып, қалыптасып, өркендерген тұстарын ұзақ зерттеуден кейін шамамен үш кезеңге бөліп топтауға мүмкіндік туындауды. Біріншісі, сақ тайпалары бірігіп дәуірлеген, Тәнірге табыну діні қалыптасқан (б.з.б. VIII-VII ғ.ғ.) замандағы түркі руна жазуы. Екіншісі, шамамен б.з.б. VI-III ғасырлардағы Ғұн руна жазуы. Үшіншісі, қағандық дәуірдегі түркі жазуы (б.з. VI-VIII ғ.ғ.). Көне түркі руна алфавиті құрамында 38 әріп бар. Осының ішінде төрт арнайы таңба кейбір дауыссыздардың тіркесін беру үшін қолданылады. Атап көрсетсек, “” таңбасы – “нұ” дыбысын; “” – “иң”; “” – “лд”; “” – “рт” дыбысын білдіреді. А. Аманжолов 35 әріпті бөліп көрсетеді. Бұл С.Е. Маловтың осы жайлар жасаған кестесіне сай келеді (Аманжолов: 40). Осы мәселеде әріп саны жөнінде зерттеушілердің айтқан үйірмидары шамалас. Демек, көне түркі руна жазуы шумер, қытай жазуларына қарағанда жинақы, нақтылықпен қалыптасып, өмір тәжірибесінен өтіп, маңызы артып, тозбайтын мұраға айналған. Біздің бабаларымыз көне түркі руна жазуының әрбір алфавитін терең ойлышып жасаған тәрізді. Көне түркі руна жазуы, философиясы, таңба, белгі, суреттері арасындағы ортақ үйлесімділіктің жұмбақ құпиясын айқындаш беріп, бұл мәселелерді әрі қарай тиянақты зерттеуде нақты бағыт сілтеудің қажет ететін зәру мәселелер әлі көп. Мысалға, көне түркі руна жазбаларын зерттеудің өзіндік елеулі ерекшеліктерін білмегендіктен әр елдің саяхатшы, археологтары түркілердің руна

жазба шығармалары мен таңба, белгілері төнірегінде ойына келгендей жасауды жалғастырып, бабалар сан ғасырлар бойы жақпар тастарға ойып түсірген жазба мұраларды бұлдіріп, киратып, опат қылуы мүмкін.

Бұган көңілі ояу адамға аян нақты деректерді келтіреік. Дәу тасқа қашап түсірілген түркі жазба мәдени ескерткіштеріне археологиялық жұмыс жүргізу, түркілердің Тонықөк, Құлтегін, Білге қаған, Құл-чор сияқты атақты батыр, қолбасшы, даналарына арналған мәдени ескерткіштердің астын қазу, олардың қабірлерін ізден өзге жазба ескерткіштерді бұлдиру сияқты әрекеттер Еуропа шығыстанушылары тарапынан екі жарым ғасырдан бері жалғасып келеді. Бабалардан қалған аса құнды мәдени ескерткіштердің бірталайы жойылып, орнында үйілген топырақ қалды. Бірсыныра мәдени мұралар тонауга түсті. Бір ғана Орхон жазбасы жөнінде түркітанушы ғалым Қ. Сартқожаұлы: «В.В. Радлов Ресейдің Алтай жерінен сегіз нысанды қазды. Оны «қабір» деп таныды. 1911 жылы А.В. Адрионов Шығыс Қазақстанның Қарақаба деген жерінен үш шарбақ тас қазып, оны да «қабір» деді. Кошо-Цайдам кешенін қазған О. Гейкель 1891 жылы қысқаша есебін жариялады. Ал В.В. Радлов Кошо-Цайдамдағы бір шарбақтас түрған орын мен Құлтегін, Білге қаған кешендері орналасқан үйіндіні қазып, қабір орнын іздейді. Алайда, қабір табылмайды», – деп қынжыла баяндайды (Сартқожаұлы: 2003).

Одан кейін де көне түркі мәдени ескерткіштеріне археологиялық жұмыстар жүргізу жалғаса берді. Өсіресе, есімі әлемге әйгілі қолбасшы, даналардың жазба ескерткіштерін, сол мандағы әр түрлі мәдени жәдігерлерді, тас шарбақтарды қазу, құлату, сындыру орын алды. Құлтегін, Тонықөк, Білге қаған және басқа тұлғалардың қабірін табу үшін оларға арналған мәдени жазба ескерткіштерді қазу халықаралық дәрежеде жүргізілді. Мысалы 1957-1958 жылы Моңғол-Чех біріккен экспедициясы осы ескерткіштердің астын қазумен арнайы айналысты. Атап айтсақ, олар 1957 жылы Құлтегін ескерткішінің астына қазба жұмыстарын жүргізді. Бірақ, қабір табылмады. Одан кейін, 2001 жылы Түркия экспедициясы Білге қаған ескерткішінің астын қазады. Бұлар да адам қабірін кездестірмеген. В.В. Радлов 1892-1899 жылдар аралығында Орхон экспедициясын басқарып барғанда қазба жұмыстарын қалай жүргізгенін ешкім білмейді, айтылған да емес.

Мұндай аса құнды жазба ескерткіштерді қазып, солардың астынан Құлтегін, Тонықөк, Білге қаған мұрдесін ізден, қымбат рухани мұраларды бұлдірудің себебі неде? Ондай әрекетке бару, біріншіден, көне түркілердің ежелден қалыптасқан мәдениетін, дәстүр-салтын, нанымын, дінін, тарихын, жазуын білмегендіктің салдарынан туындаған. Түркілердің көктегі жалғыз жаратушы Тәңірге табыну нанымы, діні қағидасында өлген адам мұрдесін өртеп жібереді, құлін желге ұшырады. Екіншіден, Тәңірлік дін қағидасы бойынша дүниеден өткен адам аруаққа айналып, көктегі жаратушының қасына барады. Түркілердің, қазақ халқының “Аруаққа тапсырдым” деп айтуы содан туған. Көне түркі дәстүрі бойынша аруаққа айналған адамның денесі От – жарылқаушы құдіретке тапсырылады. Мәселен, Құлтегінге арналған тастағы жырдың соңында, сол ескерткіштің оңтүстік-шығыс жағындағы жазу «Қазір қайтыс болды, кекке ұшты. Тәңірі тірі еткізді» деп жазылған ғой (Труды Орхонской экспедиции, 1892-1899, 19).

Көне түркі нанымын, дәстүрін білмесек, профессор Л. Гумилев: «Құлтегін мәйітінің өртелген күлі император Сюаньзун жіберген қытай шеберлері түрғызған тамаша ескерткішпен көмкерілді. Осы құрылыштың қираған орнын 1889 жылы Н.М. Ядринцев ашқан болатын», – деп жазды ғой (Гумилев: 328). Үшіншіден, Еуроорталық Шығыс және көне түркі мәдениеті тұрасында теріс пікір, болжам қалыптастырып,

ұнемі қырын қарауда. Олар көне түркі мәдениетіне деген өз көзқарасын сақтау үшін, әрі бұл жазба мұраларды түркілерге қимай, арнайы зерттеу жұмысын жүргізген болар. Сосын, олар ел байлығы болып табылатын алтын, күмісті қаған басқарушыларына арналған ескерткіштер астына қоса көмгөн болуы мүмкін деген ойда болған. Ирі империялар әр түрлі саясатпен қаржы бөліп, ақша берсе экспедиция мүшелері ескерткіштердің астан-кестеңін шығарып қазуға ықыласпен барады.

Сонымен, маңызды тұжырымдарды топтап айтсақ, көне түркі және қазақ таңбабейне өнері мен философиясы және руна жазба шығармалары арасындағы үйлесімділік – көне түркілердің Тәңірге табыну нанымының қағидаларынан туындаған. Сосын, түркілердің наным-сенімі, дәстүрі, түркілік рух, нағыс, психологиясы көне түркі руна жазба шығармаларына және түркі таңба, белгі, суреттеріне басты өзек болып тартылған, соған орай өзара үйлесімділік тауып тұр. Бұл түркі наным, дәстүрінің күнды, маңызды екенін танытады. Сондай-ақ, көне түркі руна жазба шығармаларының және таңба, белгілерінің кең ұғымды білдіретіні – көне түркілердің дүниетанымының биіктігіне байланысты. Түркілердің наным-танымынан терен философиялық тұжырымдар туындауы – бабалар табигатқа табынып, жаратылыш заңдылықтарын түсініп отырып, соған негіздел өздерінің нанымын, дәстүрін қалыптастырды. Табигат заңы өзгермейтін мәңгілік болса, содан өрістеген көне түркі тәңірлік философиясы да тозбайтын рухани мұра.

Сол сияқты, көне түркі таңба, белгі, сурет-бейне өнері ежелден қалыптасып кең көлемде дамуына орай әрі терең мағыналығына сәйкес арнайы зерттеуді қажет етеді. Көне түркі және қазақ халқының таңба, белгі, сурет өнері ежелден қалыптасқаны айқындалды. Көне түркі руна алфавиті әлемде алғаш жасалған жазба алфавиттердің бірі екені тұжырымдалды.

Айрықша айтар нәрсе, көне түркі руна алфавиті шығыстағы мәдениеті ежелден қалыптасқан Шумер және қытайлардың жазба әрпімен сабактастықта, бір-біріне ықпал етуі арқылы бекем қалыптасты. Көне түркі және қазақ халқының таңба, белгілері руна жазуының туып жасалуына әсер етті. Қөптеген таңбалар руна жазуына айналғаны зерттеу барысында салыстырып талдау арқылы мәлімденді. Көне түркі руна жазуының ежелгі дәүірде жасалынып, ел- жұрт арасына кең тарауына байланысты түркілердің кейін өмірге келген бірсызыра рулардың жеке таңбасы болып қалыптасты. Ең бастысы – көне түркі нанымын, дәстүрін, салтын, тәңірге табыну дінінің қағидаларын білмей көне түркі руна жазба шығармаларына зерттеу жасау мүмкін емес. Осы талапты қатаң ескеріп, көне түркі руна жазба шығармаларының өзіндік ерекшелігін білу, игеру қажет.

ӘДЕБІЕТ

Аманжолов А. (1996), *Түркі филологиясы және жазу тарихы*. Алматы: Санат, 1276.

Бахти А. (2002), *Шумеры, скифы, казахи*. Алматы: «Кочевники», , 215 с.

Бекділдаұлы Ә. Зороатуштра // Қазақ батырлары 1998, № 1.

Быков Ф.С.(1966), *Зорождение общественно-политической и философской мысли в Китае*. М: Наука, 240 с.

Гумилев Л.Н. (1994), *Көне түріктер*. Алматы, Білім, 502 б.

Құдайбердіұлы Ш. *Түрік, қыргыз-қазақ ńәм хандар шежіресі*. Алматы: Қазақстан, 1991, 200 б.

Қазақ Совет әнциклопедиясы. (1977), Алматы: 10-том, , 650 б.

- Қашқарі М. (1985), *Tүрік сөздігі*. III-том. Алматы: Жазушы, 340 б.
- Малов С.Е. (1952), *Енисейская письменность тюрков*. М.-Л. АНСССР., 370 с.
- Мыңжан Н. (1994). *Қазақтың қысқаша тарихы*. Алматы: Жалын,
- Марғұлан Ә. (1984). «Тамғалы тас» жазуы». // Жұлдыз №1.
- Өмүралыуулұ Ч. (1994), *Теңірчилік*. Б. Крон, 286 б.
- Сартқожаұлы Қ. (2003), «*Тасқа түскен тарихтың тарқатылмаган түйіні көп*» // «Қазақ әдебиеті» 14. 11.
- Түркістан халықаралық энциклопедия*. (2000), Алматы:, 502 б.
- Труды Орхонской экспедиции. Санкт-Петербург. 1892~1899, 210 с.

**DİVÂNU LUGÂTİ'T-TÜRK'TEKİ KIPÇAK SÖZ VARLIĞININ KAZAK
TÜRKÇESİNDeki GÖRÜNÜMÜ / KIPCHAK VOCABULARY WRITTEN IN DIVAN
LUGAT AT TURK IN KAZAKH LANGUAGE**

Muhammed KARASU^{*}

Özet

Tarih boyunca farklı coğrafyalarda birçok devlet kuran Türkler, gittikleri yerlerde, kurdukları devletlerde Türk dilinin de gelişmesi için çaba harcamışlardır. Bu çabaların sonucunda Türk dili farklı kültürlerin etkisiyle sürekli gelişmiş ve birbirinden farklı kollar halinde yaşamıştır. Farklı kollar halinde varlığını gösteren Türk dilindeki bu gelişme, lehçeler arasında farklı yapıların, özellikle farklı kelimelerin, kullanılmasına da sebep olmuştur. Tarihî lehçelerin doğal varisi olarak devam eden çağdaş lehçelerde ise, tarih içindeki içtimai, siyasi ve iktisadi etkenlerin de etkisiyle tarihî lehçelerle ilgili olmayan birçok yapı ve kelime çağdaş lehçelerde yer almıştır. Türk dilinin ilk lehçeler sözlüğü olduğu kabul edilen Divânu Lugâti't-Türk'te tarihî lehçeler arasındaki morfolojik, leksikolojik farklılıklar belirtilmiştir. Divânu Lugâti't-Türk'te Kipçak Türkçesine ait olduğu bildirilen kelimelerden yola çıkarak, bu lehçenin doğal varislerinden birisi olan Kazak Türkçesinde, Kipçak Türkçesi kaydıyla verilen kelimeler incelenmiştir. Çok uzak yerlerde varlık göstermiş olan Kipçak Türklerinin dil yadigarları sadece Divânu Lugâti't-Türk'te yer alan kelimeler ile sınırlı değildir. Özellikle on üçüncü ve on dördüncü yüzyıllarda Karadeniz'in kuzeyinde ve Mısır'da devlet kuran Kipçaklar, bu coğrafyalarda da kendi dillerini, dolayısıyla kendi lehçelerini geliştirerek devam ettirmiştir. Divânu Lugâti't-Türk'te saptanan Kipçak Türkçesi kelimeleri, sonraki dönemlerde yazılan Kipçak dil yadigarları ile tanıklanmasıdır. Son kertede çağdaş Kipçak lehçelerinden birisi olan Kazak Türkçesinde, bu dil yadigarlarının yaşayıp yaşamadığı belirlenmek istenmiştir.

Anahtar Kelimeler: Divânu Lugâti't-Türk, Kipçak Türkçesi, Kazak Türkçesi Söz varlığı, Türk tarihi.

Abstract

Turks, throughout their history created several empires in various regions of the world and made great efforts to preserve and develop the Turkic language in the conquered territories. As a result, under the influence of local cultures Turkic language has received a new round of development, continued to exist and divided into many dialects. This article deals with the linguistic features of Kipchak Turks in various regions and the presence of these features in the Kazakh language, belonging to the Kipchak language.

Different boughs indicating the presence of these developments of Turkic language, caused to the use of different structures, especially different words between dialects. A lot of different structures and vocabulary unrelated to historical dialects influenced with social, political and economic factors occur in modern Turkic dialects as the natural continuation of the ongoing contemporary dialects. Morphological and lexicological differences between historical dialects are noted in Divan Lugat at Turk, accepted as the first dictionary of Turkic dialects.

* Türk Dili okutmanı, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Hazırlık Dil Öğretim Merkezi, Türkistan, Kazakistan / International kazakh-turkish university, the teacher of Turkish language, preparatory department, Turkistan/KAZAKHSTAN. muhammedkarasu@hotmail.com.

Beginning from the vocabulary relevant to Kipchak dialect written in Divan Lugat at Turk, vocabulary of Kazakh language noted as Kipchak language was analyzed. Linguistic treasures of Kipchak Turks found in many places are not limited with vocabulary from Divan Lugat at Turk. Kipchaks, who created their empires in the northern Black Sea and Egypt between 13-14th centuries, affected conquered territories with introduction and development of their language, especially their dialects in these regions. Vocabulary of Kipchak language detected in Divan Lugat at Turk written in later periods is showed with Kipchak linguistic heritage. In last stage it is aimed to determine the presence of these features in Kazakh language, belonging to Kipchak language.

Key words: Divan Lugat at Turk, Kipchak language, Kazakh language, Vocabulary, Turkish history.

I-GİRİŞ

Geniş bir alana yayılmış olan Kıpçak Türkleri, Asya ve Avrupa tarihinde etkin olmalarına rağmen kökenleri ile ilgili bazı sorunlar günümüzde halâ devam etmektedir. Kıpçak Türklerinin geçmişlerine yönelik bilgilerin eksikliğinden hangi Türk boyunun devamı olduğu tartışmaya açıktır (Golden, 1997: 99). Kıpçak Türklerinin kökeni sorularla dolu olmasına rağmen, Avrasya bozkırlarında ve Karadeniz'in kuzeyindeki geniş düzlüklerde XIII. yüzyıla kadar toplum ve siyaset hayatında çok etkin oldukları gözden kaçmamaktadır (Golden: 1997, 99).

Kaşgarlı Mahmut "Kıpçak" adını Divânu Lugâti't-Türk'te "□ıfça□" olarak vermektedir. Geniş bir alan yayıldıkları için Kıpçak Türklerinin yurdu Kaşgarlı Mahmut tarafından tam olarak belirtmemiştir. Tek dilli Türk topluluklarından olan Kıpçak Türklerinin, yalnız bir Türkçe konuşukları söulenmektedir (Dankoff/Kelly, 2005: 23). Zaman içerisinde toplum ve siyaset sebeplerinden Kıpçak Türkleri, birçok devletin egemenliğinde yaşadıkları gibi kendilerine ait devletler de kurarak tarih sahnesinde varlıklarını korumuşlardır. Mısır'dan Karadeniz'in kuzeyine ve Avrasya bozkırlarına dağılan bu topluluğun yazı dili, değişerek ve gelişerek yaşamıştır. Çağdaş Kıpçak Türkçesi günümüzde on lehçeye ayrılmaktadır (Öner: 1998, XXIII). Bu makalede söz konusu lehçelerin en kalabalık temsilcilerinden biri olan Kazak Türkçesi üzerine yapılan bu araştırmada Divânu Lugâti't-Türk'te Kıpçak Türkçesi kaydıyla verilen kelimelerin Kazak Türkçesindeki anlam ve biçim görünümleri incelenmiştir.

II-DİVÂNU LUGÂTİ'T-TÜRK'TE KIPÇAK TÜRKÇESİ KAYDIYLA VERİLEN KELİMELER

Araştırmada Divânu Lugâti't-Türk'te Kıpçak Türkçesi kaydıyla geçen kelimeler yazı çevrimleri ile verilmiştir. Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde bu kelimelerin tarihî kaynaklarda - varsa- anlamı ve biçimini belirtilerek Kazak Türkçesinde tanıklanmaya çalışılmıştır. Divânu Lugâti't-Türk'te bulunan kelimeler, Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanmaya çalışılmıştır. Bazı kelimeler Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde tanıklanmasına rağmen Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır. Bazı kelimeler ise Kazak Türkçesinde tanıklanmasına rağmen Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde tanıklanamamıştır. Bütün bunların dışında ise Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamayan kelimeler de vardır. Her kelime ayrı ayrı incelenerek geçtiği döneme ait bilgiler verilmiştir. Taranan eserler ve sözlükler ise kelimelerin yanında kısaltmalar ile belirtilmiştir.

alıq "her şeyin kötüsü" (DLT, 139)

< *al* + *iğ* (Önad). EDPT: 135b; ESTY (1974): 145

“Korkak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde “alığ” biçiminde geçmektedir (KıpTS, 7). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

aruķ “sıiska, zayıf, cılız” (DLT, 153)

< *aru* + *ķ* (Önad). EDPT: 214a; ESTY (1974): 187

“Zayıf, cılız” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *ariķ*, *aruķ*, *ark*, *ariħ* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 11). Kazak Türkçesinde *arik* (II) “arık, zayıf” (KazTS, 21b), *ariķ* “arık, zayıf, sıiska” (KTTS, 51b) biçiminde tanıklanmıştır.

ayığ “ayı” (DLT, 162)

< *ayığ* (Ad). EDPT: 5b; TDES: 28a

“Ayi” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *ayu* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 19). Kazak Türkçesinde *ayuv* “ayı” (KazTS, 25b), *ayu* “1. ayı, 2. müthiş, korkunç, dehşet” (KTTS, 58b) biçimlerinde tanıklanmıştır.

azak “ayak” (DLT, 131)

< *ađ* + *aķ* (Ad). EDPT: 45a; ESTY (1974): 104; TDES: 26a

“Ayak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *ażak*, *adaķ*, *ayağ*, *ayaķ* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 19). Kazak Türkçesinde *ayaq* (I) “ayak” (KazTS, 25b), *ayaķ* “1. ayak, 2. sandalye ve benzeri şeylerin ayağı, 3. son, sonu” (KTTS, 58b) biçiminde tanıklanmıştır.

bāl “bal” (DLT, 168)

< *bāl* (Ad). EDPT: 330a; ESTY (1978): 47; TDES 34b

“Bal” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *bal* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 22). Kazak Türkçesinde *bal* (I) “bal” (KazTS, 35b), *bal* I “1. bal, 2. tatlı, lezzetli” (KTTS, 76a) biçiminde tanıklanmıştır.

bulān “vahşi bir hayvan” (DLT, 204)

< *bu* + *lān* (Ad). EDPT: 343a; ESTY (1978): 260

“Vahşi bir hayvan” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

büt- “gelişmek, doğmak, yaratılmak” (DLT, 215)

< *büt-* (Geçişli Eylem). EDPT: 298b; ESTY (1978): 150

“Doğmak, yaratılmak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde “inanmak, kabul etmek” anlamında *büt-* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 40). Kazak Türkçesinde *bitüv* “bitmek, tükenmek” (KazTS, 59b), *bit-* “1. bitmek, tükenmek, 2. hazır hâle gelmek, 3. iyileşmek, 4. yetişmek, büyümek, bitmek, 5. ortaya çıkmak” (KTTS, 105a) biçiminde tanıklanmıştır.

cigi “sağlam” (DLT, 216)

< cig + i (Ad). EDPT: 911a

“Sağlam” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde tanıklanamamıştır. Kazak Türkçesinde *jiyi* “1. sık, gür, 2. sıkça, tekrar tekrar” (KTTS, 179a) biçiminde tanıklanmıştır.

cinçü “inci” (DLT, 216)

< cinçü (Ad). EDPT: 944b; 190b

“İnci” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde *inçi*, *inçü*, *yençü*, *yinçi* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 111). Kazak Türkçesinde *incüv* “inci” (KazTS, 326), *inju* “inci, mercan” (KTTS, 671a) biçimlerinde tanıklanmıştır.

çuwğa “keşif yapan kimse, kılavuz” (DLT, 244)

< çuw + ḡa (Ad). EDPT: 395b

“Kılavuz” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

epmek “ekmek” (DLT, 260)

< ep + mek (Ad). EDPT: 12a; ESTY (1974): 254

“Ekmek” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde *etmek*, *itmek*, *ötmek* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 77). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

ewet “evet; pekiyi, tamam” (DLT, 273)

< ewet (İlgeç). EDPT: 935a

“Evet, pekiyi, tamam” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde *evet* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 77). Kazak Türkçesinde *iyæ* “1. evet, 2. ne, ne de, ya, 3. peki, tamam, olur” (KTTS, 205a) biçiminde tanıklanmıştır.

ılığ “ılık” (DLT, 280), (DLT, 691)

< yılı + ḡ (Ad). EDPT: 925a

“İlk” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde *ılı*, *yılı*, *yılı* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 101). Kazak Türkçesinde *cılı* “ılık” (KazTS, 112a), *jılı* “1. ilk, 2. merhametli, şefkatli” (KTTS, 192a) biçimlerinde tanıklanmıştır.

kât “herhangi bir ağacın meyvesi” (DLT, 412)

< ƙât (Ad). EDPT: 593b; ESTY (1997): 333

“Herhangi bir ağacın meyvesi” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

kâtlan- “(ağaç) meyvelenmek” (DLT, 413)

< ƙât + la + n (Eylem). EDPT: 602a

“Ağacın meyve vermesi” anlamına gelen bu kelime Tarihi Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

kayu “hangi, hani” (DLT, 418)

< **کay + u** (İlgeç). EDPT: 632b; ESTY (1997): 191

“Hangi” soru ilgecinin eski biçimini olan bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *kayı*, *ķayın*, *ķayu* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 133). Kazak Türkçesinde *qaysı* “hangi” (KazTS, 155b), *kaysı* “hangi, hangisi” (KTTS, 275a) biçimlerinde tanıklanmıştır.

kazıñ “kayın; evlilik sonucu edinilen akrabalar” (DLT, 389), (DLT, 420)

< **қадын** (Ad). EDPT: 602a; ESTY (1997): 213; TDES: 222a

“Evlilik sonucu edinilen akrabalar” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *ķayın* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 133). Kazak Türkçesinde *qayın* “hanımın veya kocasının akrabaları” (KazTS, 156a), *қayın* “kayın” (KTTS, 276a) biçiminde tanıklanmıştır.

kemi “gemi, sandal” (DLT, 302)

< **kemi** (Ad). EDPT: 721b; ESTY (1997): 36; TDES: 153b

“Gemi” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *keme*, *kemi*, *kime*, *kimi* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 137). Kazak Türkçesinde *keme* “gemi” (KazTS, 128a), *keme* “gemi” (KTTS, 227b) biçiminde tanıklanmıştır.

ketü “çolak” (DLT, 310)

< **ket + ü** (?) (Ad).

“Çolak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

ķarnāk “(köle-) kız; cariye” (DLT, 427)

< **ķırnāk** (Ad). EDPT: 661b; ESTY (1997-2): 245; TDES: 239a

“Cariye” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *ķarnaķ* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 145). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

koru “dikenli çit” (DLT, 443)

< **kor + u** (Ad). EDPT: 645a; ESTY (1997-2): 76; TDES: 253a

“Dikenli çit” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde tanıklanamamıştır. Kazak Türkçesinde *qora* “evin avlusу, ahır” (KazTS, 172b) biçiminde tanıklanmıştır.

kök “kök, köken” (DLT, 319)

< **kök** (Ad). EDPT: 708a; ESTY (1997): 92

“Köken” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

ķumlāk “şerbetçi otu” (DLT, 449)

< **ķum + lāk** (?) (Ad). EDPT: 628a; ESTY (1997-2): 141

“Şerbetçi otu” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde “şarap” anlamında *kumla**K* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 162). Kazak Türkçesinde *qulmaq* “bir nevi bitki. İnce ve bir şeye sarmaş dolaş olarak büyür” (KazTS, 180a) biçiminde tanıklanmıştır.

kurmān “yay kılıfı, yaylık” (DLT, 452)

< *kur* + *mān* (?) (Ad). EDPT: 660a; ESTY (1997-2): 167

“Yay kılıfı” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *kurman* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 164). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

kuzgır- “fırtına çıkmak” (DLT, 458)

< *kuz* + *gır* (Eylem). EDPT: 683b;

“Siddetli biçimde kar fırtınası çıkması” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

ögle “ögle vakti” (DLT, 383), (DLT, 384)

< *öy* + *le* (?) (Ad). EDPT: 55b; TDES: 314a

“Ögle vakti” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *evle*, *eylen*, *öyle*, *öyen* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 77). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

sēn “sen” (DLT, 482)

< *sēn* (Adıl). EDPT: 831b

“İkinci tekil şahıs, sen” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *sen*, *sin* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 231). Kazak Türkçesinde *sen* “sen” (KazTS, 239b), *sen* “ikinci teklik şahıs, sen” (KTTS, 479a) biçiminde tanıklanmıştır.

solāk “dalak” (DLT, 499)

< *sola* + *k* (?) (Ad). EDPT: 826a; TDES: 103a

“Dalak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

susgāk “kepçe” (DLT, 510)

< *susgāk* (Ad). EDPT: 856a; TDES: 378a

“Kepçe” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde “su kabı, kova” anlamında *susa**K* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 243). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

tōz- “soğuktan açılmak; acıyla katlanmak” (DLT, 588)

< *tōz-* (Eylem). EDPT: 572b

“Soğuktan açılmak, acıyla katlanmak, dayanmak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *dōz-*, *düz-*, *tōz-* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 65). Kazak Türkçesinde *tōziūv* “dayanmak, alışmak” (KazTS, 275b), *tōz-* “dayanmak, direnmek, sabretmek” (KTTS, 547a) biçiminde tanıklanmıştır.

uçān “iki yelkenli tekne” (DLT, 613)

< uç + ān (Ad). EDPT: 28b

“Yelkenli tekne, küçük gemi” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *uçan* biçiminde geçmektedir (KıpTS, 291). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

ükil “çok” (DLT, 635)

< ük + il (Belirteç). EDPT: 106a

“Çok” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *ökiüş*, *ükiüş* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 210). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

yawlāk “kötü” (DLT, 676)

< yawlāk (Ad).

“Kötü” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *yavla*□ biçiminde geçmektedir (KıpTS, 315). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

yazguk “atın meme ucu” (DLT, 677)

< yaz + ḡuḳ (?) (Ad).

“Meme ucu” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

yey- “yenmek, alt etmek” (DLT, 685)

< yeñ- (Eylem). EDPT: 942b; ESTY (1989): 187

“Yenmek, mağlup etmek” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *yen-*, *yeñ-*, *yin-* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 318). Kazak Türkçesinde *cenüb* “1. yenmek, 2. idare etmek, yönetmek” (KazTS, 100a), *jen-* “yenmek, üstün gelmek, zafer kazanmak” (KTTS, 174b) biçimlerinde tanıklanmıştır.

yopılā- “aldatmak” (DLT, 702)

< yop + ī + lā (Eylem).

“Hileyle aldatmak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

yut- “yutmak” (DLT, 713)

< yut- (Eylem).

“Yutmak” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde *yovut-*, *yud-*, *yut-* biçimlerinde geçmektedir (KıpTS, 327). Kazak Türkçesinde *cutuv* “yutmak, sindirmek” (KazTS, 108b), *jut-* “1. yutmak, 2. hazmetmek, sindirmek, 3. yok etmek, ortadan kaldırmak” (KTTS, 188a) biçimlerinde tanıklanmıştır.

yükünç “namaz” (DLT, 717)

< yükün + ç (Ad). EDPT: 913a

“Namaz” anlamına gelen bu kelime Tarihî Kıpçak Türkçesinde yükünç biçiminde geçmektedir (KıpTS, 332). Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır.

III-SONUÇ

Divânu Lugâti'-Türk'te Kıpçak Türkçesi kaydıyla verilen kelimelerden otuz sekiz tanesi bu çalışmaya konu edilmiştir. Bu otuz sekiz kelimedenden yirmi beş tanesi Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde belirlenmiştir. On sekiz kelime ise Kazak Türkçesinde tanıklanmıştır. Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde ve Kazak Türkçesinde tanıklanan kelime sayısı on altıdır. Dokuz kelime yalnızca Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde, iki kelime yalnızca Kazak Türkçesinde tanıklanmıştır. Yirmi üç kelime Divânu Lugâti'-Türk'te ve Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde aynı anlamda geçmektedir. Üç kelimenin ise Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde anlamının değiştiği görülmektedir. Kazak Türkçesinde tanıklanan on altı kelimenin anlamı ile Divânu Lugâti'-Türk'teki anlamı aynıdır. İki kelimenin anlamının değiştiği görülmektedir. Hem Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde hem de Kazak Türkçesinde aynı anlama sahip kelime sayısı ise on dörtür. On kelime ise ne Tarihî Kıpçak söz varlığı içinde ne de Kazak Türkçesinde tanıklanamamıştır. Bu sayısal veriler sayesinde Divânu Lugâti'-Türk'te Kıpçak Türkçesi kaydıyla verilip bu çalışmaya dâhil edilen otuz sekiz kelimenin zaman içerisinde kullanımının devam edip etmediği, anlam bakımından değişip değişmediği ortaya konulmaya çalışılmıştır.

KAYNAKÇA VE KISALTMALAR

Clauson, Sir Gerard (1972), *An Etymological Dictionary of the Pre-Thirteenth-Century Turkish*; Clarendon Press; Oxford. (EDPT)

Dankoff, Robert - Kelly, James (2005), (çev.: Seçkin Erdi/Serap Tuğba Yurteser); *Kaşgârlı Mahmûd Dîvânü Lugâti'-i-Türk*; Kabalcı Yayınları, İstanbul. (DLT)

Eren, Hasan (1999), *Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü*; Ankara. (TDES)

Golden, Peter B. (2002), (çev.: Osman Karatay); *Türk Halkları Tarihine Giriş. Ortaçağ ve Erken Yeniçağ'da Avrasya ve Ortadoğu'da Etnik Yapı ve Devlet Oluşumu*; Karam Yayınları; Ankara.

Koç, Kenan - Bayniyazov, Ayabek - Başkapan, Vehbi (2003); *Kazak Türkçesi Türkiye Türkçesi Sözlüğü*; Akçağ Yayınları; Ankara. (KTTS)

Öner, Mustafa (1998), *Bugünkü Kıpçak Türkçesi*; Türk Dil Kurumu Yayınları: 703; Ankara.

Sevortyan, E. V. (1989); *Etimologîcheskiy Slovar' Tyurkskikh Yazikov* (C. I-III); Moskova. (ESTY)

Toparlı, Recep - Vural, Hanifi - Karaatlı, Recep (2007), *Kıpçak Türkçesi Sözlüğü*; Türk Dil Kurumu Yayınları: 835; Ankara. (KıpTS)

Yüce, Nuri - Oralıbay, Hasan - Pınar, Saadet (1984), *Kazak Türkçesi Sözlüğü*; Türk Dünyası Araştırmaları Yayımları:8; İstanbul. (KazTS)

**ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӘДЕБІЕТ ДӘСТҮРІ
– ЖУСІП ЕШНИЯЗҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДА/ DIDACTICAL-PHILOSOPHICAL
LITERATURE BY TRADITION IN THE POETRY OF ZHUSSIP YESHNIAZULY**

Құдайберген МӘМБЕТОВ^{*}

Түйіндеме

Түркі халықтарының ерте дәуірден дәстүрін, ұлттық бірлігін, мәдени өркениетін, әдебиетін дамытып, сақтап келе жатқан дидактикалық әдебиет дәстүрі, қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті тұлғалардың мұралары халықтың өз ортасында жайылып, ұрпақтардың жүректерінде сақталды. Халықтың арасындағы адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болған сөз өнері мұраларының көркемдік тағылымы барлық уақытта да жоғалмайды. Түркі халықтарының дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрінің сақталып дамуы бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген түркі халықтарының қайта жаңғырып, мәдени, рухани өркендер дамуына, Қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясын дамытуына мол септігін тигізеді. Дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрінің сақталуы, дамуы – ежелгі түркі, араб, парсы, ұнды, жалпы Шығыс әдебиетіндегі жазба әдеби дәстүрдің сақталып, жаңғыра жалғасып дамуы. Дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрінің дамуына Еуропалық мәдениеттің мазмұндындағы көркемдік-эстетикалық сапалардың да ықпалы болғандығы жоққа шығарылмайды.

Мақалада қазақ ақын-жыраулары мұраларында осындағы сапалық қасиеттердің тоғысы қатарлас дамуының дәстүрі мен жалғастық зандылықтары түрғысында танылатын табиғаты сараланады.

Түркі халықтарының дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрі және қазақ әдебиетінің көп ғасырлық дамуы мазмұнында ұлттық және әлемдік әдебиет дәстүрінің сабактасуының әдеби-тарихи, мәдени құндылықтары, ұлттық әдебиет тарихының көрнекті өкілі – Жұсіп Ешниязұлының әдеби мұрасы қазақ фольклорымен, жыраулар поэзиясымен және сонау Тонықөк, Құлтегін, Білге қағандар армандаған «Мәңгілік Ел» болу мен ел бірлігі, Қазақ хандығының тұтастығы үшін арпалысқан Сыбыра, Асанқайғы, Шалқиіз, Доспамбет, Бұхар т.б. жыраулар шығармаларымен сабактастыра қарастырылады.

Кілт сөздер: Насихат, Түркі қағанаты, дидактикалық-философиялық әдебиет, поэтикалық сұхбат, нақыл сөздер.

Abstract

Tradition of didactic poetry which serves to save tradition, national unity, cultural values, and literature of Turkic people from the early periods causes to spread heritages by well-known persons of Kazakh literature history and to save them in youth memories. Artistic education of oratory the means of human and esthetic upbringing between people will be never lost. The existence and development of Turkic tradition of didactic and philosophical poetry facilitates the great contribution to its development and to the national Kazakh idea “Mangilik El”. The development of didactic and philosophical poetry means the continuation

* филология ғылымдарының кандидаты, К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызыметкері Түркістан-Қазақстан/Candidate of philological sciences, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkology Scientific Research Institute, senior scientist, Turkestan-Kazakhstan.

of literary written tradition of Turkic, Arabian, Persian, Hindi, in general East literature. It is undoubted that the artistic-esthetic tradition from European culture content also contributed the tradition of didactic-philosophical poetry.

The nature between tradition and continuation rules of such kind qualitative approach and its parallel development of Kazakh poetry heritage is deeply analyzed.

The tradition of didactic-philosophical poetry of Turkic people, Zhussip Yeshniazuly's literary heritage and its long-period development is comparatively considered together with Assan Kaigy, Shal Kiiz, Dospambet, Bukhar zhyrau etc. who struggled for unity of people and desired peaceful idea of "Mangilik El", the idea of earlier Tonykok, Kultigin, Bilge etc.

Key words: Edification (Propaganda), Turkic Khanate, Didactic-philosophic literature, Poetic Talking, Aphorisms.

Түркі дәуірінен дәстүрлігін сақтап дамып келе жатқан дидактикалық-философиялық әдебиет XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында өз құндылығымен ерекшеленді.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті тұлғалардың мұралары халықтың өз ортасында жайылып, үрпактардың жүректерінде сақталды. Халықтың ортасындағы адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болған сөз өнері мұраларының көркемдік тағылымы барлық уақытта да жоғалмайды. Қазақ әдебиетінің тарихында талай-талай ақындардың шығармалары әлі де танылмай алғыс жатқаны – тарихтың ақиқаты.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті дамуында бірнеше ерекшеліктері сарапалып көрінеді: біріншісі – ауызша дәстүрлі ақындық-жыраулық дәстүрдің сақталуы, дамуы; екіншісі – ежелгі түркі, араб, парсы, ұнді, жалпы Шығыс әдебиетіндегі жазба әдеби дәстүрдің сақталып, жаңғыра жалғасып дамуы. Осындағы екі арналы әдеби даму жолындағы ақындық-жыраулық өнер мазмұнына, әрине, Еуропалық мәдениеттің мазмұнындағы көркемдік-эстетикалық сапалардың да ықпалы болғандығы жоққа шығарылмайды. Қазақтың ақын-жыраулары мұраларында осындағы сапалық қасиеттердің тоғысы қатарлас дамуының дәстүрі мен жалғастық заңдылықтары тұргысында танылатын табигаты сарапана байқалады.

Қазақ әдебиетінің көп ғасырлық дамуы мазмұнында ұлттық және әлемдік әдеби дәстүрлердің сабактасуы айрықша байқалады. Жеке тұлғалардың шығармашылық қалыптасуы, даралана танылуы халықтың өнердің ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың тұрмыстық дәстүрлеріне сәйкес болды. Әдет-ғұрыптың тұрмыстық дәстүрлеріне поэзияның насиҳаттық арқауы болды. Яғни, ақындар барлық шығармаларында да халықтардың тарихымен, тұрмыс-салтымен тығыз байланысты мәселелерді жырлады. Ақындар халық тұрмысының аса өзекті мәселелерін жырлауда реалистік, танымдық тұрпатты көркем шығармаларды халыққа ұсына білді.

Қазақ сөз өнері тарихында жазбаша және ауызша ақындық дәстүрді ұштастырған шығармашылық тұлғалардың ұлттық мәдениетке қосылған мұраларын талдау, бағалау жалғаса беретін жұмыс. Бұл орайда, біз ұлттық әдебиет тарихының көрнекті тұлғаларының бірі – Ешниязұлы Жүсіп (1871-1927) ақынның әдеби мұрасын қазақ фольклорымен, жыраулар поэзиясымен сабактастыра қарастырамыз.

Ақынның лирикалық, дидактикалық-фольклорлық өлеңдері, айтыстар, дастандары – халық ортасындағы жыршы-термешілердің, әншілердің орындалуы

арқылы сақталды. Кейіннен арнаулы жинақтарда да жарияланды, жеке кітаптары да жарық көрді.

Ақындар – ел тарихының елеулі тұлғалары. Ақын жырлары, әдетте, жырау поэзиясындағыдан нақыл, афоризм түрінде келмейді. Бұл тұргыдан келгенде ақын туындылары мейлінше қарапайым. Алайда ақын поэзиясы жырау поэзиясына қарағанда әлдеқайда елгезек, сол себепті де ақын жырларының тақырыбы сан алуан. Өмірде күнделікті болып жатқан оқиғалар, тұрмысқа, салтқа байланысты жырлар, көніл-күй міне, осының бәрі ақын назарына ілінуі мүмкін. Ақындар тіпті жырау өлеңге қосуды айып көрген «ұсақ-түйек» мәселелерді де жыр ете берген (Магаун: 1968, 131).

М.Әуезов: «Қазақтар бөгеліссіз экспроматпен өлең шығара білген адамдарды ғана ақын деп таныған», – десе, ал И.Безверхов: «Қазақтардың түсінігінше ақын дегеніміз бойына ерекше қабілет дарыған, аңғарымпаз да тапқыр, табан аузында кез келген тақырыпқа өлең шығара алатын адам» (Магаун: 1968), – дейді (И.Безверхов. Степные уленчи и акыны. – «Особое присоединение к «Акмоленским обл. Ведомостям», 1893, № 16).

Ақындар шығармалары мен қоғамдық-әлеуметтік қызметтерін ұштастырған олар халықтың құрметіне ие болған. Өмірдегі адамгершілік іс-әрекеттері мен шығармаларындағы ойлары ұштасқан. Сондай абзal жандар – ұлттық мақтанышымыз. Жусіп Ешниязұлының ақындығы – қазақ және әлем әдебиетіндегі дидактикалық-философиялық поэзияның жалғасы.

Жусіп Ешниязұлының ақындығы қалыптасқан өлкеде жалпы қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдеріне ортақ ерекшеліктер байқалады. VIII–XIV ғасырлардағы ежелгі түркілік ортақ әдеби дамуының, оның ішінде Түркістан атырабындағы суфизм ақындарының (Кожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани (Шорахан), Ахмет Иүгінеки т.б.) сарындарының жалғасуы аңғарылады.

Сонымен бірге Шығыстың классикалық әдебиеті және фольклорлық мұралары негізінде дамыған шайырлық (жазба ақындық) дәстүр де кең өрістеді. Бұл әдеби үрдістің жалғасуында VIII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар поэзиясындағы дидактикалық-философиялық сарынмен жырлау дәстүрі де кенейтіле дамытылды.

Синкретикалық өнер тұтастығына құрылған әнші-акындық дәстүр де сақталды. Сөз тұтастығы аясындағы орындаушылық (әншілік, жыршылық) өнерді (термешілік, жыршылық) дамытқан шеберлер ақындар мұраларының сақталуын қамтамасыз етті.

Дидактикалық поэзия дәстүріндегі шайыр (жазба ақындар) мен сұрып салма төкпе ақындарың шығармашылығында ауызша және жазбаша шығарылған дидактикалық-философиялық поэзия дәстүрінің эстетикалық ықпалы дамыды.

Жусіп Ешниязұлы – Сыр бойындағы түркілік дәуірден дамып, дәстүрлігін сақтап келе жатқан дидактикалық-философиялық ақындық өнерді дамытушы тұлға. Осындағы арнасы кең, терен мазмұнды дәстүрден тәлім алған Жусіп Ешниязұлының мұрасы Сыр өлкесіндегі ақындық өнер сипаттарының сан қырлылығын көрсетеді. Ол – Сырдария жағалауларының маңайында халық арасында хат арқылы айтыестанын («Үш шайырдың айттысы», «Бес шайырдың айттысы», «Сегіз шайырдың айттысы», «Он алты шайырдың айттысы») шығармашылық топтың өнер сайысы дәстүрін қалыптастырушылардың бірі.

Сыр сүлейлерінің бірі – Омар Шораяқов 1894 жылы жазған «Сөйле, тілім, жосылып» деген өлеңінде:

Шайырлық жолы шартарап,
Болғаным жоқ түсініп.
«Адасқанның алды жөн»
Ортаңа түстім шешіліп.
«Пәлі, жорғам, дұрыс!» деп,
Көңілімді қойдың өсіріп.
Көңілінді, халқым, аулайын,
Сөз саумалап ішіріп (Шораяқов: 1984, 8].

«Шайырлық жолы шартарап», «Болғаным жоқ түсініп» деген өлең жолдары арқылы ақын поэзияның ауыр жүтімен қоса қаншалықты азаматтық міндет жүктейтінін түспалдаған жеткізіп отыр. Демек, «Шайырлық» халық тарихының шындығына үнемі көз тігүі, адам өмірінің қалыптасу жолдарын шынайылықпен бейнелеуі, адамзат армандарын азаматтық парызым деп өлең өрнегімен паш етуі, соның нәтижесінде шайыр шығармаларының көптің көкейіне жету сырьы көбінесе оның елге етene жақын жүріп, қайнаған өмірдің қақ ортасында болуына байланысты.

Сыр өңіріндегі ақындардың өзіне дейінгі және өзімен тұстас жыр сүлейлерін дәріпте жырлайтын дәстүрі бар. Мысалы, Базардың «Сөйле, тілім, жалпылдан», Тұрмағамбеттің «Әр елдің бар бұлбұлы», Омардың «Ұстаздарым», Нартайдың «Мен кіммін», Қуаныштың «Сымбатты Сырдың сұлу сүлейлері» деген терме-толғаулары бар. Жүсіп Ешниязұлы да «Ұстаз» атты толғауында, сонау Фердоуси, Сәйхалиден бастап берідегі Абай, Бұдабай, Әзілкеш, Ерімбет, Шәді, Тұрмағамбет, Омар, Есенжол, Қаңлы Жүсіп, Шегебайларды өзіне ұстаз тұта жырлайды. Бұлайша жырлау дәстүрін кейін Салқынбаев Тұрымбет, Құлмырзаев Кенжеқожа, Молдахмет Дабылұлы, Баймағамбетов Қуаныш, Үркімбаев Төлеубай, Көкенов Манап және т.б. жалғастырды.

Сыр өңіріндегі айтис ақындарының шығармашылығында қазақтың әнші ақындары айтыскерлік өнері ізіндегі шеберлік үлгісі де өрістеді. Атақты Біржан салдың, Шашубайдың, Исаңың айтystары – бүкіл әнші ақындар мектебіндегі өзекті желі болып келеді. Бұл желі XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап қалыптаса бастаған әнші ақындар поэзиясының ақындық даусын шығарған құралы болып келеді.

Әншілік-композиторлық пен ақындық атты арқалы шабытты екі өнердің туын көтерген Сырдың әнші ақындары Ешнияз, Нартай, Мұзарап, Құнделбай және Молыбаев Нұғыман, Құлмырзаев Молдағали, Жүргенбаев Әбділда, Дұрбаев Құтбай, Арапбаев Жалғасбайлар Сыр өлкесіндегі айтис өнерінде өздеріне лайық із қалдырды. Жүсіп Ешниязұлының ақындығы қалыптасқан Сыр өңіріндегі шығармашылық ортасында ерекшелігі халық ақындары әдебиетінің жазбаша және ауызша дәстүрін қатар ұстануы. Сыр бойы ақындары ортасында шығармашылық жазба әдеби дәстүрдің орын тебуйінде Шығыстық жазба әдебиетпен аралас-құралас болуының ықпалы болды. Сыр бойының ақындарын «Шайыр», «Сүлей» деп атаудың да тупкі төркіні осыған байланысты.

Осы Шығыстың жазба әдебиетінің әсерінен Сырдағы айтис ақындары жырлаған айтис өнерінің тек осы өңірге тән түрлөрі даралана қалыптасқан. Ол – бірінші екі-үш ақын бір тақырыпқа байланысты өздерінің ақындық өнерлерін ортаға төгеді және мұны көзбе-көз отырып емес, хат арқылы жазысадын болған. Сыр ақындары айтystарындағы өнер тілімен пікір жарыстыру поэзияның шынайы халықтық сипатын қүшайтеп түсті. Ақындар поэзияның көсем сөздік, дидактикалық-философиялық қызметін дамыта түседі.

Қармақшы өңірі Сыр өлкесіндегі жыр жүйріктерінің үлкен шоғырын құрайтын қасиетімен, олардың үрпақтарымен бірге жыр керуенінің алдыңғы сапында келеді. Халықтың сөз өнерінің ауызша (импровизация) әрі жазбаша үлгілері қатар дамыған бұл

өңірде қазақ әдебиеті тарихына «Сыр сүлейлері», «Сыр шайырлары» деген атаулармен енген сөз шеберлері артына мол әдеби мұра қалдырыды.

Орта Азиядағы көршілес елдердегі медреселерден тәлім алған Қармақшы өңірінің ақындық өнері табиғатында Шығыс әдебиетінің байырғы дәстүрімен дамыған жазбаша әдеби мұра толық қалыптасты. Базар Ондасұлы Жиенбай Дүзбенбайұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Ерімбет Қалдыбекұлы, Даңмұрын Кенжебекұлы, Онғар Дырқайұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы, Молдахмет Дабылұлы, Тұрмагамбет Ізтілеуов, Омар Шораяқов, Жұсіп Ешниязұлы мен Жұсіп Кәдірбекұлы, Үбісұлтан Аяпұлы, Мұзарап Жұсіпов тағы басқа ақындар мұрасы халық арасынан жазып алу және ауызша айтысу арқылы таратылып отырылды. Солардың мұрасын ауызша таратып айтудағы қалыптасқан дәстүр – сол ақындардың атымен айтылатын әуен-мақамды сақтап жырлау. Жырлаушылардың өмір сүрген өз тұстарында және кейінгі бірнеше буын термешілер сол ақындардың өлеңдерін жаттап жырлауда ақын-жыраулардың авторлық әуен-мақамдарын қатаң сақтап келеді.

Сыр өлкесіндегі мақам-әуен сазы бір Қармақшы өңіріндегі «Жиенбай сазы», «Сәрсенбай сазы», «Кете Жұсіп сазы», «Мұзарап сазы» деп аталатын мақам-әуендердің улес салмағы айрықша маңызды. 60-жылдардың аяғынан бастап талантты жас жырау Көшеней Рұстембекұлының термешілік-жыршылық мектебі танымал болды. Тіпті қазіргі уақытта «Көшеней сазы» деп тұрақты атауга болатын мақам-әуенінің де негізі бар.

Терме, дастан, жыр орындау өнерінің кіндік ортасы – Тұрмагамбет ауылшындағы Зайыр Рахметов, Берман Бейсенбаев, Қуандық Бурлібаев, Сүйімбай Ақбаев, Жаппар Тұңғышбаев, Қасарбек Кәрібаев сынды жыршы-термешілердің өнері табиғатында өзіндік ерекшеліктері байқалады, яғни бұлар қысқа әрі ұзақ көлемді шығармаларды жырлайды, екіншіден қысқа көлемді терме-жырды да ұзақ көлемді дастанды да «Жиенбай сазы» секілді әуен-мақаммен орындаиды.

Қармақшы өңіріндегі Базар Ондасұлы, Жиенбай Дүзенбайұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмагамбет Ізтілеуов, Тұрымбет Салқынбайұлы ізіндегі ақындық мектеп өнегесі дидактикалық-философиялық өсіет-нақылға толы адамгершілік тақырыбындағы мазмұнды поэзияның негізін салды. Осы аталған ақындардың кейбірі және оның төнірегіндегілер орындаушылық өнерді дамытып, поэзиялық мұралардағы сөз күшінің тәрбиелік мәнін, құдіретін әйгілеп отырады.

Жұсіп Ешниязұлының шығармашылығы қалыптасқан ақындық, жыршылық өнер иелері табиғатында мынандай ерекшеліктер қалыптасты. Біріншісі – авторы белгілі қысқа нақыл, өсіет өлеңдерді термелеп жырлау, екіншісі – Шығыстың, көне әдебиет стилімен қиссаларды, назирагөйлік тәсілмен жазылған ұсақ қисса-дастандарды орындаитын эпик-жыршылық.

Жұсіп Ешниязұлы және оның ақындық ортасы - ақындық айрықша дараланған мекен. XV-XVII ғасырларда қалыптасқан қазақ елінің тарихындағы Сыпира, Марғасқа, Қазтуған, Шалқиіз секілді жыраулардың XVIII ғасырдағы Бұқар, Ақтамберді, Тәттіқараларға жалғасқан дәстүр ізіне қамшының егіз өріміндегі Сыр өлкесіндегі жана бір бағыт қосылып еді. Ол – сонау Әл-Фараби заманынан бері желісі үзілмей қалыптасқан жолы бар ақындықтың жазба әрі ауызша, әнші-орындаушылық формасын қатар тұтынған, композиторлық дастанның, жыршы-термешілік өнер түрлерін тұтастай меңгерген өнер иелері. Бұлар XIX ғасырда өнер аспанына көтерілген әнші лирик ақындар мектебінің осы өлкедегі үлкен бір салалы тұлғалары еді. Өнер табиғаты жағынан бұлар Скандинавия елдеріндегі скальдтермен, Батыс Еуропадағы

мейстензингерлермен, трубадурлермен, труверлермен, Түркиядығы, Кавказдағы ашугтермен үндес келеді.

Жұсіп Ешниязұлы бұрынғы Түркістан аймағына қаасты Сырдария облысы, Қазалы уезі, Қуандария болыстығының аульнда дүниеге келген. Бұл жер қазіргі Қызылорда болысының Қармақшы ауданы, Түрмәгамбет ауылы.

Әкесі – Ешнияз сал Жөнелдікұлы (1834-1902) қазактың мәдениеті тарихындағы Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ және т.б. өнер тұтастығын меңгерген өнерпаздық дәстүрдің өкілі. Бала Жұсіп осы өз әкесінен, сонымен қатар Сырдария мен Өмудария аралығы аймағындағы, Қаратай атырабындағы, Арап, Атырау теңіздері алқаптарындағы қазақ өнері дәстүрлерінен өнеге алыш өседі. Әкесінің және өзі түшіп өскен ауыл ортасының мұсылмандық білім алу дәстүрімен оку, жазу сауаты мықты болады. Шығыстың араб, парсы тілдерінде жазуды, окуды менгереді.

Әсіресе, Ташкент, Бұхара, Самархан, Түркістан, Ақмешіт, Қоқан, Хиуа қалаларындағы медреседен білім алған ахуын-ұстаздардың әсерімен бұл өлкеде Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерінің сюжеттері көп тарайды. Себебі мұсылмандық білім беру ордасы мектеп-медреселердің кітапханаларындағы араб, парсы, ұнді әдебиетерінің үлгілері халық арасына кеңінен тарады. Жыраулар, сауатты ақындар ахун-ұстаздар таныстырған сюжеттерді ел ортасында термешілерге, жыршыларға жырлатып таратты.

Сырдарияның орта және төменгі ағыстары аймағындағы Шығыстың классикалық әдебиеті үлгілерін оқымысты молдалардың оқып-таратуы ақын-жыраулардың репертуар байлығын молайтты. «Құран» сюжеттерінен бастап, «Мың бір түн», «Тотынама», «Кәлилә мен Димнә» және т.б. алуан-түрлі тарихи аңыздар, ертегілер сюжеттері ақындардың нәзирагейлік пен жырлау арқылы кеңінен тараптады.

Жұсіп ақын да өзі өмір сүрген ортадағы осындағы мәдени дәстүрмен қаруланып, сусынданап өседі. Бұл дәстүрмен қанығып өсу нәтижесінде оның шығармашылық қалыптасуына, өзінің де сондай туындыларды жазуына негіз қаланды. Әкесі Ешнияз сал Жөнелдікұлы - ел ішіндегі билік, ақсақалдық төрелік істерді атқарған кісі. Кейіннен Жұсіп те ақындығымен таныла келе ел ортасының билік істеріне қатысады, біраз жыл болыс болады.

Жұсіп Ешниязұлының шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі дидактикалық-философиялық әдеби дәстүр аясында танылады. Ақынның лирикалық-дидактикалық өлеңдері, айтыстары, дастандары – бәрі де фольклордағы, жыраулар поэзиясындағы көркемдік үрдістердің жалғасы. Ақынның әдеби мұрасын классикалық мәдени дәстүрлерімен жалғастық поэтикалық үндестік тұрғысында бағалаймыз.

Ақын-тірлік қозғалыстарын жан дүниесімен қабылдайтын, айрықша тіршілік иесі. Жаратылыс құбылыстарының өзара үндескен ұқсас қасиеттерін, сырларын өлең жолдарына айналдырады. Туған халқының психологиялық болмысын терең сезіне білген ақын жүртіның қуанышын да, қайғысын да өзіне алады, жыр өзегіне айналдырады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде – қазақ әдебиетінің сөз өнеріндегі жанрлары өркениеттің озық дәстүрлерінен үндесе өркендеді.

Зерттеуші Ш.Сәтбаевың осы кезең хақындағы пікірі Жұсіп Ешниязұлы тектес ақындар шығармашылығын тануга жаңаша бағдар береді: «Бұл кезеңдегі әдебиет қайраткерлері өткен ғасырларда қалыптасып орнықкан рухани ақыл-ой ізденістерінің тәжірибесін, жетістіктерін пайдалана отырып, идеялық-көркемдік деңгейі биік асыл мұралар жасады, жаңа тарихи жағдайларда оларды жалғастыра дамытты. Сөйтіп, заман

қажет – мұдделеріне ілесе алды, қоғам қалпын реалистік әрі романтикалық әдіспен бейнелеп, келелі де салмақты ой-тұжырымдар айтты» (Сәтбаева: 1998, 3).

Жүсіп ақынның өлеңдері – өзі ұстанған әдеби дәстүрдің аясында танылатын дидактикалық-философиялық туындылар. Ақын – халық әдебиетінің насиҳатшысы. Жүсіптің дидактикалық-философиялық өлеңдерінде қазақ халқының ата-бабалар қалыптастырған ұлағат жолы насиҳатталады. Адамзаттың бәріне ортақ асыл қасиеттерді ғана мұрат тұту басты назарға алынады. Адамның балалық шағынан бастап бозбала, жігіт, жігіт ағасы, ересек, егде болған кезеңдерде ұстанған қасиеттерінің маңындағы адамдарға кейінгі ұрпақтарға ұлғі болатын ұлағатты, ғибрат уағыздалады. Жүсіптің «Әлеумет келді жинальп», «Адамдық пен надандық», «Өмір сырлары», «Жақсыдан есте қалған бір ауыз сөз», «Тіл ал!» атты насиҳат өлеңдері бар. Академик З.Ахметов: «Насиҳат өлеңнің тандаулылары өнеге боларлық, тағым аларлық, ғибраттылық, дидактикалық мәнімен ойды көркемдеп нақышты сөздермен жеткізетін бейнеллігі, тартымдылығымен құнды болған. Насиҳат өлеңнен сол замандағы қоғамдық көзқарастар, арман-мұрраттар, халықтың адамгершілікке, ерлікке, әділдікке үмтүлшісі, жақсы мен жаманды қалай түсінетіні айқын танылады» (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі: 1996, 147).

Жүсіп – ойшыл ақын. Барлық адамзат үшін дүниеге келгенде бесікке тиген арқасымен ертең-ақ табытқа жататын заңдылығы үнемі еске алу арқылы қысқа ғұмырда имандылықпен өмір сүру ұлағаты ұғындырылады. Насиҳат өлеңдерінің негізгі идеялық түйіндері – осы фәнидегі адамгершілік, жақсылықты жарқырата таныту, оны бақидағы имандылық игілігіне ұластыру. Бұл – қазақ поэзиясында сонау ежелгі түркілік дәуір әдебиетінен үзілмей жеткен сопылық дүниетаным дәстүрінің жалғасы. «Өлең сырлары» насиҳат өлеңінде осыны айта отырып, ақын түркілік дүниетаным аясында, фәниді мағыналы өткізуді насиҳаттайды:

Көңілім – гүл, өмірім – бақша, тілім – бұлбұл,
Адамзат осы үшеумен жайнайды гүл.
Өмірі адамзаттың жаз бен қыстай,
Гүлденіп тұрады ол жасап жыл-жыл...
Қызықты қызық көрер нағыз осы,
Ертерек, есің болса, мұны бір біл!
«Темірді қызған кездे соқ», – деген бар,
Жастарым, ойна да күл, ойлай да біл! (Бес ғасыр жырлайды, 1989, 379].

Жүсіп ақынның аталған өлеңдерінен айтылған теориялық анықтамаға сай мазмұн мен пішін тұтастырын аңғарамыз.

«Әлеумет келді жинальп» өлеңіндегі идеялық-композициялық құрылымның өзіндік ерекшелігі бар. Дидактикалық-философиялық өлеңнің желісінде ақынның психологиялық әдісі де қолданылады. Автор өлеңнің құрылымын өзімен, тындаушысымен (окырманымен) сұхбат түрғысында жазған. Ақынның өзіне қарата арнауы – әрбір адамның үнемі үмітпайтын мінез-құлық дағдысы ретінде жырланады.

Қазақтың ақындық поэзиясы XX ғасырдың басында ұлы Абай шығармашылығына тән әсемдік өркениеттер тоғысуын сіңіре дамыды. Жүсіп ақынның насиҳат өлеңдеріндегі ағартушылық-гуманистік ойшылдық сарындары ұлттық поэзиядағы осындағы поэтикалық ықпалдастық болмысын да аңғартады. Фалым С.Қорабаев айтқандай: «Идеи и концепции произведений казахских поэтов и писателей показывают, что они дышали воздухом восточной литературы, не переставая ни на минуту быть писателем европейского образца. Мир просветительских ценностей для них был духовной Родиной, которая должна была вместить в себя и Восток и Запад, что

было свойственно и поэзии Абая» (Корабаев: 1992, 15]. Демек, поэзияның агартушылық мұраты барлық жастағы адамдарға тәлім-тәрбие ұлагатына насиҳат түрінде жырланады.

Сөздің құдіреті, ақындық өнері арқылы жарыққа шыгатын адамның халық қызметшісі екендігі кіріспе шумақтар арқылы тусіндіріледі:

Әлеумет келді жиналып,
Хикаят сөйле, молда Жүсіп!
Тәқаппарлық өте жаман,
Көтерме көңілінді кеуіп-пісіп!
Халыққа адам жақпайды,
Көзінді көріп мактайды.
«Оздым-ақ жұрттан» деп жүрген де,
Пісентіңе палау пісіп (Кете Жүсіп; 2003, 14).

Дидактикалық өлеңнің құрылымында автордың өзіне, тыңдаушысына қарата жырлауы – поэтикалық сұхбат. Поэтикалық сұхбат – әлем әдебиеттерінде қолданылатын әдістердің бірі.

Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн және т.б. дидактикалық-философиялық поэтикалық туындыларда да осындай көркемдік әдіс қолданылады. Сөз арқауындағы «Қабуснамада» да, қазақтың қара өлеңдерінде де, жыраулар поэзиясында да бұл құрылым сақталады. Зерттеуші А.Ісмақова Абайдың «Қара сөздері» – «Фақлиясы» құрылымындағы осы бірлік сабактастығына баға береді: «Действительно, слушатель и герой – это постоянные участники события творчества, которое само по себе является событием живого общения между нами. Сама форма организаций прозаических «Фақлия» Абая представляет собой активное выражение оценки и отношения как слушателю, так и самому предмету высказывания – к герою или к тому, о чем говорится. По сути, автор, герой и слушатель – это живые силы, определяющие форму и стиль и поэтому так отчетливо ощущаемые компонентным созерцателем» (Исмакова: 1998, 105].

Жүсіп ақынның «Әлеумет келді жиылышп» өлеңінде автор-кейіпкер-тыңдаушы бірлігі жүйесі танылады. Өзіне қарата жырлауынан ақын атаулыға міндетті адамзаттық парасат, халық алдындағы борышы, рухани қызметі, парызы үлгі етіледі.

Өлеңнің негізгі бөлімінде ақынның насиҳат сөзін тыңдаушының да тұлғасы айқындалады. Ақынның жалпы ұлагатты ақылшының сөзін тыңдайтын байсалды, байыпты, маңғаз қазақ ұлты өкілінің тұрпатын елестетеміз. Қазақтың халық даналығы бойынша «Тыңдаушысы жоқ сөз жетім» деген ұлагатты тұжырым бекер айттылаған.

Ақынның дидактикалық өлеңдері оның адамгершілік тәрбиесіне бағдарланған азаматтық парасат биігіндегі қалпын танытады. Жүсіптің мұндағы өлеңдері дидактикалық-философиялық мазмұндағы азаматтық, адамгершілік тәрбиесін негіздей жырлаумен ерекшеленеді.

Өлеңнің негізгі бөлімінде он екі түрлі адамға баға беріледі. Ақын тыңдаушысын өзі бейнелеген сол он екі түрлі адамның мұрраттарына баламалап бейнелейді, ондай адамдардың қоғамдық-әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттеріне, рухани дүниетанымына баға береді. Бұл өлең – адамгершілік тәрбиенің аса жауапты салмағын ұқыратын туынды. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген даналықтың шындығы, тұрмыстағы реалистік таным бағалауларымен тусіндіріледі. Адамдардың әртурлі кәсіппен айналысқаны халық ортасында түрліше бағаланатыны аталады. Мысалы: қиялшыл-тапқырды «жеңілтек», қолы ашық мырза – сахиды – «ыржандаған әжуа», елге ақылшы

– биді «тақылдаған тақпақшыл», ешкімге үндемейтін момынды – «аузын буган өгіз», серілікті, салдықты – «жыртиған сорлы», жатып ішер жалқауды – «казып туған күшік», жұмысы өнбейтін адамды – «есек», саудагерді – «тиын көрген тілемсек алдаушы», мұләйім тақуаны – «дәрет алған мысық», енерпаз іскерді – «қайырысыз қас өзі», жаудан қорықпаған батырды – «жаны қас жарымдау», топқа қосылмайтын жанды – «зәресі жоқ қорқақ» деп ататыны жырланады. Сонда алуан түрлі таныммен қарайтын халықтың әлеуметтік ортасындағы әрбір жеке жолы жіңішке аса нәзік тағдырлы түрмистық қарым-қатынастың өлшеміне ақын өзінің насиҳат тілімен бағдар-бағыт, үгіт сезін айтады:

Бұл халыққа адам жақпас,
Жамандықтан пайда таппас.
Жақсылық болса ете бер,
Қолыңнан келсе әрнешік!
Насихат сөзге құлак сал,
Лебізің болсын шырын бал!
Тірі жанмен шатаспа,
Мұләйім бол сонша кішік.
Кімде-кімнің ұлындей бол,
Жасы үлкеннің «құлышнай» бол,
Аңқауырақ қолбандау бол,
Тым жүгініп – болма пысық!
Қазынаға жетер жол құған,
Бәлеге қалар сөз құған... (Кете Жүсіп, 2003, 10).

Жүсіптің «Өсиет» атты туындысы – қоштасу және насиҳат өлеңдер жанрларының қосындысы. Ақын өзінің фәниден өтетіне байланысты халқымен қоштасып, тіршілікпен қарым-қатынастарда болған кемшіліктер үшін кешірім сұрайды.

Откінші өмір кезеңін өзі кетіп бара жатса да, арттағы қалып бара жатқан туған халқының адамгершілік-имандылық тазалығын сақтаған үлгілі болу туралы насиҳат сезін арнайды:

Кекесін, ел ішінде дау көбейсе,
Ерлерім, түзелмейді, ойла қалпың!
Қалайда қарындасқа, қоғамды бол.
Кеңкиме, кішіктенгіл, келсе қартың!
Саламат ел иесі, аман жүрсөң,
Пейілің кең болсын жүртқа, жүзің жарқын!
Жайлы бол, жанның көңілін жабырқатпай,
Сыр бермей сыпалардың ұстап салтын!
Береке татулықпен табылады,
Сақтансаң сабырлы боп, бұзбай әлпің!
Араңа араздық от тұтандырма,
Білгенге ашу – дүшпан, ақыл – алтын (Кете Жүсіп: 2003, 21).

Бұл – қазақ халқының тұтастығын ойлаган нағыз Азамат-Ақынның сезі. Бұл – сонау Тонықек, Құлтегін, Білге, Іstemіс қағандар армандаған бірлікті жырлаған Иоллығ Тегін, Қазақ хандығының тұтастығы үшін арпалысқан Сыбыра, Асанқайты, Шалқиіз, Марғасқа, Доспамбет, Бұхар жыраулармен үндессетін азаматтық тәрбие насиҳаты. Ақын қарындас, қандас туған халқының қариясынан бөбегіне дейін қамқор болып, барша жанға жайлы, кішік, сабырлы мінезден береке, татулық өсиетін жазып, нағыз ел иесі болу ұлағатын ұғындырады.

Ақынның бұл өлеңінде ата-бабаның тәлім-тәрбиелік жолын жалғастыру өсiet етіледі. Өлеңде жеке тұлғалардың әлеуметтік ортадағы мінез-құлық мәдениетінің үлгілі сапаларымен бағалануы үағыздалады.

Жан мен тән тазалығын сақтаған үлгілі ұрпақ қазақ ұлтының ежелден бергі ең арманды асыл мұраты. Осындай халықтық мұратқа орай ақын қарапайымдылықты, сабырлылықты, дүниеге қызықтауынды, өтіріктен, ұсақтықтан аулақ болуды, жақсыларға жақын жүруді және т.б. адамгершілік қатынастарының сырларын нақтылай жырлайды, парасатты адамгершілік жолына шақырады:

Көп жүкті көтереді бүтін туған,
Ерлік іс-мусибатқа белін буган!
Аздырма ата жолын әрқашанда,
Жоспарлы, ізгіліктің ізін қуған.
Алғаусыз айтқан сөзің көпке ұнаса,
Секілді көңіл-күйдің кірін жуған.
Айтысқан жақынмен, жатқа жем бол,
Қалады қатар шауып ұмтылудан.
Бүтіндең өзінді-өзің, ел болмасаң,
Ерлерім ешиңерсе өнбес «жыртылудан».
«Болам-деп, бұрынғымдай!» бос журмендер,
Ауруын арамдықтың кешір, елім.
Бел байлап тіршілікке, болмай араз,
Жалының жауыздықтың өшір, елім! (Ешниязұлы: 2003, 56, 20).

Ақынның насиҳат өлеңдері адамдардың туған халқы үшін азаматтық-қайраткерлік қызмет атқаруға шақырады. Ақын өзінің машықтанған әдісімен тыңдаушысының тұлғасына қарап сөз арнайды. Өлеңнің идеялық-композициялық құрылымындағы кейіпкер тыңдаушы ақынның насиҳатын қабылдаушы, өз тұсындағы, кейінгі ұрпақтарға таратушы ретінде елестейді. Мысалы: «Кете Жүсіптің бір оқыған жігітке айтқаны» атты насиҳат өлеңі –азаматтық-гуманистік ойға құрылған шығарма. Ақынның сөз нысанына алған, өзімен сұхбаттас еткен кейіпкері – жасы кіші жас адам. Осы тыңдаушы кейіпкерін ақын қазақ ұлтының қайраткері, ақын мен білімді тогыстырган парасат иесі қалпында көргісі келеді:

Келтірмес өлімді ойға нәпсіге ерсен,
Еркінді, ер емессің, оған берсен.
Кетеді ара жолда алдандырып,
Алдыңа әуес атты қойып кірсен.
Ау, інім, ақылың ала ойлан ойды,
Тұрақсыз түсіп жүрген жолың дөңсен.
Еңбектің тұлға аспағы екі талай,
Табындал тас көшеде аттай желсен.
Міржақып арғын Мадияр Дулатовтай,
Журналға сөз беруге иінді біл, сен (Кете Жүсіп: 2003, 57, 52].

Насиҳат өлеңдегі Тыңдаушы – Кейіпкерінің магыналы өмір сүруін айтуда ақын дәстүрлі ақындық поэзиядағы жас шама үлгісімен жырлауды да қолданады. Жас шамаларына арналған өлеңдерді зерттеушілер Х.Досмұхамедұлы (Досмұхамедұлы: 1991, 24), Т.Тебегенов (Тебегенов: 2001, 68-86) «Ғұмырнаманың – өмірбаяндық өлеңдер» деп атайды.

Адамның әртүрлі жас кезеңдерінің жас шамаларымен белгілене жырлануы түркі әдебиетіндегі суфизм поэзиясының алдыбы Қожа Ахмет Иасауден басталады. Мысалы: «Диуани хикметте»:

Жеті жаста Арыстан Бабқа қылдым салам,
Мұстапаның аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым міне (Иасауди: 1993, 19).

Ақындар поэзиясында 1-100 жас аралығындағы адамның барлық жас кезеңдеріне тән физиологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелер бейнелене жырланады.

Ақын өзінің кейіпкерлерінің өмір кезеңдерін көзіне елестете жырлайды. Қырық жастың қырқасына шықкан азаматтық жастық пен есейгендіктің қабаттасқан кезеңінде болатыны, жеңілдіктен арылыш, әрбір істі жан-жақты кемелденген оймен кесіп-пішетіндігі жырланады:

... Қырық жаста қырым шаһар ақыл толар,
Елегзіп екі жаққа жақын қонар.
Бірде – үлкен, бірде – жастық қосын жегіп,
Шынында адал ерте абырай қонар.
Жеңіл іс, бойдан қайрат қайтпас күштен,
Толыгар ой өркенде ақыл-естен.
Жақсылық, жамандықтың бәрін өлшеп,
Келтірер кемеліне тондай пішken (Кете Жүсіп: 2003, 57, 53].

Өмір кезеңіне әрбір ақынның өзіндік бағасы бар. Қазақ поэзиясының тарихында елу жасты жігіт ағасы болған байсалды, салмақты тұлғалық қалыпты елестете жырлайды. Қазақтың ақындық поэзиясында адамның жас шамасы кезеңдерін бір және жүз жас аралығында алыш жырлау – тұрақты дәстүр.

Ақындар адамның жарты ғасырлық өмір белесіне көтерілген кезеңнің егделікке бет алған бағдарын реалистікпен суреттейді. Жүсіп ақын да осы өлеңінде сол дәстүрге сай өрнектейді:

... Елу жас жүз бен бірдің шекарасы,
Сырт көзге сырынды алса әркім сенер.
...Елуде ен салынар бет пен көзге,
Елеулі болар денең бұдан өзге.
Бозбала қызыл-жасыл бас қосқанда,
Толқындаі токтау енер айттар сөзге (Кете Жүсіп: 2003, 57, 55).

Адамның жасы ұлгайған кезеңдері – өзі өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік ортадағы лайықты орнының белгіленуі. Байсалды, байыпты көңіл-күйі, кейінгі толқын жас буынның өзіне ілтипатпен қарауы, ізгі ойларымен маңайына және кейінгі үрпақтарға өнеге жолын қалдыруы – әрбір ізгі ниетті адамның мұраты. Жүсіп ақын алпыс, жетпіс жас кезеңдері иелерінің адамның маңындағы кішілерге қандай әсер беретініне мән береді. Тындаушысы –кейіпкерін жалпы адамзаттың жинақталған романтикалық тұлғага айналдыра жырлаған ақын қарттық кезеңдерін әлегиялық мұнды-шерлі психологиялық сипатын жырлайды:

... Елуден алпыс ары қатар дейді,
Жас бала, бозбала мен ботаң дейді.
Қаймығып «қайнаға» деп келіндерін,

Көрсетіп баласына «атаң» дейді...

... Екінші елуді аттап алпыс ассан,
Алаңсың әр мінезді доғарамыз.
Жебелеп жексүрын жас-жетпіс келсе,
Сонымен мұнан әрі жоғаламыз.
Тағдырдың міне осылар қымбаттығы,
Сымпиган небір сұлу сымбаттығы,
Дариға, өткенше өмір отыр сөйтіп.

Тамаша тұс көргендей қымбаттығы (Кете Жүсіп: 2003, 53-54].

Ақынның насиҳат жырының арқауы – адамдарды өмір сүргіштікке, құштарлыққа ұндеу. Пәни дүниенің жалт етіп өте шығатын қас қағымдық кезеңін мағыналы да мәнді өткізу ұлағаты жас шамаға арналған өлеңдерде үнемі жыр желісінде болады. Аталған насиҳат өлеңдегі ақынның лирикалық серпілісінен тыңдаушысына (оқырманына) қарасты тебірене толғауы – адамдарды оптимизмге, рухани құлшынысқа шақырады:

...Атақты азаматтың өздерісіз,
Жарасқан жақсы жолға екіленсөң.
Тоныңды топқа киер бос тоздырып,
Болады неге тұлға келген жеңсөң.
Болғанда тағат - атаң, сайаб - анаң,
Аштық жоқ қанағатпен сүйіп емсөң (Кете Жүсіп: 2003, 57, 52].

Ақын – өзінің рухани болмысымен (қолымен тілімен, жүргегімен, бүкіл ішкі жан дүниесімен) үнемі сұхбаттаса жүретін психологиялық сырты курделі тұлға. Жүсіп ақындығының лирикалық сыршылдығы насиҳат өлеңде де байқалады. Насиҳат жырының желісіндегі идеялық бағдар – адамның осы фәни жалған дүниені лайықты өткізуін үағыздайды.

Ақынның насиҳаты – ақын тұлғасының шығармашылық болмысы. Өлеңдері халқының жүргегіне ұялаган, адамзаттығы мен өнері тұтасқан нағыз ақынның шығармашылығын жарқыратса таныту керектігі айтылады:

... Ал, қолым, қалам алғып қиялға кел,
Мысалы, жауған қардай құйсын тер - сел.
... Сөйлеп қал, тіршілікте тіл мен жағым,
Тұрғанда дененде жан, баста бағың,
Ойнап қал, он саусағым домбыраға,
Маусымды таусылғанша гүлдер шағың.
Жайнаған дәл осы шақ жасыл күнің,
Серуенде сандуғаштай сайра, тілім (Кете Жүсіп: 2003, 52-53).

Ақын дарынсыз, талантсыз жандардың өнерге араласуы бәрібір ешқандай нәтиже бермейтінін дәлелдейді. Таланты жоқ құр кеуде кейбір адамдардың қанша тыраштанғандарымен ешқандай жетістікке жетпейтіні бейнелі сөздердің мағыналы астарларымен мегзеле жырланады:

... Суытып қанша баптап, бақанменен,
Шобыр ат шаба алмайды болмаса жел.
Болса егер өзі надан көнілі соқыр,
Оларда халыққа айтарлық болмайды тіл.
Жарамас түстік жерге мініп барсан,
Атыңды астындағы болмаса шел.

Ақыры ол да болса бір тоқтайды,
Мысалы, ақсан-дағы дариядай Ніл (Кете Жүсіп: 2003, 52-53).

Насихат өлеңдері – дидактикалық поэзиядағы негізгі арнаны құрайтын туындылар. Фольклор мен Шығыс әдебиеттерінде кең өрістеген халықтың тәлім-тәрбие сарындары Жүсіп және онымен дәстүрлес ақындық поэзияда осылайша кең өрістеді.

Жүсіптің нақыл өлеңдері де бар. Академик З.Ахметов: «Нақыл өлең – ғибратты, тағылым берерлік мәні бар, ойды ықшамды, ұтымды түрде жеткізетін, өткір нақышты сөздерге негізделетін терме жырлар, өлеңдер» (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, 1996, 146], – дейді.

«Ешниязұлы Жүсіптің термесі», «Кете Жүсіптің Тұрмагамбет пен Омарға жазғаны» атты өлеңдеріндегі ойлар жүйесі философиялық тереңдіктерімен баурады. Ақын адамзаттық ұрпақтар жалғастығы жүйесіндегі замандар бойы желісі үзілмеген мәселелерді жырлайды. Адамдардың қанағат атты көңілі байлығымен кемелденген болмысына баға беріледі. Тұрмагамбет пен Омарға жазған хатында мағыналы өмір ұлағаты, ғибраты естіледі:

... Бедеудің иман атты беріп жемін,
Жалғанда жаразтық сол жалын өрсек.
Секілді тағат – атаң, сауал - анаң,
Аштық жоқ қанағатпен сүт емсек (Кете Жүсіп: 2003, 50).

«Қызығы бұл дүниенің мал менен бақ» өлеңіндегі нақыл сипатындағы өрімдер – халық әдебиетіндегі тұрақты тіркестерге айналған сөз қолданыстарымен үндеседі. Тіршілік қозғалыстарындағы адамдардың уақыт пен кеңістік жүйесіндегі қас қағымдай сәттегі игіліктерді игеру мүмкіндіктерін саралайды. Өлеңнің идеялық бағдары дәстүрлі жас шамага мән бере жырлаумен үндеседі: «Он бес пен жиырманың арасында жігітке бір қызыл жел болады тап» (Кете Жүсіп: 2003, 25) деген кезеңдегі сән-салатанатпен жүрген бозбаланы, жігіттік шақтың қызықты дәурені суреттеледі.

Сұлу жарға («Кездесіп жазық маңдай зердей көз», «Тұлқі тымақ») үйлену мұраты да айтылады. Отыз жасқа жеткеннен кейінгі молшылық тұрмысты болудың қызықты ұлттық ділге лайықты суреттіледі.

... Тарықпай киер киім, мінер аттан,
Кеппесе ердің бойын дүшпаны сынап
Шай-шекер, ет пен палау сай боп тұрса,
Күйзелмей кетіп тұрса келген қонақ (Кете Жүсіп: 2003, 26).

Нақыл өлең – тіршіліктегі құбылыстарды, адамзат тұрмысы қайшылықтарын салыстыра шенdestіre бейнелейтін шығарма. Дидактикалық поэзияның қалыптасу жолында философиядағы осы негізгі зандылық тұрақты түрде алына жырланады.

Жүсіп ақын да тұрмыс қайшылықтарын нақыл өлең желісінде поэтикалық мағыналық астарлары қалың бейнелі өрнектермен бейнелей жырлайды:

... Жердің де бірі – биік, бірі – ылди,
Білгенге азаматқа осындай-ақ.
Ол түрлі сауық-сапа етпек түгіл,
Пұшәйман баз біреуге ішер тамақ.
... Асқарға асылғанмен қол жете ме?
Көніліне жаңқаланып түседі дақ.
Жігіттің аз ақылын алжастырар,
Аласы тұс-тұсынан тұрса қамап.

Жұмсауга қолда қарожат болмаған соң,
Орнына келмейді екен еткен талап (Кете Жүсіп: 2003, 26).

Ақын-жыраулар – қазақ өркениетінің көп ғасырлар бойы үлгісі болып қалыптасуына, дамуына елеулі ықпал еткен қайраткерлер жыр алыптары. Қазақ елінің ежелгі замандардан бүгінге жеткен, енді «Мәңгілік ел» болашағына ұласқан мағыналы тарихының дәнекері ұлттық татулық, достық, ел бірлігі, ауызбіршілік, ынтымағы.

Корыта айтқанда, ақын-жыраулар поэзиясында халық даналығы негіздеген дидактикалық-гуманистік ұлағат поэтикалық өрнектермен одан әрі дамытылады.

ӘДЕБИЕТ

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (1996) (Құрастыр. З.Ахметов, Т.Шаңбаев) – Алматы: Ана тілі, – 240 б.

Бес ғасыр жырлайды (1989) 2-томдық (Құраст. М.Магаин, М.Байділдаев) Алматы: Жазушы, 1-том, – 384 б.

Досмұхамедұлы Х. (1991). Аламан. -Алматы: Ана тілі, –240 б.

Иасауи Қожа Ахмет (1993). Диуани хикмет (Ақыл кітабы) (Жинақтап баспаға әзірлеген, қазақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиги). –Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы. – 262 б.

Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность) (1998). Алматы: Фылым, – 105 стр.

Корабаев С.С. Развитие сатиры в казахской литературе начала XX века (1992). Автореф. канд. дис., Алматы, – 22 с.

Кете Жүсіп. Өлең толғаулар, дастандар мен айтыстар (2003). Алматы: «Арыс» баспасы, – 236 б.

Магаин М. Қобыз сарыны (XV-XVIII ғасырларда жасалған қазақ ақын-жыраулары) (монография) (1968). –Алматы: «Жазушы» баспасы, –131-б.

Омар Шораяқов. Шайыр. Өлеңдер, дастандар, айтыстар (1984). Алматы: Жазушы, – 8-б.

Сәтбаева Ш.Қ. Алғы сөз // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті (Қазан төңкөрісіне дейінгі дәүір) (1998). -Алматы: Фылым, Б. 3-8.

Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі (2001). Алматы: Білім, – 68-86-б.

552, №6 КР Орталық ғылыми кітапхананың қолқазба қоры.

552, №2 КР Орталық ғылыми кітапхананың қолқазба қоры.

552, №3 КР Орталық ғылыми кітапхананың қолқазба қоры.

**ЕДІГЕТАНУДА ТАНЫЛҒАН ҒАЛЫМ НЕМЕСЕ ЕРЛІК ІС ТАЛАП ЕТКЕН
ЕРЛІК/ SCIENTIST WHO BECAME FAMOUS IN EDIGETANU OR FEAT,
REQUIRING COURAGE**

Әбдісайыт ПАХРАТДИНОВ
Тұрсынай ТӨРТКҮЛБАЕВА^{*}

Түйіндеме

Бұл мақалада белгілі қарақалпақ фольклортанушысы, профессор К.Алламбергеновтың «Едіге» дастанының ұлттық версияларын зерттеуге қосқан үлесі жайында сөз болады. К. Алламбергенов XX ғасырдың 90 жылдарының бірінші жартысында да «Едіге» дастаны бойынша бірқатар ғылыми-теориялық, практикалық жұмыстар атқарды. Құнделікті баспасөздерде, ғылыми-теориялық конференцияларда дастаның маңызды мәселелеріне байланысты батыл пікірлер білдірумен қатар республикалық журналдарда отызға жақын көлемді ғылыми мақалалары жариялады. 1993-1994-жылдары С.Бахадырова, Т.Ниетуллаевтармен бірге дастаның және бір варианты - «Тұлым биді» «Қарақалпакстан мұғалімі» журналында өз алғы және соңғы сөзімен бастырып шығарды.

К.Алламбергеновтың 1995 жылы «Білім» баспасынан шығарған «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» атты көлемді монографиясы Қазақстан, Орта Азия, Таулы Алтай және Кавказдағы түркі тілдес халықтар фольклористикасында «Едіге» дастаны бойынша жасалған ең алғашқы ғылыми еңбек. Монографияда ғалым «Едіге» дастанының ұлттық версиясы, вариантарын салыстырып талдау негізінде дастаның мазмұны және көркемдік ерекшеліктерін, версиялар типологиясын, тарихи негіздерін сенімді дәлелдеп береді алған.

Мақала авторлары ғылыми шығармашылық өмірін Едіге және Едігетанудың ерлік істерімен тығыз байланыстырған үлкен жүректі ғалым К.Алламбергеновтің атаптың еңбекіне ғылыми талдау жасаған. Және ол еңбекті тек ғана қарақалпақ фольклористикасында емес, жалпы түркі дүниесі фольклортануындағы ең алғашқы көлемді және құнды еңбек деп бағалайды.

Кілт сөздер: Едіге, Едігетану, вариант, версия, типология, ұлттық версия, түркі дүниесі фольклортануы

Abstract

In this article we are talking about the contribution of famous Karakalpak folklorist, professor K. Allambergenov in the study of national versions of the epos "Edige". K. Allambergenov and 90's carried out some scientific-theoretical and practical work on Dastan "Edige". He boldly stated his opinion on important issues Dastan in daily periodicals, scientific and theoretical conferences and published about thirty volume of scientific articles in national magazines. In 1993-1994, together with S. Bahadyrov, T. Nietullaev published in the journal "Karakalpakstan mugalimi" another option Dastan "Tulym bi" with his preface and after word.

Substantial monograph K. Allambergenov "Karakalpak folk epos "Edige", released in 1995 with the publishing house "Bilim" is the first scientific work, created in the folklore of Kazakhstan, Central Asia, the Altai Mountains and the Turkic-speaking peoples of the Caucasus. Scientist in the monograph in a comparative analysis of national versions and

* Әжініяз атындағы Нәкіс мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушылары

variants Dastan "Edige" justified true content and artistic features Dastan typology versions, historical foundations of this epos.

The authors analyze this scientific work courageous teaching of his creative life with heroic acts in Edigetanu, K.Allambergenov. And also appreciate this work as the very first surround and valuable work, not only in Karakalpakstan folklore, but in the folklore of the Turkic world.

Key words: Edige, Edigetanu, Variant, Version, Typology, National version, Folklore of the Turkic world.

Белгілі фольклоршы, түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Кеңесбай Алламбергенов мақаламыз тақырыбында білдірілген бағаларға бұдан сәл кем жиырма жыл бұрын-ақ жетіскең еді. Дәлірегі, ол терең теориялық біліммен бірге, аса еңбекқорлық, үлкен адами-патриоттық жүрек және батылдықты талап ететін бұл ерлік іске Едігетануда өзі пір тұтатын ұстаз ғалымдар Ш.Ш.Уәлиханов, П.М.Мелиоранский, И.А.Беляев В.М.Жирмунский, Н.Исанбетов, М.Бурангулов, Н.Хакимов, А.Шейх Али ұлы, Қ.Сәтбаев, Р.Бердібаев, Х.Т.Зарипов, Н.Дәуқараев, Қ.Айымбетов, К.Мәмбетовтардың ізімен XX ғасырдың 80-жылдарының орталарында-ақ кірісе бастады. Дәлірегі, бұл ерлік іс оның көкірегіне бала кездерінде-ақ (өткен ғасырдың 60-жылдарында) арман құсы болып қонған еді.

К.Алламбергенов бұл арманының көркем сәулеесін 1993 жылы Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықты алған «Дария тартылған жылдар» атты романында өзінің балалық прототипі Жалғас Назаров образы арқылы былайша суреттейді:

... - «Балам-ау, бұл дәрияның бойларында нелер болып өтпеді дейсің! «Кердер қала», «Едігенің қаласы», «Сатемірдің қаласы», «Дәрі қала» дегендей үлкен-үлкен қалалар, сәл әріректе – Кегейлі, Халқабад жаққа көз жіберсек, «Тоқтамыстың көз жасы» деген көл мен «Едігенің моласы» сияқты қасиетті орындар өте көп болған. Ал, Едіге бабамыздың ат ойнатып шыққан Төк тауының төбесі мен Қыран таудың үстінен жүрсөң, ерте дәуірлік бес-алты күмбезді көресің. Осындай күмбездер Хайуан қалада да болған ...

Бір уақытта Хайуан қаланың айналасында «Қырық қыздың бағы» деген бақ болған. Бақ болғанда қандай - үлкен бес танаптық! Бұл негізінде ертеде Шах Темірдің жаратқан бағы еken. Оның жүрнақтары жақын уақыттарға дейін сақталып келген ...

Әне, осы баққа Жамбас қала деген жерден қырық қызымен Гұлайым батыр да келіп тұрған (Бұл дәуірде бақ Миуелі деп аталыпты).

Бұл қалаға кімдер келіп-кетпеген дейсің! Тіпті, бабамыз Едіге де Тоқтамыспен араздасқанда, Еділ-Жайық бойларынан осы бақты елге келіп түскен. «Едіге» дастанындағы «Сатемір ханның қаласы тұстік жерден көрінер» деген сөздің мағынасы сол, балам. Мына «Саркоп қала»ның тұсына келген жерде Едіге бабамыздың баласы Нұратдин әкесін іздел келе жатып, аттан түсіп бір тұн дем алған деседі...» (Алламбергенов: 1992, 5).

...«Әр су тасқынынан кейін естілетін бұл аңыз-әңгімелер рухында тәрбиленген Жалғас, қалайда не ақын, не жырау, не балуан, не болмаса тарихшы ғалым болуы керек еді.

... Иә, ол жыраулық, ақындық, балуандық деген қасиеттердің еш қайсысынан да құр алақан болған жоқ. Тарихқа да қызығушылығы жоқ емес еді. Неге екені белгісіз, ол көбірек атасы айтқан Едіге батыр жайындағы аңыз-әңгімелерге қызыға берді. Тіпті, бір жолы балалар газетасынан «Едіге Хайван қалада болған ба?», «Едіге Москванды болған ба?» деген бір-екі мақала да жазып жіберді. Бірақ, редакциядан дұрыс жауап болмай, еңбегі еш болды. Белгісіз себептерге байланысты жариялауға болмайтын көрінеді.

Жалғас бұл қандай себеп екен деп ұзақ уақыт тынышсызданып жүрді. Соң тарих мұғалімінен сұрап білсе, Едіге феодал болып, орыстарға қарсы қарес алып барған-мыш. Қазіргі түзім тұсында ол туралы сөз айтуға болмайды-мыш, ұлттар арасында ала ауыздық келіп шығады-мыш ...» (Алламбергенов: 1992, 10).

Кеңесбай Алламбергеновтің балалық арманындағы бұл сиқырлы сандық сырын ашу кілті өткен ғасырдың 70-80 жылдарында табылғандай болды. Бұл жылдарда жоғары оқу орны менен аспирантура, мамандығын жетілдіру курстарында бүкіл түркі дүниесіне белгілі, сол кездегі одақтық республикалар қөлемінде танылған Қ.Айымбетов, М.Нұрмұхамедов, Қ.Мақсетов, С.Ахметов, К.Мамбетов, Ә.Қоңыратбаев, З.Қабдолов, А.Шорафутдинов, Т.Мирзаев, О.Норматов сияқты үлкен ғалымдар мектебінен тәлім алған Кеңесбай олардың лекциялары мен әңгімелерінен бұл ерлік істі амалға асыру үшін тек арманғана жеткіліксіз екендігін, сонымен бірге терең білім, тынымсыз еңбек, үлкен жүрек керектігін анық түсінді...

Ол осы мақсатта көп жылдар бойы ғалымдыққа талапкер сипатында тынымсыз еңбек етіп, 1985 жылы Ташкенттегі Өзбекстан Фылымдар Академиясының Өлішер Науай атындағы Тіл және әдебиет институтының Мамандандырылған кеңесінде «Қарақалпақ әдебиетінде ақындар айтысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, қарақалпақ фольклортануы мен әдебиеттануында алғашқылардан болып айтыс жанрының өзіне тән ерекшеліктерін, оның келіп шығу деректерін, ауызша формалардан жазба әдебиетке өсіп өту жолдарын, қарақалпақ әдебиетінің даму жолдарындағы жанрлық әр түрлі көріністерін, даму жолдары мен идеялық-көркемдік ерекшеліктерін гылыми көзқараспен кең турде тұжырымды дәлелдеп берді. Оның бұл арнаулы зерттеуі соң 1989 жылы «Қарақалпақ әдебиетінде айтыс» деген атпен «Қарақалпақстан» баспасынан өз алдына монография болып жарық көрді.

К.Алламбергеновтың «Едігетануға» шындалп кірісуі, міне, осы жылдардан басталды.

Өкінішке орай, кешегі жақын арада өткен зобалаң (репрессия) жылдарында бұл дастан да таптық, партиялық көзқарасен бағаланып, «көшпелі үstem тап өкілдері мүддесін жактайтын феодализм дәуір эпосы» (В.Д.Греков, А.Ю.Якубовский) сипатында қудалауға ұшырап, жеткілікті дәрежеде оқытылмай келді. Дастанның башқұрт, татар версияларын қаралаған арнаулы партиялық қараплар да шықты.

Халық мұраларына деген осындағы көзқарастардың қолеңкесі дастаның қарақалпақ версиясын да шарпып өтті. Дастаның өзі 1937 жылдан кейін жарты ғасырдан артық қайта басылмай келгенін айтпағаның өзінде, оны жырлаған кейір жыраулар «халық дүшпаны» есебінде жаламен жазаланып, қамауда өз өмірін өткізді...

Кешегі 80-жылдардың екінші жартысында бұрынғы СССР аймағында болған демократиялық, жариялық бағыты соның салдарынан барлық одақтық республикадардың, соның ішінде Өзбекстан Республикасының да өз алдына тәуелсіз мемлекет болып бой көтеруі қөптеген ұлттық мұраларымыздың, соның ішінде «Едіге»

дастаны сияқты мұралардың да қайта бой тіктең, халықтың көзқарастан қайта бағалануына кең мүмкіндіктер ашып берді.

Осындағы мүмкіндіктердің нәтижесі болса керек, қарақалпақ халық дастаны «Едіге» 80-жылдардың соңынан бастап қарақалпақ фольклористикасында қайта бағалана бастады. Осы жылдары дастанды қайта тіктеу мәселелеріне арналған Қ.Мақсетов, Ә.Алымов, Т.Ниетуллаев, К.Алламбергеновтердің бірқатар мақалалары жарық көрді.

Дастанды халықта қайта жеткізу, оны шынайы ғылыми көзқарастан қайта бағалау жұмыстарында жас та болса талантты ғалым-жазушы, сол уақыттардағы филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңесбай Алламбергеновтің қызметтері айрықша болды.

«Ата-бабамыздан келе жатқан жыраулық мектебінің жанды практикасы жоқ болу алдында. Ал, олардың репертуарынан негізгі орынды иелейтін «Едіге» дастанын репрессияның қанды батпағынан тазалау жұмыстары осы күнге дейін бір жақты болған жоқ»... – деп жанашырлықпен шығып сөйледі ол, 80-жылдардың аяғында «Әмудария» журналында болып өткен бір дөңгелек столда («Әмудария», 1989, № 6. 3-б).

Көп ұзамай ол осы пікірін іс жүзінде батыл түрде дәлелдеуге көшті. «Әмудария» журналына бас редактор болып сайланған ол 1989 жылдан бастап-ақ «Едіге» дастанының қарақалпақ версиясын «қайта тірілтүге» үлкен дайындықтар көре бастады. Журналдың 1989 жылғы сандарында дастанның идеялық құндылығы, көркемдігі жайында, оны репрессия батпағынан тазалап, қарақалпақ халқының ұлттық-рухани мұрасы сипатында ақтау қажеттіктері бойынша Қ.Мақсетов, Қ.Байниязов, Т.Ниетуллаев, Ә.Алымов сияқты ғалымдардың мақалаларын жарияладап, академик С.Камалов пен профессор Д.Насыровтардың «Едігені» жариялауға болады» деген сенім хаттарын алғып, ғылыми-зерттеу институттары мен оку орындары ғылыми Кеңестерінің макұлдаған талқылауарынан өткізіп, соңында «Әмудария» журналының 1990 жылғы №1-2-3-сандарында дастанның 1937 жылда Қ.Айымбетов Москвадан латын емлесінде бастырып шығарған Ерполат жырау вариантын оқырмандарға қайта ұсынды. Осы жылғы «Қарақалпақстан» баспасына да ұсыныс білдіріп, дастанның Ерполат жырау вариантына қоса Қияс жырау вариантын да Қ.Мақсетов, Қ.Байниязов, Т.Ниетуллаев, Ә.Алымовтардың алғы сөз, соңғы сөздерімен өз алдына бір кітап етіп басып шығаруына негіз дайындалған болды.

К. Алламбергенов сол ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында да «Едіге» дастаны бойынша бірқатар ғылыми-теориялық, практикалық жұмыстар алғы барды. Қунделікті баспасөздерде, радиоесіттіру және телекөрсетулерде, ғылыми-теориялық конференцияларда дастанның маңызды мәселелеріне байланысты батыл пікірлер білдірумен қатар, республикалық журналдарда отызға жақын көлемді ғылыми мақалалар жариялады. 1993-1994-жылдары С.Бахадырова, Т.Ниетуллаевтармен бірге дастанның және бір варианты «Тұлым биді» «Қарақалпақстан мұғалімі» журналында өз алғы және соңғы сезімен бастырып шығарды.

Қаһармандық дастан туралы мұндай қаһармандық істер жас ғалымнан халық мұрасының қадіріне жететін садықтықты, ғылыми-теориялық сауаттылықты ғана талап етіп қоймадан, оны қорғап білетін үлкен дәу жүректілікті, батылдықты да талап етті. К.Алламбергеновтің 1995 жылы «Білім» баспасынан бастырып шығарған «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» атты көлемді (14 б.т.) монографиясы ондағы бүл қасиеттердің айқын күесі сипатында жарыққа шыққандай болды. Мұны айтып отырғанымыздың себебі, монография Қазақстан, Орта Азия, Таулы Алтай және Кавказдағы түрлес

халықтар фольклористикасында «Едіге» дастаны бойынша жасалған ең алғашқы ғылыми еңбек болып табылады. Жас ғалым бойындағы Отанға, ұлттық мұраға деген сүйіспеншілік оған осындай ерлік талап ететін сауда іске алғашқылардан болып батыл турде кірісуге кең мүмкіндік берді.

Монографияның және бір маңызы сонда - ғалым «Едіге» дастанының ұлттық версиясы, вариантының салыстырып талдау негізінде дастанның мазмұны және көркемдік ерекшеліктерін, версиялар типологиясын, тарихи негіздерін сенімді дәлелден бере алған.

Ең бастысы, монография ортаға қойған мәселелердің көкейтестілігі, өміршендігі, құрылышы және мазмұнының бір-біріне сай қосақталып келуі, ғылыми-теориялық пікір, болжau және шешім қорытындыларының терендігі, ғылыми мәлімет және сілтемелердің дәлдігімен ажыралып тұрады. Ғалымның көп деректері және ғылыми-теориялық, методологиялық әдебиеттердің құнтыпен үйреніп шыққандығы, оларды өз еңбегінде шығармашылықпен сынни көзқарастан пайдаланғандығы, объектив қатынас жасағаны жұмыстың Kіріспе бөлімінде көзге айқын көрінеді. Ғалым «Едіге» дастанының жиналу, басылып шығу, зерттелу тарихына байланысты езіне дейінгі Ш. Үәлиханов, В. В. Бартольд, П. М. Мелиоранский, И. А. Беляев, А. Н. Самойлович, С. А. Орлов, Б. Д. Греков, Қ. Сәтбаев, А. Ю. Якубовский, В. М. Жирмунский, Х. Т. Зорифов, В. Д. Греков, Р. Бердібаев, А. Шикалиев, Н. Дауқараев, Қ. Айымбетов, Қ. Мақсетовтардың еңбектеріне ғылыми ар-ождан көзқарасынан үлкен құрметпен қатынас жасаса да, олардың барлық пікірлеріне бас июшілік бағытынан бөлек тұрады, кезі келгенде оларды да сынға алып, өз-пікір қорытындыларын ортаға салады. Өсіресе, ғалымның кейбір шовинист орыс ғалымдарымен ғылыми пікір тартысына түсіп, В. Д. Греков, А. Ю. Якубовскийлердің дастанды, дастан кейіпкерлері Өмір Темір, Едіге, Тоқтамыстарды бір жақты бағалаған пікірлері, сынға алынған ескертпелері қолдауга тұрарлық.

Монографиядағы осындай ғылыми деректердің молшылығы және мұқият пайдаланғандығынан болса керек, ғалым жұмыстың «Едіге» дастанының пайда болу деректері және жанрлық белгілерінің жетілу жолдары» деп аталатын бірінші тарауында дастанның ғылыми теориялық мәселелерін біршама сәтті шешкен. Бұл тарауда ғалым дастан пайда болғанға дейінгі және пайда болған дәуірлердегі саяси-қоғамдық, тарихи-әсететикалық, мәдени факторларды терең талдай отырып, фольклористикада дастан теориясы бойынша бұрын айтылмаған қызықты қорытынды пікірлерді алға тартады. Ғалым дастаның В. М. Жирмунскийден бастап айтылып келе жатқан дәстүрлі «қаһармандық дастан» екендігін де, соңғы дәуірлерде кейбір фольклористер мен тарихшылдардың «тарихи дастан» деп бұл терминге енгізген жаңалығын да бекерлемейді, керісінше бұл пікірлерді өзінше дамытып, дастанды жанрлық белгісіне орай «тарихи-қаһармандық дастан» (Алламбергенов: 1995, 54), – деп қорытындылайды.

Ғалымның бұл пікіріне қосылмау мүмкін емес, себебі, оның көрсетуінше, дастанда қаһармандық мотив пен тарихилық мотив басқа жанр тудырушы элементтерге қарағанда басым орынды иелейді. «Дастан тақырыбы сюжеттік мазмұны бойынша бұл мотивтердің екеуіне де тендей жауап береді, тіпті бірін-бірі толықтырып отырады» (Алламбергенов: 1995, 54-55).

Ғалымның көрсетуінше, дастан бұл жанрлық белгілерді жетістіремін дегенише ұзақ жолдарды басып өтеді. Дастаның пайда болуында, өсіресе, түркі тілдес халықтардың дастан жарату дәстүрі мәлім дәрежеде алғашқы идеялық дерек қызметтін атқарады. Бұл дәстүрдің шарттары бойынша бұл эпостық шыгарма халық арасында

бұрыннан бар қандай да бір дайын деректер негізінде келіп шығады. «Едіге» дастаны да, міне, осы эпикалық дәстүрдің шарттарына сай ең алғаш Едігенің көзі тірісінде-ақ Едіге және оның ата-тегінің тегін еместігіне байланысты келіп шыққан миф, ертегі, аңыз-әңгімелер негізінде пайда болған. Соңғы дәуірлерде болса бұл формаларға Едігенің бектігі менен ерлігі жайындағы мақтау жырлары мен жоқтау жырлары келіп қосылған.

«Сөзсіз, дастан өзінің алғашқы келіп шығуында «жыр» жанры сипатында дүниеге келген, - деп шегелейді автор өзінің бұл пікірлерін, - Себебі, «эпос басында ертегі, аңыз шежіре түрінде айтылып, келе-келе көлемді жырға айланған» (Алламбергенов: 1995, 39).

Автордың көрсетуінше, осы тарихи жыр дәуір өткен сайын эпикалық сипаттары аз-кем толысып, көлемді эпос-дастан, эпопея дәрежесіне дейін жетілген.

Галымның осы тарауда және бір көніл аударарлық тұжырымды пікірі-дастанның идеялық деректері туралы ой-пікір қорытындылары болып есептеледі. Бұл пікірлердің қорытындысына қарағанда, «Едігенің» тарихи-қаһармандық дастан, шынайы көркем шығарма сипатында пайда болуында дастан қаһарманы Едіге жасаған замандағы тарихи жағдай тудырған тарихи оқигалар мен тарихи тұлғалардың қоғамдық қайраткерлігі ең басты идеялық тұртқи қызметін атқарған. Ал, ерте дәуірдегі түркі тілдес халықтардың тасқа жазып қалдырған естеліктері мен Шығыс халықтарының ауызша және жазба эпостары - «Қорқыт ата жырлары», «Шаһнама», «Алшамыс», «Қобылан» сияқты дастандардағы әдеби-фольклорлық дәстүрлер, эпикалық мотивтер болса «Едіге» дастанында бұрыннан келе жатқан жол-қаһармандық мотивтің сақталып қалуына берік негіз дайындалған. (Алламбергенов: 1995, 51-52).

Бұл көзқарастан автордың жоғарыда аты аталған шығармалар мен «Едіге» дастанын типологиялық талдау жасаған пікірлерін осы тараудың ең мазмұнды жерлері деп бағаласа болады.

Автор монографияның «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» деп аталатын екінші тарауында осы генезисті анықтау арқылы дастанның қарақалпақ версиясы варианттарының жалпы сипаттамасы мен вариантаралық ерекшеліктерін белгілең береді.

Галым дастанның қарақалпақ версиясының Нұрабылла, Бекімбет, Ерполат, Отенияз, Кәрім, Қияс, Есемұрат, Жұмабай, Жанназар, «Тұлым би» (Өтепов Ақбай) «Едіге» (Н.Дәүқараев), «Эдиге ибн Тұкли Азиз» (Қалімбет-қышишак) варианттарын тұтас талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымды қорытындылар жасай алған.

1. Қарақалпақ халқы XIV ғасырдың соңы XV ғасырдың бастарынан көпшілік түркі тілдес (ногай, башқұрт, татар, қазақ, көшпелі өзбек, таулы алтай) ҳалықтары сияқты «Едіге» дастанының тең дәрежелі шығарушысы және мұрагері. Сондықтан, дастанның Бекімбет, Ерполат, Есемұрат, Отенияз жырау варианттары өздерінің архетипке жақындығы бойынша ең ескі нұсқалар екендігінен дерек беріп тұрады;

2. Қарақалпақ версиясы варианттары басқа ұлттық версиялардан өзінің жанрлық көп түрлілігі бойынша да ажыралып тұрады. Бұл ерекшеліктері бойынша оларды төмендегідей бір неше топтарға бөлуге болады:

1) Дастанның архетипке жақын эпикалық тарихи-қаһармандық варианттары (Бекімбет, Ерполат, Есемұрат, Отенияз т. б. жыраулар варианты).

2) Дастанның архетиптен жырақтап кеткен лиро-эпикалық: қысса және ертегілік эпос варианты («Тұлым би», «Едіге ибн Тұкті Азиз қыссасы», «Едіге» (Н.Дәуқараев варианты).

Ғалым бұл тарауда дастанның қарақалпақ версиясы мысалында идея және тақырып, образ және сюжеттік желі, көркемдік ерекшеліктер мәселесіне де кең түрде тоқтап өткен. Бұл мәселелерді талдау қорытындыларына қарағанда, дастан өз идеясы бойынша халыққа ешқандай жат шығарма емес, керісінше адамзаттың жақсылық, сұлулық, еркіндік, тәуелсіздік, достық-тысқандық жайындағы ең жақсы пікірлерін уағыздайтын аса бағалы туынды. Дастан сюжетіне негіз болған негізгі оқигалар – Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен оның бас әмірі Едіге, Мауереннахр әкімі Әмір Темір арасындағы талас-тартыстар, Әмір Темір мен Едігенің Тоқтамысқа қарсы алғын барған соғыстары, бұл соғыста Тоқтамыстың жеңіліп, Едігенің Әмір Темір жәрдемінде Еділдің жарты жағын беліп алғып, Ноғайлыны өз алдына ел қылыш салтанат құрулары, бұдан кейінгі Едіге – Тоқтамыс арасындағы талас-тартыстардың тарихи шындықтың көркем сәулесі екендігін автор тарихи фактілермен сенімді дәлелдей алған. Ғалымның бұл тараудағы «Едіге - маңғыт руынан шығып, соңынан осы Ноғай (Маңғыт жұрты) мемлекетінің негізін қалаған қоғам қайраткері, тарихи тұлға өзінің этно-генетикалық шығысы жағынан көбірек ноғайлар мен қарақалпақтарға жағын тұрады», - деген пікірлері де қолдауға тұрарлық.

Жұмыстың түркі тілдес халықтар Едігетануында және бір алғашқы ашылу болып қосылатын тарауы - «Едіге» дастаның ұлттық версияларындағы сюжеттік мотивтердің жалпы белгілері және даралығы» деп аталады. Бұл тарауда автор түркі тілдес халықтардың фольклористері арасында алғашқылардан болып Едігенің барлық версиялары бойынша тұтас типологиялық, текстологиялық талдау жасайды. Автор бұл салыстырып талдаулардың нәтижесінде дастанның барлық версиялары алдымен бір деректен келіп шыққандығын, соң уақыт өтуімен әр түрлі дәуір және жағдайларға байланысты версиялану және варианталу құбылыстарына ие болып, ұлттық ерекшеліктерді өз бойына жинақтай бастаганын дәлелдейді. Ғалымның көрсетуінше, бұл версиялардың ішінде архетипке біршама жақыны ноғай, қарақалпақ, қазақ версиялары болып табылады. Ал, дастаның татар, башқұрт, қарақалпақ версиялары өздерінің тарихилық сипатының терендігімен де көзге түседі. Осылардың ішінде қарақалпақ халық дастаны «Едігенің» Қияс-жырау, Өтенияз-жырау варианты өз мазмұндарының толықтығы және композициялық құрылышының кең қамтылғандығымен де жоғарыдағы версия вариантынан біраз өзгеріске ие екендігімен де көңіл бөлерлік.

Қысқасы, К. Алламбергенов бұл монографияда «Едіге» дастанының біртұтас мәселелерін салыстырмалы-типологиялық-текстологиялық талдау тәсілінде ғылыми-теориялық терендікте жоғары дәрежеде сапалылық және саналылықпен шешіп бере алған. Сондықтан да бұл монография тек ғана қарақалпақ фольклористикасында емес, жалпы түркі дүниесі фольклортануындағы ең алғашқы қолемді және құнды еңбек болып табылады.

К.Алламбергеновтың «Едіге» дастаны, Едіге батыр туралы бұл зерттеулері 90-жылдардың екінші жартысында өзінің ең биік шыңына жетті десек қателеспеген болар едік. 1996 жылы «Қарақалпақстан мұғалімі» журналының № 3-4 сандарында «Едіге» дастанының 1903 жылы И.А.Беляев жазып алған Бекімбет жырау вариантын қайта бастырып шығарған К.Алламбергенов 1996 жылдың декабары айында Ташкенттегі Өзбекстан Гылымдар Академиясының Науай атындағы Өдебиет институтының Мамандандырылған кеңесіне «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге» (Генезисі. Жанрлық

белгілері. Ұлттық версиядар типологиясы және поэтикасы) тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғауға ұсынды (Алламбергенов: 1996). Қорғау мәжілісінде өздерінің кызығушылықпен қардай боратып берген сұрақтарына қанағаттанушылық жауап алған Кеңес мүшелері - А.Хайтметов, А.Каюмов, М.Сайдов, Т.Мирзаев, Б.Назаров, Б.Саримсоқов, С.Мирвалиев, Н.Каримов сияқты белгілі ғалымдар оған риза болып, бәрі бірдей тілекtestіk білдіріп, түгел дауыс берді.

- Бағаңыз «айрықша»! - деді жас ғалымның жауаптарына толық қанағаттанған Мамандандырылған кеңес бастығы, көрнекті теоретик ғалым, академик И.А.Сұлтанов. - Рахмет, ұлым! Едіге бабаңыздың рухын шат қылдыңыз! ...

Болашағынан үлкен үміт күттеге тұрарлық қажымас ғалым К.Алламбергеновқа болған бұл баға және тілекtestіk, бір жағынан, Кеңес өкіметі тұсында жарты ғасырдан көп уақыттан бері «феодал тұлға» деп қудалауда болып келген бабамыз Едіге батыр мен ол жайында жырлануы және басылуы қадаған етілген бағасыз рухани байлығымыз «Едіге» дастанына деген тілекtestіk еді. Себебі, болашақ ғылым докторы К.Алламбергенов қорғау уақтында берілген көп сұрақтардың бірі - дастан қаһарманы - тарихи Едігенің түркі халықтар тарихындағы орны туралы олардың көніліндегі сөзді дәл тауып айтып, былайша жауап берген еді:

- Едіге XIV-XV ғасырларда көпшілік түркі халқы Алтын Орда құрамында бір рулық-қауымдық бірлікті күн көрісі, тұрмыс жағдайы, мұны, арманы, алға қойған жақсы ниет, рухани дүниесі бір түркі халқы болып жасап, біртұтас түркі мемлекетін тұзу үшін сырт ел басқыншыларына қарсы бір тән, бір жан болып үздікіз құрестер алып барған қиян-кескі бір дәуірлерде тарихи қажеттіліктерге бола осы аймақтағы халықтардың құрексер көсемі, батыры сипатында тарих сахнасына шыққан тарихи тұлға.

Солай екен, XIV ғасырдың 90-жылдарында Ноғай-Маңғыт жұртын Алтын Ордадан өз алдына мемлекет есебінде бөліп алған ақ маңғыттардан шыққан Едіге XV ғасырдың бірінші ширегінде өзінің Алтын Орданың ыдырау бағытын тоқтатуға, солай етіп, оны бұрынғы монгол-түрк мемлекеті жағдайынан жаңа түркі мемлекетке айналдыруға және берік етуге ұмтылған ұнамды әрекеттерімен енді ол бір этникалық топ, этнос маңғыт көсемі, батыры сипатындағы ұлттық қабығынан шығып, Алтын Орда, Еділ-Жайық, Дешті Қыпшақ далаларындағы бүкіл біртұтас түркі халықтардың ұлы әміршісіне айналды. Сондықтан бабамыз Едіге тек қарақалпақ, яки ноғай халқының емес, осы дәуірлерде Алтын Орда құрамында жасаған қарақалпақ, қазақ, ноғай, башқұрт, татар, көшпелі өзбектер сияқты бүкіл түркі халықтардың ұлы көсемі, батыры, жол бастаушысы, қамқоры және әмірі сипатында бағалануы керек!

К.Алламбергенов Едіге бабамыздың тарихымында тұтқан осы орнын әлі де кеңірек және анығырақ ашып беру үшін бұдан кейінгі жылдарда да барынша ат салысып құресті. Дастан бойынша ұйымдастырылған әр түрлі конференциялар мен шаралардың басы-қасында болып, ғылымға деген жанашырлығын және бір рет дәлелдеді.

2001 жылы дастанның қарақалпақ версиясы бойынша «Қарақалпақ халық дастаны «Едігені» зерттеу мәселелері» атты Халықаралық конференцияның Қарақалпақстанда, Нөкісте өткізілуі үлкен саяси маңызы бар тарихи-мәдени оқиға болды. Конференцияға қатынасқан ғалымдар, әсіресе Бонн университеті профессоры Карл Райхл, Жапониялық профессор Сакай Хироки, Түркиялық профессорлар Яшар Калафат, Бедат Үйғыр, Ташкенттік ғалымдар, профессорлар: Т.Мирзаев, Т.Ширинов, М.Исхаковтар, Қазақстандық академик Р.Бердібаев, Башқұртстандық профессор А.Г.Салихов, Нөкістен академик С.Камалов пен профессорлар Қ.Мақсетов,

С.Бахадырова, К.Алламбергеновтар «Едіге» дастанының қарақалпақ версиясына үлкен мән беріп, оны түркі халықтар версиялары ішіндегі «эпостық биік шыңға жеткен, идеялық-көркемдік жақтан ең жетіскең версия»¹ деп тапты.

Конференциядан соң қонақтармен дөңгелек стол айналасында кішкене сұхбат, пікір алысу өткізілді.

- «Елдің атын ер, ердің атын ел шығарады» деген, - деп салмақпен сөз бастап айналадағыларға сүйсіне қарап қойды Қазақстандық жасы үлкен, көрнекті фольклоршы, академик Рахманқұл ага Бердібаев. - Едіге бабамыздың даңқын және бір рет көкке көтеріп, ел екендігінізді көрсеттіңіз!...

- Асылы, ерлік істі жарыққа шығару үшін ерлік те керек-ау деймін... - деп сөзін жалғастырды біраздан кейін жүзін шетіректе отырған Кеңесбайға бұрып. - Едіге жайындағы еңбегінді оқып шықтым. Ерлік іс істеген екенсің, бауырым! ...

Бұл сөзге осы сұхбатқа қатысқан біздер де күә болдық. Сұхбатта сол уақыттағы Өзбекстан Ғылымдар Академиясы вице-президенті, академик Т.М.Мирзаев пен осы академияның Қарақалпақстан бөлімі президиумы бастығы, академик Т.Б.Ешшановтар төрағасы болып отыр еді.

Әлбетте, К.Алламбергенов және басқа да фольклоршы ғалымдар «Едіге» эпосына зерттеу және насиҳаттау жұмыстарын бұл конференциядан кейін де тоқтатып қалған жоқ. Конференцияға байланысты осы 2001 жылы «Едігенің» көлемі жағынан ең үлкен, мазмұны бойынша ең бай вариантының бірі Өтенияз жырау вариантын баспаға даярлаған профессор С.Бахадырова 2004 жылы «Әмудария» журналының алғашқы сандарында «Едіге» дастанының Жұмабай жырау Базаров вариантын өзі жазған алғы сөзben бірге бастырып шығарды (Дастанның осы жырау жырлаған варианты 1995 жылы профессор К.Алламбергенов тарапынан видеотаспаға түсірілген еді). Бұл вариант 2008 жылы Бонн университетінің профессоры Карл Райхл тарапынан Хельсинкіде (жырау жырлаған видеотаспасы дискімен бірге) ағылшын тілінде өз алдына кітап болып жарияланды. 2008 жылдың жазында «Қарақалпақфильм» киностудиясы Д.Абдуллаев режиссёрлығында, К.Алламбергеновтің ғылыми кеңесінде «Едіге» атты қысқа метражды тарихи-құжатты фильмді суретке түсірді және кино, телеэкран арқылы халыққа тамашалауға ұсынды.

Міне, осындағы Едігені және «Едіге» дастанын насиҳаттаушы шаралық-конференциялардың бірін 2011 жылдың 24-26 қараша күндері көпшілік түркі халықтарының ерте дәуірлердегі ата жұрты есептелген Түркістандағы Түркістан (бұрынғы Яссы) қаласында Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті өткізді¹. Қазақстан Республикасы егемендігінің 20 жылдығына байланысты өткізілген бұл конференция «Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті түсындағы билер институтының маңызы» деп аталып, оған Қытай, Түркия, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Туркістан, Башқұртстан сияқты көп мемлекеттерден көптеген тілші, фольклоршы, әдебиетші, тарихшы, археолог, этнограф, дінтанушы, философ ғалымдар

¹ Қарақалпақ мәмлекеттік радиоситтирий ҳәм телекөрсетій компаниясы архиви: «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге»ни изертлеу мәселелери» Халық аралық конференциясы видео тасмалары. -Нөкис, 5-сентябрь, 2001-жыл.

¹ «Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті түсындағы билер институтының маңызы» атты халық аралық илимий-теориялық конференцияның бағдарламасы. - Түркістан, 2011. Осы конференцияда академиктер Р.Бердібаев, Т.Мирзаевтардан алынған экспресс-интервьюлер. / «Еркін Қарақалпақстан» газетасы, 6 сентябрь, 2001 жыл, № 105 (17542).

қатысты және осы тарауларға байланысты секцияларда қызықты ғылыми баяндамалар жасалды.

Бұл орында айрықша айта кететін бір нәрсе - конференцияда баяндама жасаған және шығып сөйлеген көпшілік ғалымдар Озгул Чабануғлы (Түркия), Б.Каримов (Өзбекстан), Құлбек Ергөбек және Жұбаназар Асанұлы (Қазақстан), С.Бахадырова, К.Алламбергенов (Қарақалпақстан), Г.С.Кунафиннің (Башқұртстан) пікірлері жалпылық мәселелерде бір нүктеде түйісіп, олар Едігениң шығу тегі маңғыттардың ақ маңғыт руынан екендігін, оның XIV ғасырдың соңы XV ғасыр басында, әсіресе Алтын Орданың құлдырау басқышына жеткен соңғы дәүірлерінде бір түркі мемлекетін тұзу, азаттық, тәуелсіздік үшін құрескен түркі халықтардың баршасына да ортақ тарихи тұлға екендігін астын сыйып айттып өтті. Конференция осындай достық, туысқандық ұраны рухында жалғасып отырды.

Конференцияның пленарлық жиналысында «Выражение идей национальной независимости в эпосе «Едиге» тақырыбындағы профессор К.Алламбергеновтың, секциялық жиналыстардағы «Едіге» жырының қарақалпақ нұсқалары» атты профессор С.Бахадырованың, «Қарақалпақ халық дастаны «Едіге»: пайда болу және қалыптасу жолдары, жанрлық белгілері» атты профессор К.Алламбергеновтың баяндамалары, К.Алламбергенов баяндамаларындағы пікірлерді бекітуші слайдтар сипаттында берілген «Қарақалпақ» фильм жемісі «Едіге» қысқа метражды тарихи-құжатты кинофильм, 2008 жылда Карл Райхл тарапынан ағылшын тілінде басылып шығарылған «Едіге» дастанының Жұмабай жырау репертуарының Хельсинки видеотаспасы ленталары, сондай-ақ конференция Концерт бағдарламасында Қарақалпақстан халық жырауы Бақберген Сырымбетов орынған «Едіге» жырының жанды үзіндісі, анығырақ айтқанда, қарақалпақ жыры, қобызы және жырауының жанды үйлесімділігі конференция қатынасушыларында үлкен қызығушылық ояты және оларда «Едіге» дастанының қарақалпақ версиясы көлемі жағынан көп қамтылған сюжеттік мотивтерге ие, мазмұны бай, көркемдігі күшті шынайы ұлы эпос дәрежесіне жеткен, архетипке - туу дерегіне жақын ең ескі нұсқалардың бірі екендігімен ажыралып тұратындығына күшті сенім пайда етті.

Қорыта айтқанда, К.Алламбергенов өзінің ғылыми шығармашылық өмірін Едіге және Едігетанудың ерлік істерімен тығыз байланыстырып жіберген елі сүйген ер жүрек ғалым болып табылады. Оның жоғарыда біз сипаттама берген ғылымдағы басып өткен жолдары - бұл ерліктің анық куәсі.

ӘДЕБИЕТТЕР

Алламбергенов К. (1992), *Дәръя тартылған жыллар*. Романлар. - Некис: «Қарақалпақстан».

Алламбергенов К. (1995), *Қарақалпақ халық дастаны Едиге*. - Некис: «Билим».

Алламбергенов К. (1996), *Каракалпакский народный эпос «Едиге» (Генезис. Жанровые признаки. Типология национальных версий)*. / Автореферат диссертаций на соиск. уч. ст. доктора филол. наук. - Ташкент.

ЯМАН УС (ЕШКІ СУЫ) ЖАЗУЫ/ WRITING OF (GOAT WATER) YAMAN US

Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ^{*}

Түйіндеме

Батыс Монголияның Яман-ус (Ешкі суы) атты жеріндегі бұл жазуды 1973 жылы москвалық археолог Э.А.Новоградова тауып, 1983 жылы Э.Р. Тенишевпен бірге мақала жазып жариялаған еді.

Содан кейінгі жылдары бұл жазуға ешкім көңіл бөлмеген. 2009 жылы автор осы жазуды арнайы іздең барып, жерін тауып, жаңа көшірме жасаған. Бұл жерде (Яман-уста) бір гана мәтін емес 4 мәтін болғанын анықтаған. Автор мәтіннің орнын анықтап, түпнұсқасын, сипаттамасын, оқылымын және аудармасын ғылыми айналымға ұсынып отыр.

Кілт сөздер: Яман-ус (Ешкі суы), Монголия экспедициясы, жазу графикасы, петроглиф, граффито.

Abstract

These writings were found in Yaman-us (goat's water), West Mongolia by archeologist from Moscow E.A. Novogradova in 1973 and in 1983 E.A. Novogradova with cooperation with E.R. Tenishev published article about these writings.

After that these writings were not studied by anybody. But in 2009 the author went to the place and to find these writings and he was able to make copies of them. As it was soon discover these writings from Yaman-us consisted of four manuscripts instead of one as it was stated. The author of this article presents for all scientists and researchers original writings of Yaman-us with description, transcripts for reading and translation.

Key words: Yaman-us (goat's water), Mongolian expedition, Written schedule, Petroglyph, Graffito.

Орны

Алтай тау жотасының солтүстік жағын Монгол Алтайы деп атайды. Осы Монгол Алтайының солтүстік бетіндегі Ховда аймағының Алтай, Үенч сүміндарының шекара қылышында оңтүстік батысынан солтүстік шығысқа бағытталып ағып жатқан бұлақ суын Яман-ус (Ешкі суы) деп атайды екен. Бұлақ қыпшал тар сайдың ішін құалап агады. Аспан тіреген ұлы таулардың арасынан құалап аққан бұлақтан таудың тауешкі, арқарлары су іshedі. Осыған орай «Ешкі суы» аталса керек. Осы бұлақтың батыс солтүстік жағындағы 30 метрге жуық биік жартас бұлаққа тоңіп орналасқан. Мұны жергілікті тұрғын халық «Ханан хад» (Кереге жартас) деп атайды. Жартас бетіне темір дәуірінен бастап б.з. Х ғасырына дейін суреттер және байырғы түрік бітіг жазу,

* филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана/Қазақстан / Doctor of Philology science Professor kharjaubay@mail.ru

таңбалар, ою-өрнектер сыйылған. Координаты: N 46 01'24,7"; E 092°01,8" (GPS өлшемі бойынша).

Зерттеуі

Бұл құндылықтарды алғаш рет Монголия мен Кеңестер Одағының Тарихимәдени мұраларды зерттеу экспедициясы (құрамында археолог ханым Э.А. Новоградова болған) 1973 жылы тапқан.

Э.А. Новоградова осы жартастағы петроглифтерді арнайы зерттеп бірнеше мәрте жариялаган. Ол екі жол байырғы түрік бітіг жазуын көшіріп алғып түріктанушы Э.Р. Тенишевке берген. Кейін Э.А. Новоградова мен Э.Р.Тенишевтің авторлығымен «Новые рунические надписи в горах Монгольского Алтая» деген атпен мақала жарияланды (Тенишев 1983. 205-208). Э.А.Новоградовадан кейін бұл жерге бірде-бір зерттеуші барып қайта қарамаған.

2009 жылдың жазғы маусымында Қазақстан Республикасының Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университетінің «Монголия экспедициясы» Монголияның Баянхонгор, Говьалтай, Ховд аймақтарында жұмыс жасаған еді (экспедиция жетекшісі Қ. Сартқожаұлы, құрамында археолог Ж. Қаржаубайұлы бар-тын). Біздің экспедиция Яман-уста байырғы түркілік екі жазу емес 5 жазу бар екенін анықтады.

Сипаттамасы

Яман-устың алғашқы екі жазуының ортасындағы таңба Э.А.Новоградованаң сыйғанындағы деген “орак” таңба емес байырғы түріктердің үшінші қағанаты – Біріккен түрік қағанаты (уйғур) дәуіріндегі тайпалардың деген таңбасы екені анықталды.

Жартас бетінде темір дәуірінің петроглифтерімен қатар хунну (сюнну), түрік дәуірінің суреттері сыйылған. Онда: түйелер, жылқылар, тауешкі, арқарлар бейнеленген.

Тас бетіндегі суреттердің ішіндегі назар аудартар бір көрініс (сюжет) – атқа жеккен күйме. Күймені үш атқа жеккен. Оның артында бір, алдында бір салт атты бейнеленген. Бұл көріністегі бейнені Э.А.Новоградова сюнну (хунну) дәуіріне жатқызған.

Жартас бетінде , , , , , , сияқты таңбалар және ою-өрнектер қашалған.

Жазу:

таңбаның астынғы және үстінгі жағына екі жол жазу жазылған. Бұл екі жазудың графикасының кескіні екі түрлі. Жазуды бір адам жазбаған. Жазған уақыты (хронологиясы) да әр түрлі болуы мүмкін. Жартас бетіндегі жазулардың өзі әр түрлі. Бірі қоңырқай болса, екіншісі сарғыш, енді бірі ақшыл өнді. Қоңырқай, сарғыш өнді жазулар көнелігін дәлелдейді. Жазулар үшкір үшты сайманмен жартас бетіне сыйып жазылған (граффито).


Жазу №1.

Оннан солға қарай үшкір үшты құралмен жырып жазған. таңбаның төменгі жағына орналасқан бір жол жазуды “Жазу №1” деп белгіледік. Байырғы түріктерде


мәтін жолдарын төменинен жоғары қарай бағыттап жіктейтін (номерлейтін) дәстүр бар. Біз сол дәстүрді ұстандық. Таңба, жазу №1-нің үстіне қашалған. Таңбаның үстіндегі мәтінді “Жазу №2” деп белгіледік.

Жартас бетіндегі №1, 2 жазудың түпнұсқасы:

Түпнұсқа жазу №2



Түпнұсқа жазу №1



Жазу №1. Компьютерлік нұсқасы.

LΛρυ:!^ИИ^ИИ>Λ:NXμoT

Транскрипциясы: Temčin tuγtaγ urty.

Аудармасы: Темчін тұғраны (таңбанды) қашады.

Түсініктеме: Бұл сөйлемді Э.Р. Тенишев, А.Э. Новоградовалар «Темчина ханскую печать я выбил» деп қате аударған (Тенишев: 1983, 207). Мәтінде «Хан таңбасы», «мен» деген жекелеген лексикалар, ұғымдар жок. Аудармашылар «тиугау» атауын «Хан таңбасы» деп қате түсінген. «Тиугау» атауы Орталық Монголиядан табылған б.з. VIII ғ. мұрасы Тәвш жазуында (Сартқожаұлы: 2012, 247) сакталған.

М. Қашқари «tiugay» атауы туралы «Түріктер бұл сөзді білмейді. Мен де білмеймін» - дей келе тек қана оғуз тайпасы қолданатыны туралы жазып қалдырған (Atalay: 1986 т.І. 462).

Э.Р. Тенишев, Э.А. Новоградовалардың түсінгеніндей, б.з. VIII ғасырда «Хан мөрі (печать)» емес тайпа таңбасы аталған. Оның нақты куәсі Тәвш мәтініндегі ақпарат. Онда: «tiugay buryuču žayyz-čor tuγtaγ=Туши (ту ұстаушы) кернайшы Жагыз (Иагыз) - чор таңбасы (тұғрасы)» деп анықтама бере отырып, аяқ жағына [↑] Н таңба қашап қалдырған (Сартқожа: 2012, 270-267).

Рашид-ад-диннің «Жамиғ ат-таварих» шежіресінің Британ музейіндегі қолжазбасында «Оқ туғта оғызбыз» (Оқ таңбалы оғызыбыз) деген ақпарат сақталған. Бұл ақпарат XII ғасыр дерегі (Рашид-ад-дин: И.Ф.В-242, 410-412).

Осы атау туралы В.В. Бартольд: «Автор Монголской эпохи Ибн аль-Муханна приводит в месте на одной и той же странице, слово ярлыктугра, не известно, что слово туугра и потом употреблялось только сельджукскими и, после них, османскими турками и совершенно не было известно в Средней Азии. Вопрос о происхождении этого культурного слова, принесенного огузами в Западную Азию и совершенно неизвестного другим туркам, представлял бы большой интерес для историка (Бартольд: 1968. т. V. с. 102)» деген тұжырым жасаған. Монғол дәүірінде «тиугау» (таңба) атауы «мөр» деген мағынаға ауысқанын В. Бартольд сөз етіп отыр. «Ярлык» - бұл рұқсат қағаз немесе бүтінгі біздің түсінікті лицензия. Осы лицензияға мөр басылған. XIII ғасырда осылайша «тиугау» лексикасы уақыт өте келе «мөр» деген мағынаға ауысқан.

Ал, бүтінгі Түркия түрікшесінде «тиугау» формамен сақталған.

«Тұғрағ» атауына байланысты жоғарыдағы тарихи деректерде оғыздарға қолданатындығы айтылған. Отыз-оғуз ба, әлде бүтінгі монғол жерінде болған ертеорта ғасырлық тоғыз-оғуздардың қайсысы екенін В.Бартольд анық көрсетпеген. Тәвш. I, Яман-ус мәтіндері Кіндік Азияның Тоғыз-оғуздар ортасында бұл атау сақталып үлкен қолданыста болғанын дәлелдеді. «Тұғрағ» атауы сонау Сақ (Скиф), Хунну (Сюнну) дәүірінен жалғасқан құндылық. Байыргы түрік бітіг (руна) жазуының логограмма дәүірінен бермен қарай Көк Түрік қағанаты дәүіріне дейін сабактастығы үзілмей жалғасқан мәдени ұғым екеніне көз жеткіземіз. Б.з. VII-IX ғасырларында Кіндік Азияда (Бүтінгі Монғолия Республикасының жерінде) мекендеген Орхон түріктері бұл атауды құнделікті қолданыста пайдаланған, өздерінің тарихи лексиконы. «Тұғрағ» атауы уақыт өте келе Монғол империясының дәүірінде ақшаның атауына айналған. Бүтінгі монғолдар « tögrög » деп ұлттық ақшасын атайды (Цэвэл: 1966. 548).


Жазу №2

Жазу  таңбасының ұстіңгі жағына ұшты құралмен сыйып (граффито) жазылған. Оңнан солға қарай 6-әріп кескінінен кейін 10 см ашық қалдырып барып 7, 8, 9, 10, 11-әріп кескіндерін сыйып жазған. Алғашқы 6 әріп кескінімен соңғы 7-11 әріп кескіндерінің биіктігі шамалас, шрифтісінде де айырым аз болғандықтан бір жолға қарастырдық. Мәтін қашалған жолдың ұзындығы 31 см-ге созылған. Онымен қатар осы бір жол жазудың алғашқы 1-4 кескіндерінің биіктігі 4,8-4,5 см болса, 5, 6 кескіндер 4,2 см кішірейе бастаган. Сейтіп 7-15 әріп кескіндерінің биіктігі 4,5-2,5 см-ге дейін кішірейіп барып аяқталған. Алғашқы 1-6-әріп кескіндерін бірнеше қайта қабаттап сыйып жазған болса, соңғы 7-15-әріп кескіндерін бір-ақ мәрте сыйып жазған. Бұл арада алғаш тас бетіне жазу жазғанда тастың қаттылығын есепке алмаған. Тәжірибесі жетіспеген. Содан кейін барып әбден тәжірибеленіп, тастың қаттылығын сезгеннен кейін өткір ұшты құрал пайдаланып, бір ғана сыйып әріп кескінде тас бетіне түсірген.

Тас бетінен Э.А.Новоградова 4, 5, 6, кескіндерді теріс көшіріп 7-әріп кескінін тастап кеткен. Соңдықтан транскрипция, аудармасы сын көтермейді.

Эр. Тенишев, Э.А. Новоградовалардың жарияланымы төмендегідей. Онда:

Тұпнұсқасы:



Транскрипциясы: kün qaču sü aγīz ben aγīrdim.

Аудармасы: Как скроется солнце, веду войско, я захворал (Тенишев, 207).

Компьютерлік нұсқасы:

μδρ^{II}; NB^{III}ρ ροXNOK

Транскрипциясы: Kün-čur Arγyz ben aγyrdym.

Аудармасы: Күн-чур Арғыз мен ауырдым.

Жазу №3

№2 жазуының шығыс жағына 20 см-дей алыс жазылған. Жазу жазылған жолдың ұзындығы 17 см, әріп кескіндерінің орташа биіктігі 3,0-3,5 см.

Жазудың түпнұсқасы:



Компьютерлік нұсқасы:

LXυφ^Yθλρ

Транскрипциясы: Ar aluq eŋ žočy.

Аудармасы: Табиги (жабайы) күлгін сұр түсті жоса.

Түсініктемесі:

- «Ar»-күлгін сұры (Rach. I₁₂; МК. I. 79, 80; ДТС.50)
- «aluq»-табиги, қатқыл, қатаң (ДТС. 41; МК.I.67)
- «žoča (joča)»-жоса (охра) казак, қырғыз «yosa», түрк диал DD 3,1541 «yuşa»; MA 211; јоқо Вер (тел); jžožo p III. 444 (тел); соho якут;


Žosa Bäs. VEWT. 128a. [ЭСТИЯ. 1989. 31] бұл деректер түркі-монгол тілдерінде жоčy (žoča)-охра лексиконының кеңінен қолданыста болғанын көрсетеді.

- «ең~өң»-өң (цвет). Кир., каз., ккал., алт., хак., тув., як., Р I. 710; осман турк Р I. 1202; сар., коиб. Р I. 1814;

Жазу №4

Бұл жазу №3-тің шығыс жағында орналасқан. Жазудың жолының ұзындығы 15 см, әріп кескіндерінің биіктігі 2,4-3 см.

Түпнұсқасы:



Компьютерлік нұсқасы:

μΔTBΝΚΡιγλο

Транскрипциясы: Uluγ irkin bitidim.

Аудармасы: Улы іркін мен жаздым.

- irkin=erkin тоғыз оғыз тайпа басшыларының лауазымы.

Жазу №5

Мәтін №3 жазудың шығыс жағына орналасқан. Жазу жолының ұзындығы 40 см, әріп кескіндерінің биіктігі 20-3,5 см. Жазу үшкір ұшты құралмен сыйып (граффито) жазылған.

Жазудың түпнұсқасы:



Компьютерлік нұсқасы:

ηPBXQKμPηTλφγTμΛ

Транскрипциясы: Atum aqyγ. Ž(j)ol teşrim kүč beriŋ:

Аудармасы: Атым Ақығ. Жол Тәңірі күш бергейсің!

Түсініктеме:

1. Тұпнұсқадағы 3-әріп кескінін **ң** деп белгілеген. Осы кескіндегі «q» дыбысын белгілейтін кескін таңбасының екінші аяғы жартылай өшіп қалған. Ту баста тастың бетіне сзып жазғанда шала түскен болуы мүмкін.

2. *jol teŋri* (*žol teŋri*) байырғы түріктердің дүниетанымында кең түрде орныққан ұғым.

Яман-ус (Ешкі сұы) сайдың жартас бетіндегі бұл 5 жазуды әр кезде, әртүрлі адамдар жазған. Жазуда байырғы түріктердің әлеуметтік тарихына, көне дәстүр-салтына, дүниетанымына байланысты сирек кездесетін ақпараттар сақталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

Atalay B. (1986). *Divanü Lugat-it Türk tersemesi*. т.I-IV. Ankara.

Древнетюркский словарь (1969). –Л.

Бартольд В.В. (1968). Сочинения. т. V.

Рашид-ад-дин И.Ф.В. *Жамих ат-тауарих* // Британ музейіндегі қолжазбаның фотокөшірмесі. СССР. ФА. Шығыстану институты. И.Ф.В. -242, 410-412

Сартқожаұлы Қ., Қаржаубайұлы Ж. (2009), 2009 жылғы Монголия экспедициясының есебі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ. Түркітану, алтайтану орталығы. Қолжазба қоры. ТБ. 09.31.

Сартқожаұлы Қ. (2012), *Орхон муралары*. II кітап. Алматы, 2012.

Тенишев Э.Р., Новоградова Э.А. (1983), *Новые рунические надписи в горах Монгольского Алтая* // История и культура Центральной Азии. М., с. 205-208.

Этимологический словарь тюркских языков. -М., 1989.

Цэвэл Я. (1966), *Монгол хэлний тайлбар толь*. УБ., 1966.

Қысқарған атаулар

МК-Махмұд Қашғари

ДТС- Древнетюркский словарь

ЭСТЯ- Этимологический словарь тюркских языков

İLK TÜRKMEN GENERAL VE KATILDIĞI TARİHÎ OLAYLAR / HISTORICAL EVENTS OF THE FIRST TURKMEN GENERAL

Muratgeldi SÖYEGOV*

Özet

Makalede 1918-1920 yıllarında Türkmenistanda gerçekleşen tarihî olaylardan söz edilerek o dönemdeki İç savaşlarda Türkmenler ve İngilizler münasebetinin bazı özellikleri ortaya koyuluyor.

Anahtar kelimeler: Dram, Baş kahraman, Sosyal çevre, Askerî misyon.

Abstract

